



**«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТІ**

**Н.А. АЛДАБЕРГЕНОВА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ АДВОКАТУРА**

**Оқулық**

**Алматы  
2021**

ӘОЖ 347.965 (075.8)

КБЖ 67.75 я 73

А40

**Пікір жазғандар:**

Заң ғылымдарының докторы Шарипов Ш.М.

Заң ғылымдарының кандидаты Алаева Г.Т.

Заң ғылымдарының кандидаты Аскаров Н.

Алдабергенова Н.А.

А40 Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет және адвокатура:  
Оқулық / Н.А. Алдабергенова. – Алматы: «Тұран» университеті, 2021. –  
116 б.

ISBN 978-601-214-480-2

Оқулық Қазақстандағы адвокаттық қызметтің және адвокатураның мәселелерін, оның тарихи дамуын, ұйымдастырылу қағидаттарын, адвокат қызметінің шешендік өнері мен этикалық қызмет негіздерін қарастырады. Адвокаттың нақты іс санаттары бойынша «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» жаңа заң негізінде барлық сот ісін жүргізуге қатысуына байланысты мәселелер қозғалады.

Жоғары оқу орындарының барлық оқу нысаны бойынша «құқықтану» мамандығының білім алушыларына, оқытушыларына, ғылыми қызметкерлеріне ұсынылады.

ISBN 978-601-214-480-2

ӘОЖ 347.965 (075.8)

КБЖ 67.75 я 73

© Алдабергенова Н.А., 2021  
© «Тұран» университеті, 2021

## КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет және адвокатура» оқулығы болашақ заңгер мамандарды адвокаттық қызметке дайындау үшін және адвокатураның жалпы сипаттамасы туралы мәселелерді, Қазақстандағы адвокатураның даму тарихы, оның ұйымдастырылу қағидаттары, сондай-ақ адвокаттық қызметтің шешендік өнері мен этикалық қызмет негіздеріне арналған.

Автормен жалпылама негізде адвокатураның проблемалары, бүгінгі күнгі міндеттері мен оның ары қарай даму жағдайы қарастырылады. Адвокаттың әртүрлі сот ісін жүргізуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысуының мысалдары негізінде жан-жақты ақпарат беріледі. ҚР ҚПК сәйкес адвокаттық қызметтің жаңа түріндегі куәлерден жауап алудың тәсілдері мен жолдары, дәлелдемелерді жинаудың тәсілдері баяндалады.

Қазақстанда болып жатқан саяси және экономикалық жүйені демократизациялау, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретіндегі конституциялық жариялау азаматтардың құқығын қорғау мен заңды мүдделерін білдіруді жүзеге асырумен байланысты құқықтық институттар мен мекемелердің қызметінің түпкілікті түрде қайта құрылуын, олардың жаңаша әдіс-тәсілдермен жұмыс атқаруын қажет етеді. Бұл үрдісте жеке және заңды тұлғалардың құқығын және заңды мүдделерін қорғаумен тығыз байланысты азаматтық қоғамның институты - адвокатураның қызметін жетілдіру аса маңызды рөлге ие.

*Адвокатура — бұл азаматтардың және олардың қауымдастығының негізгі құқықтарын қорғаумен байланысты қызметті жүзеге асыратын маңызды құқықтық институт.* Адвокатураның неғұрлым мықты ұйымдастырылуы мен заңдық тұрғыдан қорғалуы көп жағдайда әрбір адамның әл-қауаттылығы мен кәсіби жетістіктеріне тығыз байланысты деп айтуға болады. Қазақстандағы құқықтық негизізмнің бар болуына байланысты адвокатура мен адвокатқа қатысты негативті көзқарастар әлі де бар деп айтуға болады, әсіресе құқық қорғау органдары тарпынан. Адвокат көп жағдайда қылмыскерді қорғаушы немесе дұрыс емес істі қолдаушы болып қабылданады. Ал адвокатураның негізгі қызметі адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған. Адвокат заңды еркіндіктен қорғайды, сондықтан адвокаттың қызметі нақты азаматтың немесе ұйымның мүдделеріне ғана емесе, жалпы алғанда мемлекеттің және қоғамның жариялық-құқықтық мүдделеріне қатысты болып табылады. Кейінгі кездері бұл жағдайды көп адамдар түсінді, қоғамда адвокатураға деген көзқарас тез болмаса да ақырындап дұрысталып келеді. Осы тұрғыда 2018 жылы «Адвокаттық

қызмет және заң көмегі туралы» қабылданған жаңа заң еліміздегі адвокатураның ары қарай дамуына жаңа серпін береді.

Адвокатура өзінің атқаратын міндеттерінің сипатына, сондай-ақ адвокаттық қызметті жүзеге асыру нысандары мен құрылымдық бөлімшілеріне, кең қызметтік көмек көрсету аясында құқық қорғау органдарымен, клиенттермен ара-қатынасына, құқықтық және әдептік реттелуімен жеткілікті түрде, күрделі әлеуметтік жүйені құрайды, сондықтан да жеке заңдық тәжірибе, оның нысандары, әдістері мен ақы төлеу тәртібі көптеген дауларды туындатады. Өркениетті елдегі адвокатураның рөлі мен әсерін бағаламауға болмайды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, әртүрлі елдегі, әртүрлі дәуірдегі адвокаттар мықты, әсерлі күшке ие болған. Бұл қатарда Ежелгі Римде Цицерон және Гай Юлий Цезарь, Ұлы Француз революция кезеңінде Ж.Дантон,, М.Робеспьер, Америка Құрама Штаттарында А.Линкольн және Т.Джефферсон, Англияда Ю.Дизраэлли және Д.Ллойд-Джордж, Индияда М.Ганди және басқа да өзінің қызметін адвокат ретінде бастаған көптеген көрнекті саяси белсенділерді атауға болады, әрине бұл қызмет олардың ары қарайғы жеке басының, отанының, халқының тағдырына тікелей әсер етті деп айтуға болады. Әрбір өркениетті елдің өзінің заманына сай белгілі, білімді, білікті адвокаттары бар. Осыған қарамастан, адвокатураның проблемаларымен айналысатын заңгерлер арасында адвокатураның міндеті мен қызметіне қатысты елеулі түрде сәйкес келмейтін пікірлер бар. Заң ғылымы әзірге бұған қатысты нақты ұсынымдар бере алмайды, дегенмен бір мәселе анық: адвокатура тұтастай алғанда және адвокат заңды қатаң түрде қорғауға және қандай мақсатпен болса да, оған кімнің тарапынан болса да, мейлі биліктің, мейлі жеке азаматтың қол сұғушылығынан қорғауға міндетті.

# 1 АДВОКАТУРАНЫҢ ТҮСІНІГІ, МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

## 1.1 Адвокатураның түсінігі, оның маңызы мен қызметі

*Адвокат* (латын тілінен *advocates* - шақырылған; ағылшын тілінен *lawyer, barrister, advocate*) – кеңестер, ұсыныстар беру арқылы білікті заң көмегін көрсететін, сотқа дейінгі тергеп тексерудің және соттың кез келген кезеңінде, сатысында айыпталушыны, сотталушыны қорғауды, жәбірленушілердің заңды мүддесін білдіруді жүзеге асыратын заңгер.

Ежелгі Римде (империяға дейінгі кезең) адвокаттар деп істі болған адамдардың, онымен сотқа бірге еріп бару үшін шақырылған туыстарын, достарын атаған. Рим империясы дәуірінде бұл терминмен соттан қорғаушылырды атаған.

Еуропада, ғылымда болсын, батыс еуропалық тілдерде болсын «адвокатура» термині (*advocatio, lawocatio, abogacia, the advocacy* және т.б.) сенім білдірілгендердің түсінігінен ерекшеленетін арнайы кәсіби заңгерлердің қызметі ретінде түсіндіріледі.

Кеңестік кезеңде (1917-1991 жж.) бұл термин жеке және заңды тұлғаларға құқықтық көмек көрсету үшін алқаға біріктірілген кәсіби заңгерлермен түсіндіріледі (құқықтық мәселелерді түсіндіру, келісімшарттар, шағымдар жасау, сотта өкілдік ету және т.с.с.), себебі іс жүзінде адвокаттар алқасы мамандардың кәсіптік негізде құқықтық көмек көрсететін жалғыз нысаны болған.

Қазіргі кездегі ғылымда адвокатура және адвокаттық қызмет аясындағы проблемаларды зерттеумен айналысып жүрген ғалымдардың көпшілігі, адвокаттық қызмет – жеке және заңды тұлғаларға құқықтық кеңес беру, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік сот өндірісінде қорғауды ұйымдастыру мен заңды мүдделерді білдіру арқылы кәсіби негізде көрсетілетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген өзге де заң көмегін көрсету деген пікірмен келіседі.

Адвокаттық қызмет кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Мына тұлғалармен клиенттерге көрсетілген заңдық көмек адвокаттық қызмет болып табылмайды:

- ұйымдардың, мекемелердің құқықтық бөлім қызметкерлері, сондай-ақ мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлері;

- заң қызметін көрсетумен айналысатын арнайы тіркеуден өткен ұйымдардың, серіктестіктердің иелері мен қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер;

- адвокаттық қызметпен байланысты емес, қызметін жүзеге асыру үшін заңмен арнайы уәкілдік берілген нотариустар, патент алған немесе жеке сенім білдірілгендер және басқа да тұлғалар.

Бұл айтылғандар бойынша мынандай қорытындыға келуге болады адвокат – бұл заңмен белгіленген тәртіпте адвокаттық мәртебені және адвокаттық қызметпен айналысуға құқықты иеленген адам.

Адвокат мемлекеттік қызметте бола алмайды немесе басқа да ақы төленетін жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қызмет атқара алмайды. Бұл жөнінде ғалымдардың да, тәжірибемен айналысатын қызметкерлердің де пікірі бір жерден шығады.

Адвокаттардың коммерциялық немесе кәсіпкерлікпен айналысуы туралы даулы пікірлер бар. Бұл мәселе туралы пікірлер әртүрлі. Біздің пікірімізше, адвокаттың кәсіпкерлік қызметпен айналысуы оның ішкі бақылауында, сана-сезімінде болуы қажет және оның шектері адвокаттың этикасымен айқындалуы тиіс.

Адвокаттың құқықтық мәртебесі бізді заманауи «адвокатура» түсінігін тұжырымдауымызға апарды және *адвокатура адвокаттың мәртебесін алған және адвокаттық қызметпен айналысатын адамдардың қоғамдастығы деп айтуға болады.*

Адвокатура мемлекеттік биліктің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құрылымына кірместен, азаматтық қоғамның құралы бола алады және болуы керек, оның көмегімен қоғам мемлекет мүдделері мен жеке азаматтардың мүдделері арасындағы теңгерімді сақтайды. Адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары құндылық болып табылатындығына байланысты, белгілі бір құқықтық механизмдер арқылы шешілетін адвокатураның ең басты міндеті осы болса керек.

Осылайша, Қазақстанның негізі және орталық құқықтық жүйесі адам, оның құқығы мен бостандығын қорғау және адвокатураның міндеті оны барынша жүзеге асыруға жәрдемдесу болуы тиіс.

## **1.2 Авокатураның міндеттері**

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған күш-жігерге қарамастан, заң көмегіне деген қажеттілік өз маңыздылығын жоғалтпайды.

Қоғамдық қатынастардың неғұрлым кең спектрінің нормативтік тұрғыда реттелуі, халықтың құқықтық қатынастарға түсуімен көрінеді (мысалы, жұмыс, оқу мәселелері, медициналық қызмет алуға және қоғамдық бірлестіктердің қызметіне, сайлауға қатысуға байланысты құқықтық қатынастарға халықтың тартылуы). Сондықтан, кез келген адамда білікті заң көмегіне деген ықтимал немесе нақты қажеттілік туындауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12 бабында адам құқықтары мен бостандықтарына берілген мемлекеттік кепілдік, әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын да қамтамасыз етеді.

Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен

қорғауға конституциялық құқығы, осы заңға қайшы келмейтін тәсілдерді білуді ғана емес, сондай-ақ адамның құқығы мен бостандығын қорғаудың механизмдерін де білуді талап етеді.

Заңгерлердің білікті көмегі шағым немесе арызды қарауға уәкілетті органды анықтауда, азаматқа әртүрлі құқықтық сипаттағы құжаттарды дайындауға көмектесуде, сотта өкіл ретінде мүддесін білдіруде, мысалы азаматтық сот ісін жүргізуде талапкер, жауапкер, үшінші тұлға т.с.с. көрінуі мүмкін.

Заң қызметтері министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың, көптеген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің қажетті құрылымдық бөлімшесіне айналды. Онда әртүрлі мамандандырылған заңгерлер, нақты бір мәселелер бойынша машықтанған мамандар қызмет атқарады.

Заң көмегінің кейбір қажетті бөлігі нотариат арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Нотариат туралы заңына сәйкес нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт.

Мысалы, нотариустар, мәмілелерді куәландырады; шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәландырады; мұраға сенімгерлік басқарушыны тағайындайды; мұраға құқық туралы куәліктер береді; ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді; құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландырады; құжаттарға қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады; құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландырады т.б.

Азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсету адвокатураның басым бағыты және міндеті болып табылады. Ол мемлекеттен бөлінген, яғни мемлекеттік органдар жүйесіне енбейді (адвокаттар алқасын құру үшін қандай да бір мемлекеттік органның рұқсаты талап етілмейді), сол арқылы оның тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі: адвокат өзінің қорғауындағы адамның мүддесін қолдап, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес органдардың, қоғамдық құрылымдардың және олардың лауазымды адамдарының мүдделері мен ұмтылыстарына қарсы тұра алады; адвокаттан өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында өзіне мәлім болған жағдайлар туралы куә ретінде жауап алуға болмайды т.с.с.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13 бабында әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бекітілген, бүгінгі күні бұл құқықты нақты жүзеге асыратын адвокатура институты болып табылады.

Бұл адвокаттық қызметке үміткерлерге қойылатын нақты түрде заңмен бекітілген талаптар арқылы жүзеге асырылады: жоғары заң білімі бар, аттестаттаудан және тағылымдамадан өткен, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады.

Сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адам адвокат бола алмайды.

Қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған, сондай-ақ судья лауазымынан босатылған адам шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл бойы;

әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адам;

егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығарылған адам да адвокат бола алмайды.

Сондай-ақ адвокаттарға кәсіби мінез-құлық нормалары бойынша да талаптар қойылады.

Адвокаттар қауымдастығы адвокаттардан осы талаптардың барлығының орындалуын талап етеді, және бұл талаптар бұзылған жағдайда адвокаттарды тиісті түрде жазаға тартады. Бұл жағдай адвокаттармен көрсетілетін заң көмегінің білікті болуын қамтамасыз етеді.

Адвокатураның әлеуметтік рөлі де аса маңызды. Құқықтық мемлекет құру жолындағы талпыныс бағытында адвокатура және оның өкілдері азаматтарда азаматтық қоғамдағы және мемлекеттегі құқық және оның рөлі туралы дұрыс пікір қалыптасыруы керек; адвокатура азаматтық қоғамның құралы деп бекер айтылмайды, сондай-ақ адвокатура мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының жүйесіне енбейді.

Адвокатура туралы бұл пікір бүгін пайда болған жоқ, ол жылдар бойы солай қалыптасқан. Өз кезеңінде адвокатураның белгілі теоретигі Е.В. Васьяковский «жеке тұлғалардың жалдамалы адамдарының емес, қоғамның уәкілетті өкілдерінің адвокаттарды тануы, адвокатураның өмір



сүруіне құқық береді, және осы тұрғыдан ғана оның қажеттілігі дәлелденуі мүмкін» деп атап өткен болатын.

Білікті көмек әсіресе қамауға алынған адамға қажет, өйткені оқшауланған жағдайда тек кәсіби қорғаушы ғана, яғни адвокат, адвокатураның негізгі міндетін – заңдылықтың сақталуына көмектесе алады, егер ол бұзылған болса, өйткені адвокатураның алдында тұрған міндеттерін жүзеге асыру тек заңдылық қағидаты орын алған жағдайда ғана мүмкін.

### **1.3 Адвокаттық қызметті ұйымдастырудың нысандары**

Қазақстан Республикасының территориясындағы экономикалық қатынастардың даму үрдісі адвокатураны ұйымдастырудың жаңа нысандарын құру қажеттілігіне әкелді, өйткені заң консультациялары түріндегі адвокаттық қызметті ұйымдастырудың нысандары жаңа уақыт талабына сәйкес келмеді.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет» туралы заңына сәйкес (күшін жойған) Қазақстанда адвокаттық кеңселер, кабинеттер құрыла бастады, заңнамаға сәйкес олар заңгерлік кеңес беру құқығымен құрылды, бірақ іс жүзінде бұл жаңа, прогрессивті құрылымдар болды.

Заңнаманың масштабтары, экономикалық қызметтің жаңа нысандары, экономикалық құрылымдар мен органдардың тез өсуіне байланысты адвокаттық қызметтің ұйымдастырлуына да жаңа сипаттағы нысандар қажеттілігі туындады.

Коммерциялық банктер, акционерлік қоғамдар мен басқа да экономикалық құрылымдар ұлғайып, білікті заңгерлік көмекке мұқтаждық туындады, сәйкесінше бұл адвокаттардың және олардың құрылымдарын жаңа жағдайларға бейімделуін талап етті.

Адвокаттар көмек сұрап өтініш білдірген адамдардың мәселелерін шешу үшін бірігіп жұмыс істей бастады, және бұл бірігіп жұмыс істеу, адвокаттық кеңселер деп аталды, олар бір-бірімен тек құрамы бойынша ерекшеленді. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, адвокат өз қызметін адвокаттар алқасында құрылатын заң консультациясында не заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асыруға, сондай-ақ өзі дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокаттық кеңсе құруға құқылы

Мұндай адвокаттық құрылымдар адвокаттардан, адвокаттардың көмекшілерінен және техникалық қызметшілерден тұрады.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы заңына сәйкес, адвокаттық қызметті жүзеге асыру аумақтық адвокаттар алқасына міндетті мүшелікпен байланысты. Әрбір адвокат кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында құқықтар мен міндеттері

бойынша бір-бірімен тең дәрежеде. Адвокат бір ғана адвокаттар алқасының мүшесі бола алады.

### **1.3.1 Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру**

Өзінің кәсіби қызметін жеке дара жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адвокат, аумақтық адвокаттар алқасын хабардар ете отырып, адвокаттық кеңсе ашады. Хабарлама жазбаша түрде жасалып, оған адвокат қол қояды және аумақтық адвокаттар алқасына жіберіледі. Хабарламада адвокат туралы ақпарат, адвокаттық кеңсенің мекен-жайы, адвокаттық алқамен байланыс жасау тәртібі және басқа да қажетті мәліметтер көрсетіледі.

Адвокаттық кеңсе заңды тұлға болып табылмайды.

Кәсіптік қызметті заңды тұлға құрмастан, жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу шоттары мен өзге де шоттарға, жеке мөрге, мөртабандарға, жеке бланкілерге ие болуға құқылы.

Өзіне алған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін адвокат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

### **1.3.2 Адвокаттық кеңсе**

Адвокаттық кеңсе коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Адвокаттық кеңсе адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Бірнеше адвокат бірігіп адвокаттық кеңсе құруы мүмкін. Адвокаттық кеңсені адвокаттар алқасының мүшелері құрады. Адвокат тек бір ғана адвокаттық кеңсенің әріптесі бола алады.

Адвокаттық кеңсенің әріптестері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал адвокаттық кеңсе өз әріптестерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Адвокаттық кеңсе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес адвокаттардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты алған кірістері бойынша олардың салық агенті, сондай-ақ клиенттермен және үшінші тұлғалармен есеп айырысу бойынша және адвокаттық кеңсенің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да мәселелер бойынша олардың өкілдері болып әрекет ете алады.

Адвокаттық кеңсе құрған адвокаттар өздерінің арасында қарапайым жазбаша нысанда әріптестік шарт жасасады. Әріптестік шарт бойынша адвокаттар барлық әріптестердің атынан заң көмегін көрсету үшін өз күш-жігерін біріктіруге міндеттенеді. Әріптестік шарт адвокаттық кеңсені мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылмайды.

Егер әріптестік шартта өзгеше белгіленбесе, адвокаттық кеңсенің жалпы істерін жүргізуді басқарушы әріптес жүзеге асырады. Басқарушы әріптес кеңсе құрамына кіретін барлық әріптестерді білдіре отырып, адвокаттық кеңсенің атынан клиентпен заң көмегін көрсету туралы шарт жасасады.

Бір адвокат құрған адвокаттық кеңсе өз қызметін жарғы негізінде жүзеге асырады.

Адвокаттық кеңсенің адвокаты адвокаттық кеңсе мемлекеттік тіркелгеннен және оған қабылданғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасын жазбаша хабардар етуге және адвокаттық кеңсенің әріптестік құжаттарын оның иелігіне ұсынуға міндетті.

Адвокаттық кеңселердің әріптестері салым ретінде енгізген мүлік адвокаттық кеңсеге меншік құқығында тиесілі болады.

Адвокаттық кеңсе әріптестерінің құрамын өзгерту:

- 1) әріптестің шығуы;
- 2) жаңа әріптесті қабылдау;
- 3) әріптестің адвокаттық қызметті Заңда көзделген негіздер бойынша тоқтатуы салдарынан жүзеге асырылуы мүмкін.

Адвокаттық кеңсенің әріптестері:

1) егер адвокаттық кеңсенің жарғысында өзгеше көзделмесе, адвокаттық кеңседен шыққан не адвокаттық қызметті тоқтатқан кезде өздері адвокаттық кеңсенің меншігіне берген мүлік құны шегінде адвокаттық кеңсе мүлкінің бір бөлігін немесе осы мүліктің құнын алуға;

2) адвокаттық кеңсе таратылған жағдайда, оның кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкінің бір бөлігін өздері адвокаттық кеңсенің меншігіне берген мүлік құны шегінде алуға құқылы.

Адвокаттық кеңселерді құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

### **1.3.3 Адвокаттар алқасы**

Қолданыстағы заңға сәйкес он және одан да көп адвокаттар адвокаттар алқасын құруға құқылы. Адвокаттар алқасы адвокаттардың жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін адвокаттар құратын, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, мүшеллікке негізделген және Жарғы негізінде жұмыс істейді.

Адвокаттар алқасының жарғысында:

- 1) адвокаттар алқасының атауы, қызмет нысанасы мен мақсаттары;

- 2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібі;
- 4) адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 5) заң консультацияларын құру және олардың қызмет ету тәртібі;
- 6) мүлікті түзу көздері мен оған билік ету тәртібі;
- 7) мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу тәртібі;
- 8) адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі және соттың, қылмыстық қудалау органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін адвокаттар арасында бөлу тәртібі;
- 9) Адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ереже негізінде адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі;
- 10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тәртіптік жауаптылығы және оған тарту тәртібі;
- 11) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат қозғау тәртібі;
- 12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі;
- 13) адвокаттар алқасы таратылған кезде мүліктің тағдыры көзделуге тиіс.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істейді, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері мыналар:

- 1) адвокаттар алқасының мүшелері адвокаттық қызметті жүзеге асырған кезде оларға жәрдемдесу, кәсіптік көмек көрсету және оларды қорғау;
- 2) адвокаттар алқасы мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;
- 4) алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегінің көрсетілуін және қорғауды ұйымдастыру.

Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады.

Адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасына бірігеді.

Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасының мүшелері төлейтін жарналар, гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.

### **1.3.4 Заң консультациясы**

Азаматтардың заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Оның өз атауы және тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.

Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы айқындайды.

Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші басқарады.

Заң консультациясының негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге де істер бойынша азаматтар мен заңды тұлғаларды қорғау және өкілдікте адвокаттардың қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған заң көмегінің басқа түрлерін ұсыну;

- адвокаттардың қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

- адвокаттардың заңның, адвокаттық этика нормаларының және Алқаның нормативтік актілерінің талаптарын сақтауын бақылау;

- қылмыстық процесті жүргізетін органдардың бюджет қаражаты есебінен адвокатты тағайындау кезінде құқықтық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тегін заңгерлік көмек көрсету.

Адвокаттар алқасының мүшелері адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін заң консультацияларына жіберіледі және бір заң консультациясынан екіншісіне ауыстырылуы мүмкін.

Заң консультацияларында адвокаттардан басқа: 1) тағылымдамадан өтушілер (тағылымдамадан өту туралы келісім негізінде); 2) адвокаттың көмекшісі - жеке еңбек шарты негізінде жұмыс істей алады.

Заң консультациясының мерзімі шектелмейді.

#### 1.4 Адвокаттық қызметтің тәуелсіздігінің кепілдіктері

Адвокаттық қызметті тиімді жүзеге асыру үшін мемлекет адвокатқа ешкімнің тиіспеу кепілдігін қамтамасыз етуі тиіс. Халықаралық құқыққа сәйкес адвокатқа ешкімнің тиіспеуі – бұл халыққа заң көмегін көрсету үшін адвокаттың құқық қорғау қызметіне ұйымдастырушылық-құқықтық кепілдіктер түріндегі кешенді шаралар жиынтығы, бұл өз кезегінде адамның негізгі құқықтарының бірі – қорғалу құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты адвокаттың рөлін айқындайтын халықаралық-құқықтық актілерге назар аударған дұрыс. Бұл 1990 жылы қылмыстардың алдын алу бойынша Нью-Йоркте БҰҰ VIII Конгрессімен адвокаттардың рөлі туралы қабылданған Негізгі Ережелер; 1990 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Гаванада өткен БҰҰ-ның Конгресі қабылдаған қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі заңгерлердің рөлі туралы Негізгі принциптер.

Бұл құжаттарда мемлекеттің үкіметі адвокаттарға мыналарды қамтамасыз ету керек екені көрсетілген:

- өзінің барлық кәсіби міндеттерін қорқытусыз, кедергісіз, уайымсыз және орынсыз араласусыз орындау мүмкіндігі;
- өз елінде және шетелде еркін жүру және клиентке кеңес беру мүмкіндігі;
- мойындалған кәсіби міндеттерге, стандарттарға және этикалық нормаларға сәйкес жүзеге асырылатын кез-келген іс-әрекеттер үшін жазалаудың немесе оған қауіп төндірудің және қылмыстық қудалау, әкімшілік, экономикалық және өзге де санкциялардың болмауы;
- кәсіби міндеттерін орындау барысында адвокаттардың қауіпсіздігіне қатер төнсе, олардың билікпен тиісті түрде қорғалуы тиіс;
- өздерінің кәсіби міндеттерін орындауға байланысты адвокаттар өз клиенттерімен және клиенттерінің ісімен теңдестірілмеуі керек;
- егер адвокат ұлттық құқық нормасымен және оны тәжірибеде қолданудың негізінде адвокаттық қызметті атқарудан шеттетілмесе, сот немесе әкімшілік орган адвокаттың өз клиентінің мүдделерін білдіру үшін құқығын танудан бас тартуға құқылы емес;
- өз міндетін адал атқарған адвокаттың сотта, әкімшілік немесе басқа да заң органдарында кәсіби міндетін атқару барысында, жазбаша немесе ауызша жасалған тиісті мәлімдемелері үшін қылмыстық және азаматтық иммунитеті болуы керек;
- құзырлы билік органдарының міндеті адвокатқа істің ақпараттарымен, құжаттарымен және материалдарымен уақтылы танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету, ал қылмыстық процесте – іс материалдарымен танысу мүмкіндігі тергеу аяқталғанға дейін және істі сотта қарауға дейінгі уақытта қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл ережелерді халықаралық қауымдастық мойындаған және өзін құқықтық мемлекет деп санайтын кез-келген ел өзінің заңнамасын осы нормаларға сәйкес келтіруі керек.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында адвокаттық қызметке мемлекеттің орынсыз араласуынан кепілдік беретін ережелер жоқ деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда адвокатқа қатысты барлық процестік әрекеттерді жүргізу қылмыстық-процестік заңнамасының жалпы нормаларымен реттеледі және адвокаттық қызметтің қоғамдық, жариялық сипатын ескеретін қосымша процессуалдық кепілдіктерді қамтымайды.

Істі жүргізетін адвокат көбінесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тергеуші, оның қызметінің заңдылығын қадағалайтын прокурор және т.б. үшін «қолайсыз» кейіпкер болып табылатындығы сирек жағдай емес. «Қолайсыз» адвокаттан құтылғысы келген құқық қорғау органдары оған «әсер» ету әрекеттерін жасауға тырысады. Бұл кейде адвокаттың мәртебесін өзгерту арқылы іске қатысудан шеттету әрекеттерінде көрінеді, мысалы адвокаттан осы іс бойынша куә ретінде жауап алу, клиентімен оңаша, құпия жағдайда кездесуі үшін заңсыз кедергілер келтіру, құжаттарды заңсыз алып қою т.б., бұл адвокаттың жұмысын қиындатады және азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын бұзады. Осындай жағдайларға байланысты, адвокаттың өзі оның қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық кепілдіктерін қажет етеді.

Адвокатураның қызметін реттейтін салалық жаңа заңда Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылатын адвокаттың кәсіби қызметіне араласуға немесе осы қызметке қандай-да бір жолмен кедергі келтіруге тыйым салатыны нақты көрсетілген.

Адвокат өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде білдірген пікірі үшін тәртіптік, азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуға тиіс емес.

Адвокаттан, оның көмекшісінен, оның тағылымдамадан өтушісінен, адвокатпен еңбектік-құқықтық қатынаста болатын басқа да тұлғалардан, адвокаттар алқасы мен жұмыскерлерінен, сондай-ақ өзінің адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адамнан заң көмегін көрсетуге байланысты мәліметтерді, материалдарды талап етіп алдыруға немесе талап етуге немесе оларды адвокаттың және оның клиентінің келісуінсіз, басқа тәсілмен алуға әрекеттенуге тыйым салынады.

Кәсіби қызметіне байланысты адвокаттың немесе оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне қауіп төнген жағдайда адвокат тиісті уәкілетті органына жүгінуге құқылы, уәкілетті орган қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдауға міндетті.

Адвокатты ұстау, қамауға алу, үй-жайына немесе кеңсесіне, жеке немесе пайдаланатын көлігіне кіру, тінту немесе алып қою, адвокатты

жеке тінту, оның хат-хабарларын, тиесілі құжаттарын алу, мүлікіне тыйым салу, оған қатысты басқа да тергеу немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу сот шешімінің негізінде ғана және осы адвокаттың қылмыстық қудалауына байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Адвокат өзінің кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде өзіне мәлім болған мән-жайлар туралы одан куә ретінде жауап алуға заңмен тыйым салынады.

Мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, осындай жолығулар беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығын шектеуге құқылы емес.

Адвокаттың қабылданған тапсырманы орындау кезінде сотта процестік заңнамада белгіленген тәртіппен адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті компьютерлерді, смартфондар мен өзге де техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және заңды тұлғалар адвокаттың заң көмегін көрсетуіне байланысты сұрау салуына он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

Заңнамада адвокаттың қоғамның, оның ішінде жекелеген азаматтардың мүдделері үшін заң аясында оның қызметін кедергісіз жүргізуін қамтамасыз ететін басқа да кепілдіктер қарастырылуы мүмкін.

## **1.5 Адвокатура қызметінің қағидаттары**

Адвокаттық қызмет қағидаттарына тәуелсіздік, өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру, адвокаттар алқасының қатарына қосылу еріктігі, қызметтің заңдылығы, кәсіптік моральдық нормаларды сақтау кіреді.

Оларды толығырақ қарастырайық.

**1. Тәуелсіздік қағидаты.** Бұл ең алдымен экономикалық тәуелсіздік. Қазіргі уақытта заң тұрғысында жеткілікті түрде рәсімделмеген деп айтуға болады. Болашақта адвокаттық қызмет аясында мемлекеттік саясатқа сәйкес жетілдіруді қажет етеді.

Бұл қағидатты және халықтың қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билік органдары Қазақстан Республикасындағы адвокатураның азаматтарға тегін заң көмегін көрсету шығындарын қаржыландыратын адвокаттарға қажетті кеңсе кеңістігін, коммуникацияларды, кеңсе жабдықтарын және басқа да қажеттіктерді алуға көмек көрсететін адвокаттар қоғамдастығының тәуелсіздігіне кепілдіктер жасауы керек.

Айта кететін жайт, адвокатура мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне кірмейді, оларға бағынбайды және тек заңмен бақыланады. Қолданыстағы заңға сәйкес адвокаттар алқасы мүшелерінің



саны, штаты, кірістер мен шығыстар сметасы атқарушы органдармен бекітілмейді.

Әділет министрлігінің адвокаттарға сыйақы төлеу ережелерін белгілеу жөніндегі функциялары шектеулі, өйткені адвокат пен клиент арасында келісім болған жағдайда, сыйақы мөлшерін олар анықтайды.

Яғни, елімізде жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформасының нәтижесінде адвокатура біртіндеп тәуелсіздікке ие болып, адвокаттық қоғамдастықтың өзін-өзі басқару қағидасы заң негізінде нақты мәнге ие болуда.

Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, адвокатураның қызметіне прокуратура, соттар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді.

## **2. Өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру қағидаты.**

Адвокатураны адвокаттардың жалпы жиналысында таңдалған органдар басқарады. Жалпы жиналыс таңдаған органдардың мәртебесі әр түрлі болуы мүмкін (төраға, меңгеруші және т.б.), бірақ олардың міндеті – адвокаттық құрылымдардың қызметін ұйымдастыруды және басқаруды жүзеге асыру (үй-жайларды, байланыс құралдарын таңдау және т.б.). Адвокаттық қызметті жүзеге асыру барысында әрбір адвокат тәуелсіз және тек заңға ғана бағынады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасының мүшелері төлейтін жарналар, гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.

Адвокаттар алқасының ортақ мұқтаждарға арналған шығындарына оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, адвокаттар алқасы аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалатын шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

## **3. Адвокаттар алқасына қосылу ерікті түрде азаматтың адвокат болуға, заңмен бекітілген міндеттемелерді, талаптарды өз еркімен орындауға және заңмен немесе корпоративтік актілермен қарастырылған рәсімдерден өтуге келісімі (мысалы, біліктілік емтиханын тапсыру, тағылымдамадан өту, мерзімді аттестациялаудан өту, ай сайынғы мүшелік жарнаны төлеу, үнемі кәсіби біліктілігін арттырып отыру т.с.с.), сонымен қатар адвокаттың кәсіби этикалық нормаларды сақтауды білдіреді.**

Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады. Сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адам адвокаттар алқасына мүшелікке қабылданбайды.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Адам адвокаттар алқасынан шығарылып, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясын сақтап қалған жағдайда, ол шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін адвокаттар алқасына қайта қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

**4. Қызметтің заңдылығы.** Бұл қағидат өзіне ерекше назар аударуды қажет етеді. Заңның талаптарын қатаң сақтау адвокат пен адвокатура қызметінің міндетті шарты болып табылады.

Бұл адвокаттың адамның кез келген мүдделерін емес, тек қана заңды мүдделерін, шынайы (жалған емес) құқықтарын қорғауға шақырылатындығын білдіреді. Қорғаудың құралдары мен әдістері тек заңға негізделуі керек.

Клиенттің мүддесі үшін адвокат жалған құжаттарды, жалған дәлелдемелерді құқық қорғау органдарына ұсынуға, куәгерлер мен жәбірленушілердің оларды шындықтан алшақтатуға және жалған айғақтар беруге итермелеу мақсатында әрекет етуге және т.с.с. заңсыз әрекеттер жасауға құқығы жоқ. Бұл адвокаттың клиенттің «қызметшісі», «құлы» емес екенін, оның құқықтық ұстанымнан алшақтамауын, қорғау құралдарын, тәсілдерін дербес таңдағанын білдіреді. Адвокаттың ұстанымы клиентке зиян тигізбеу, әрқашан өзіне көмек сұрап өтініш білдірген адамның заңды мүдделерін қорғаушы болып қала беру сипатында болуы керек. Сондықтан да адвокат өзіне өтініш жасаған тұлғамен заң көмегін көрсету туралы өз атынан жазбаша шарт жасау заң жүзінде бекітілген. Адвокат көрсететін заң көмегінің нысаны, адвокаттың міндеті мен құқықтары, клиенттің құқықтары мен міндеттері, көрсетілген заң көмегіне ақы төлеу шарттары т.с.с. заң көмегіне қатысты маңызды мәселелер осындай шарт аясында қамтылады.

**5. Кәсіптік моральдық нормаларды сақтау қағидаты.** Біз бұл жерде адвокаттың этикасы туралы айтып отырмыз, яғни, адвокаттармен жасақталған ішкі факторлар; жан-дүние саласы, ақыл-ой өресі, бұл туралы нақты пікір жоқ, және бұл мәселе әрі қарай қарастырылатын болады, өйткені қоғамдық қатынастардың бірқатар реттеушілерінде мораль өте маңызды орын алады.

Адвокат моральдық тазалық пен мінсіз мінез-құлықтың үлгісі болуға, өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруға, өз деңгейін көтеріп, іскерлік беделін үнемі бақылауда ұстауы тиіс, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы адвокатының антын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға міндетті.

Мұның бәрі адвокаттардың этикасы аясын қамтиды, біз адвокат қызметі үшін және тұтастай алғанда адвокатура үшін маңыздылығын ескере отырып жеке қарастырамыз.

## 2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДВОКАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда біз Адвокатура институтының шығу тегін Рим Республикасының кезеңіне және сот төрелігіндегі жарыссөздің пайда болу кезеңіне қатысты айтқанымыз жөн.

Орыстың белгілі зерттеушісі Е.В. Васковскийдың айтуынша, адвокат - «қоғам қайраткері», адвокат кәсібі - «қоғамдық қызмет», ал адвокатура - «жариялық құқық институт».

Қоғамның әділ сот төрелігіне ұмтылуы, жариялы сот және жеке адамның мүдделерін қорғау адвокатура сияқты институттың пайда болуына бастама жасады.

Адвокатураның тарихы ғасырлар тереңіне кетеді. Бұл институттың пайда болуы объективті қалыптасқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени алғышарттарға байланысты болды.

Адвокатура институтының тарихи маңызы туралы айта келе, дәстүрлі түрде зерттеушілер адвокатура институтын талдау кезінде оның соттың қылмыстық және азаматтық істерді қарауы мен шешуі кезінде рөліне баса назар аударатынын атап өткен жөн. Дегенмен, бұл құқықтық институттың мәні әлдеқайда кең. Оның бар болуын құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өмір сүруінің қажетті шарты ретінде бағалаған жөн. Адвокатура мемлекет мәлімдеген құқықтарды жүзеге асыруға, бұзушылықтан қорғануға мүмкіндік береді.

Егер қоғам құқықтық тәртіптің болуын қаласа, онда биліктен тәуелсіз қорғауды жүзеге асыратын институттың да болуына мүдделілік танытуы тиіс деген пікірмен келіспеу қиын.

Отандық адвокатураны қарастыру кезінде Қазақстанда кәсіби адвокатураның қалыптасуы осы институттың Ресейдегі қалыптасу тарихымен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн.

Тарих көрнекті адвокаттардың есімдерін сақтап қалды, олар тек қана кәсіби заңгерлер ғана емес, сонымен бірге әділеттілікті қолдаған қоғам қайраткерлері, мысалы, А.Ф. Кони, өзінің прогрессивті идеяларымен патша шенеуніктерінің зұлымдығының құрбандарының құқығын қорғаудағы соттағы керемет сөз сөйлеу шеберлігімен белгілі болған, бұдан басқа олардың сөз сөйлеулері мен шығармалары орыс қоғамында прогрессивті көңіл-күй құруға ықпал еткен, өз дәуірлерінің мықты адвокаттары (ғалымдары) болған Н.Карабчевский, Ф. Плевако, В. Спасович, А. Урусов, С. Неклюдов т.б. атап кетуге болады.

Осы саладағы зерттеушілер Ресей империясының классикалық Адвокатурасының тарихы 1864 ж. сот реформасынан кейін басталады деп санайды, бұл тұста заң шығарушы тарапынан процеске жарыспалылық бастаулары енгізілген, тараптардың құқықтары теңдестірілген және сот

билігі әкімшілік биліктен бөлінген, Ресейде прокуратураның ұйымдастыру-құқықтық және функционалдық мәртебесі өзгертілген, анықтау және тергеу тәртібі өзгертілген.

Аталған реформаларға дейін қылмыстық істер тергеу және жасырын іс жүргізу тәртібімен жүргізілген. Сот мүшелерінің бірі алдын ала тергеу актілерін қарап, олардан алып үзінділер жасап, ол соттың басқа мүшелеріне ұсынылған және үкім шығару үшін процессуалдық негіз болған. Ақиқатты анықтау үшін ең маңызды кезең болып табылатын сот тергеуі болған жоқ. Сотта куәдан жауап алу туралы да, дәлелдемелерді әзірлеу туралы да сөз болған жоқ. Әрине, адвокаттардың процеске қатысуы мүмкіндігі туралы мүлде мәселе болған жоқ. Оларға тек сотталушылардың орнына бірінші инстанцияда аяқталған аз маңызды істерде "жазбалармен қолжазбаларды" жасауға уәкілеттік берілген.

Сот ісін жүргізуді дамытумен қылмыстық сотта құқық қорғау институтының алғашқы көріністері туындайды, оны сотталушыға прокурорлар және т.б. қамтамасыз етті. Сотталушының мүдделерінің сақталуын қадағалау міндеті айыпталушы қатысты сол тектік-топтық немесе ведомство өкілдерінен сайланған депутаттарға жүктелді. Депутаттар тергеуге қатысты, оның дұрыс өндірісін байқады, ал қажет болған жағдайда өз пікірін айта алады. Прокурорлар мен стряпчиктердің сотқа сотталушының кінәсіздігі туралы өз қорытындыларын ұсынуға құқығы болды.

Бос уақытта немесе отставкада болғанда жоғары емес дәрежелі мемлекеттік қызметшілер адвокаттық практикамен айналысты. «Адвокат» терминінің өзі бірінші рет 1716 жылы Петрдің Әскери Жарғысында айтылған.

Қазақстандағы адвокатура институты өте күрделі қалыптасу тарихы бар. Бұл 1867-1868 жылдардағы реформалар барысында ұлттық және діни ерекшеліктерді ескере отырып, нақты істерді шешкен билер соттары мен қазылар соттарының сақталуымен түсіндіріледі. Дауларды шешу кезінде билер соты әдет-ғұрып құқығы пен шариғат нормаларын, ал қазылар соты – шариғат ережелерін басшылыққа алды.

XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы сот жүйесі 1886 және 1891 жылдардағы Түркістан және дала өлкелерін басқару туралы жаңадан бекітілген Ережелерге сәйкес құрылды. 1898ж. сот реформасы адвокатураның қызметін реттеуді көздеді, сол арқылы қазақ әдет-ғұрып құқығының әрекет аясын тарылтады. Ресей империясының сот билігі Қазақстанның барлық халқына қолданылды, осыған байланысты сот ісін жүргізуге алқабилер белсенді тартылған.

Сонымен қатар, адвокатура институты қазақ қоғамында белгілі тарихи дәстүрлерге ие болды. Бүгінде белгілі қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар көздері қазіргі Қазақстан аумағында Ресей империясының

отарлауына дейін, кейбіреулері XX ғасырдың 20-шы жылдарына дейін сақталды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы, адвокатура қызметінің ұйымдық-құқықтық және функционалдық негіздері саяси оқиғалар нәтижесінде сот жүйесі мен алқабилер жойылған кезде 1917 жылдың күзіне дейін өзгеріссіз қалды.

Осылайша, адвокатура институтының барлық элементтері қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне, саяси, экономикалық және мәдени жағдайларға, сондай-ақ уақыттың тиісті кезеңдерінде алғышарттар болған құқықтық негіздерге сәйкес дамыды.

1922 жылғы Адвокатура туралы ереже халыққа құқықтық көмек көрсету үшін мемлекеттік органдардың басшылығымен өзін-өзі басқару негізінде құрылған қылмыстық және азаматтық істер бойынша қорғаушылардың алқаларын ұйымдастыруды қарастырды. Алқаның басқарушы органдары жалпы жиналыс пен президиум болды. Алғаш рет адвокаттардың міндеттері анықталды, олардың негізгі мақсаты қызметкерлерге құқықтық көмек көрсету үшін төралқа ұйымдастыратын консультацияларға қатысу болып табылады. Біріншіден, осы уақыттан бастап адвокатураны қоғамдық ұйым ретінде сипаттауға болады, екіншіден, адвокатура туралы кейінгі заңнама оны қоғамдық ұйым ретінде құрудың негіз қалаушы принциптерін өзгертпеді, тек оның қызметінің демократиялық қағидаттарын жетілдірді деп айтуға болады.

1922 жылдан бастап Кеңестік Ресейдің, содан кейін КСР Одағының адвокатурасы ұйымдық құрылымда (жергілікті жерлерде заң кеңестерімен республикалық, облыстық, аймақтық адвокаттар алқаларын құру) және кадрлық қамтамасыз етуде маңызды жолдардан өтті. Бірте-бірте "негізсіз азаматтарды" және өзге де құқық қорғаушы-энтузиастарды жоғары, әдетте, заң білімі бар мамандар ығыстырды.

1939 жылдың 16 тамызында КСРО Халық Комиссарларының Кеңесі алғаш рет адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің өзекті мәселелерін шешкен адвокатура туралы жалпы одақтық ережені қабылдайды.

Күдіктінің және айыпталушының тергеудің бастапқы кезеңдерінде айып тағылған кезде қатысуға, күдіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысуға, сондай-ақ олардың қатысуымен жүргізілетін өзге де тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға, ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен танысуға құқық алған кәсіби қорғаушысы пайда болды; іске қатысуға жіберілген сәттен бастап қорғаушы ұсталған немесе күзетпен жүрген күдіктіден немесе айыпталушыдан бірінші жауап алынғаннан кейін олардың саны мен ұзақтығын шектемей, онымен оңаша кездесуге құқылы болды.

1990 жылғы 10 сәуірдегі "КСР Одағы мен одақтас республикалардың қылмыстық сот ісін жүргізу негізіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" КСРО заңы маңызды актіге айналды, оны іске асыру

адвокаттардың, сондай-ақ қорғалушы адамдардың құқықтық жағдайын айтарлықтай өзгертті.

Қазақстанда адвокатура институтын реформалаудың негізгі кезеңдерін белгілей отырып, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы күшіне енгенге дейін (яғни 28 қаңтарға дейін) 1978 жылғы 20 сәуірдегі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі Заңы) қолданыста болғанын атап өткен жөн. Осы Конституцияның 55 – бабында: "жеке адамды құрметтеу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау-барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдардың міндеті. Қазақ КСР азаматтарының ар-намысы мен қадір-қасиетіне, өмірі мен денсаулығына, жеке басының бостандығына және мүлкіне қол сұғушылықтан сот арқылы қорғалуға құқығы бар". 158-бап айыпталушыға қорғау құқығын қамтамасыз етуді көздеді.

1991 жылы егеменді ұлттық деңгейде азаматтардың тең құқықтары мен міндеттері бекітілді. Атап айтқанда, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 6-бабында былай делінген: "республика азаматтарының ұлтына, діни сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, Қызмет түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан тең құқықтар мен міндеттерге ие. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген және оның азаматтары болып табылмайтын адамдар Республиканың заңдарында және мемлекетаралық шарттарында белгіленген алып қоюларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және мемлекетаралық шарттарында белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады".

Адвокатураның қызметін реттейтін кеңес заңнамасында қалыптасқан озық идеялар мен ережелердің дамуын талдау бұл ережелер егеменді Қазақстанда адвокатура институтын одан әрі дамыту және жетілдіру үшін негіз болғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында адвокатураның қызметін құқықтық тұрғыда реттейтін «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы 2018 жылғы 5 шілде қабылданған заң қолданысқа ие.

## **2.1 Адвокатура туралы халықаралық заңнама**

Қарастырылып отырған құжаттардың ішінде 1945 жылы 26 маусымда қабылданған БҰҰ Жарғысы ерекше орын алады. Ол әртүрлі ұлттардың адамдарының жынысына, тіліне, дініне қарай бөлінбестен, адам құқықтары құрметтелетін және заңның үстемдігі сақталатын жағдай жасау құқығын жариялады.

1948 жылы желтоқсанда Бас Ассамблея Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады, онда заң алдындағы баршаның теңдігі қағидаттары бекітілді, кінәсіздік презумпциясы, бейтарап және ашық сотқа жүгіну құқығы, ең бастысы, әр түрлі елдердегі ұлттық адвокатураның қызметі үшін маңызды болып табылатын қорғау кепілдіктері бекітілді.

Келесі маңызды құжат 1966 жылы 19 желтоқсанда Нью-Йоркте қабылданған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт болды. Бұл Пакт алдыңғы құжаттардың негізгі ережелерін растады және оларды егжей-тегжейлі сипаттады. Бұл Пактіде не туралы айтылды? Біріншіден, ол әрбір адамның бостандыққа және жеке басына ешкімнің тиіспеу құқығын бекітті. Ешкімді өз еркімен тұтқындауға немесе қамауға алуға болмайды. Тек заңда белгіленген негіздер мен тәртіпті қоспағанда, ешкімді де бас бостандығынан айыруға болмайды. Екіншіден, оны қамауға алу себептері тұтқындау кезінде тұтқындалған әрбір адамға хабарлануы керек және оған тағылған кез-келген айып жедел түрде мәлімделуі керек керек. Үшіншіден, қылмыстық іс бойынша қамауға алынған немесе ұсталған әрбір адам шұғыл түрде судьяға немесе заң бойынша сот билігін жүзеге асыруға құқығы бар басқа лауазымды тұлғаға жеткізілуі керек. Ұсталған немесе қамауға алынған адамдар ақылға қонымды мерзімде соттық талқылауға немесе босатылуға құқылы. Сонымен бірге, сот талқылауын күтіп отырған адамдарды қамауда ұстау жалпы ереже болмауы керек, бірақ босату сотқа келуге кепілдік ұсынуға, соттың кез-келген басқа сатысына келуге және қажет болған жағдайда үкімді орындауға келуге байланысты болуы мүмкін. Қорытындылай келе, заңсыз тұтқындаудың немесе ұстаудың құрбаны болған кез-келген адам өтемақыға құқылы. Осы жағдай билік органдарына заңсыз және негізсіз тұтқындаулар үшін жауапкершілікті үнемі есте сақтауы керек екендігін қатаң естерттеді.

Келесі маңызды құжат 1950 жылы Римде қабылданды. Ол Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция деп аталды. Бұл құжат, атап айтқанда, әр адамның бостандыққа және жеке басына қол сұқпаушылық құқығын растады. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, ешкімді де бас бостандығынан айыруға болмайды. Конвенция қылмыс жасағаны үшін айыпталған әрбір адамның келесідей құқықтары бар деп жариялады: а) тағылып отырған айыптың сипаты мен негізі туралы түсінетін тілде жедел және мұқият хабарлануға; б) қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндіктерге ие болуға; в) жеке өзі немесе өзі таңдаған қорғаушы арқылы өзін қорғауға немесе сот әділдігінің мүддесі үшін егер, қорғау көмегіне ақы төлеуге жеткілікті қаражаты болмаса, қорғаушының тегін көмегін алуға құқылы.

Аталған Конвенцияға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді (21.09.1970, 20.12.1971, 01.01.1990, 6.11.1990, 25.05.1992,



11.05.1994). Бұл өзгерістер Конвенцияның тірі механизм екенін, оның жұмыс істейтінін және практикалық қолдану кезінде анықталған кемшіліктердің жойылатындығын көрсетеді.

1988 жылы желтоқсан айында БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен «Тұтқындаудың немесе қамауға алудың кез-келген түріндегі барлық адамдарды қорғау қағидалар жүйесі» бекітілді. Осы қағидалар жүйесіне сәйкес, кез-келген ұсталған адам адвокаттың заң көмегіне жүгінуге құқылы. Ұсталғаннан кейін көп ұзамай оған өзінің құқығы туралы құзырлы орган хабарлайды және оған осы құқықты жүзеге асыру үшін ақылға қонымды мүмкіндіктер беріледі. Егер ұсталған адамның таңдаған адвокаты болмаса, ол барлық жағдайларда, адвокаттың қызметіне ақы төлеу үшін қаражаты жетпесе де, ақы төлемей-ақ өзіне сот немесе басқа да орган тағайындаған адвокаттың қызметтерін пайдалануға құқылы.

Аталған қағида бес тармақтан тұрады: 1) ұсталған немесе қамалған адамның адвокатпен байланысу және кеңес алу құқығын қамтамасыз етеді; 2) ұсталған немесе қамауға алынған адамға өзінің адвокатымен кеңесуі үшін қажетті уақыт пен жағдайлар қамтамасыз етілуі керек; 3) тұтқындалған немесе қамалған адамның адвокатпен жүздесуі, кеңес алу және онымен кідіріссіз немесе цензурасыз және толық құпиялылық жағдайында кездесуі, заңмен белгіленген немесе заңмен белгіленген ерекше жағдайларды қоспағанда, уақытша тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін емес, егер сот немесе басқа да органның пікірі бойынша, бұл қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау үшін қажет болған кездерді қоспағанда; 4) ұсталған немесе қамалған адам мен оның адвокаты арасындағы кездесулер құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне оларды көруге, бірақ оларды тыңдамауға мүмкіндік беретін жағдайларда өткізілуі мүмкін; 5) ұсталған немесе қамауға алынған адамның адвокатымен арақатынасы, егер ол жасалған немесе қасақана жасалған қылмысқа қатысы болмаса, айыпталушыға немесе қамауға алынған адамға қарсы куәлік ретінде пайдаланыла алмайды.

1996 жылы ақпанда Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті «Азаматтық, сауда-саттық және әкімшілік істер бойынша құқықтық көмек туралы» қарар қабылдады (18.02.1996ж. №76). Бұл құжатты қабылдаудың мақсаты әл ауқаты нашар және әл-ауқатсыз адамдардың сот төрелігіне қол жеткізуіндегі экономикалық кедергілерді жою болып табылады. Бұл құжат үкіметтерге барлығына өз азаматтарымен бірдей шарттарда құқықтық көмек көрсетуді ұсынады.

Еуропалық Адам құқықтары сотының 1998 жылғы 4 қарашада қабылданған регламентінде әр тараптың кеңесшілер мен адвокаттардан көмек алуға құқығы бар екендігі туралы ереже бекітілген. Заңгерлердің өздері бұл процесстен алшақ емес. БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі VIII конгресі (Гавана, 1990 жылғы 27 тамыз - 7 қыркүйек) заңгерлердің рөліне қатысты негізгі

қағидаларды қабылдады. Бұл қағидаттар мүше елдер орындауға тиісті бірқатар ережелерде де тұжырымдалған. Бұл ережелер мыналарға қатысты: заңгерлер мен заң қызметтеріне қол жетімділік; қылмыстық сот төрелігіне қатысты арнайы кепілдемелер; біліктілік және кадрларды даярлау; функциялар мен міндеттер; заңгерлердің өз міндеттерін орындауына кепілдіктер; пікір және қауымдастық бостандығы; заңгерлердің кәсіби бірлестіктері; заңгерлер өз міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда қолданылатын тәртіптік шаралар.

1990 жылы тамызда Нью-Йоркте БҰҰ-ның VIII конгресінде адвокаттардың рөлі туралы негізгі ережелер қабылданды.

Аталған құжаттар қазіргі кезде ұлттық заңнаманы жасақтаудың құқықтық негізі болып табылады.

## **2.2 Адвокатура туралы қазақстандық және корпоративтік заңнама**

Адвокатура туралы Қазақстандық заңының негізі келесі құжаттарда қаланды: 1. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы декларация (1991 ж. 22 қарашада РСФСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған); 2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995ж. ҚР Конституциясының 13 бабы әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығын бекіткен. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. 16 бап ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалану құқығын бекітеді. Осыған ұқсас ереже Құқықтар мен бостандықтар декларациясының 37 бабында да бекітілген. Екі құжатта да бекітілген нормалар қызметтерге емес, құқықтық көмекке қатысты. Бұл жағдайда көмек білікті болуы керек, яғни оны тек мамандар көрсете алады. Бұл көмекті көрсетудің процедуралық мәселелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде анықталған.

Қазіргі кезеңде «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заң Қазақстандағы адвокатура қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады. Заң адвокаттар алқасы, адвокаттық кеңселер, заң консультациялары, адвокаттардың құқықтары мен міндеттері туралы барлық мәселелерді қамтиды. Адвокатураның қызметіне байланысты бірқатар мәселелер заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің нұсқауларымен де реттеледі.

Корпоративтік актілерге адвокаттар алқасының жарғысы, жалпы жиналыстар (конференциялардың) шешімдері, төралқаның, тексеру комиссияларының актілері және т.б. кіреді. Адвокаттар мен адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшелерінің тәуелсіздігінің артуына

байланысты корпоративтік актілердің рөлі артып келеді деп айтуға болады.

### **2.3 Қазақстан Республикасында адвокатураны ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының салалық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында адвокаттар алқасы құрылады. Адвокаттар алқасы білікті заң көмегін көрсетуді, оның бүкіл Қазақстан бойынша халыққа қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында құрылады; Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру; мемлекеттік органдарда, жергілікті билік органдарында, қоғамдық бірлестіктерде және басқа ұйымдарда адвокаттардың мүдделерін білдіру және қорғау; адвокаттық қызметті жүзеге асыруға рұқсат берілген тұлғалардың кәсіби дайындығын бақылау және адвокаттардың кәсіби әдеп кодексін сақтауы бойынша жұмыстарды да атқарады. Адвокаттар алқасы – адвокаттардың бір ғана адвокаттар алқасына міндетті мүшелігіне негізделген мемлекеттік емес, коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады. Адвокаттар алқасы «Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңында көзделген осы типтегі ұйымдар үшін жалпы ережелер негізінде әрекет етеді. Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс. Адвокаттар алқасын адвокаттардың құрылтай жиналысы (конференциясы) құрады. Адвокаттар алқасы дербес балансы бар заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есеп айырысу және басқа банктік шоттар ашуға құқылы, сондай-ақ өз атауы бар мөрі, мөртаңбалары және бланкілері болады. Адвокаттар адвокаттар алқасының міндеттері үшін жауап бермейді, ал адвокаттар алқасы адвокаттардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Адвокаттар алқасы мемлекеттік тіркеуге жатады, ол адвокаттардың құрылтай жиналысының (конференциясының) шешімі негізінде және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуге тиіс, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол салалық Заң талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамасы бойынша құрылады.

Адвокаттар алқасы органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері адвокаттар алқасының барлық мүшелері үшін міндетті болып

табылады. Адвокаттар палатасы өз атынан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы емес.

Адвокаттар алқасының жоғары органы – мүшелердің жалпы жиналысы (конференциясы) болып табылады. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы санының немесе тиісінше, адвокаттар алқасы мүшелері конференциясының сайланған делегаттары құрамының үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға құқықты.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) адвокаттар алқасының төралқасы кемінде жылына бір рет шақырады. Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы отыз күн ішінде адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақыруға міндетті.

Жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне жатады: 1) адвокаттар алқасының жарғысын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдау; 2) адвокаттар алқасының төралқасын, төралқа төрағасын, ревизиялық комиссиясын, ревизиялық комиссия төрағасын, тәртіптік комиссиясын, адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының төрағасын сайлау; 3) адвокаттар алқасының жарғысында көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту; 4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасының басшылары мен жұмыскерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту; 5) адвокаттар алқасының төралқа мүшелерін, төралқа төрағасын, басқа да сайланбалы органдарының мүшелері мен төрағаларын мерзімінен бұрын кері шақыртып алу; 6) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді; 7) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есепті бекіту.

Адвокаттар алқасының жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

Жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдері отырысқа қатысқан адвокаттардың (конференция делегаттарының) қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Адвокаттар алқасының атқарушы органы – төралқа болып табылады. Адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Дәл сол бір адамдар адвокаттар алқасының төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттар алқасының төралқасының өкілеттіктері:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокаттар бюджет қаражаты есебінен көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақырады және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) адвокаттардың кәсіптік және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) адвокаттардың қызметі туралы олардың қорытылған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

6) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен шағымдарды (ұсынуларды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) адвокаттарға аттестаттау жүргізуді және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) Заңда көзделген негіздер бойынша лицензияға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқа адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-

ресурстарында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

12) оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

13) кодификациялық-анықтамалық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлейді және басып шығарады;

14) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

15) нысанын Республикалық адвокаттар алқасы бекітетін адвокат куәлігін береді;

16) адвокаттар алқасының қаражатына жарғыда айқындалған және адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) айқындаған тәртіппен билік етеді;

17) бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептілікті, іс қағаздарын жүргізуді және бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

18) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

19) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

Сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам бір мерзімнен артық адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы лауазымын атқара алмайды.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы алқаның жарғысына сәйкес мынандай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқа, адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді, адвокаттар алқасы аппаратының жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген, сондай-ақ шығарылу себептерін көрсете отырып, адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған лицензиаттар туралы

мәліметтердің лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқасының қызметі туралы есептің Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есептің аумақтық әділет органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа да өкілеттіктері адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мен оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын адвокаттар алқасының органы болып табылады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің қатарынан құрылуы мүмкін. Ревизиялық комиссияның мүшелері адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) екі жылдан аспайтын мерзімге сайланады және алқаның жоғары басқару органына есеп береді.

Дәл сол бір адам адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының кез келген уақытта адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар. Адвокаттар алқасының органдары адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша тексеруге қажетті құжаттарды ұсынуға және ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепке міндетті түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижелерін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырады.

Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасы мүшелерінің кезекті жалпы жиналысына (конференциясына) есеп ұсынады.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының жұмыс тәртібі, есеп ұсыну мерзімділігі адвокаттар алқасының жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалады.

Адвокаттар алқасында адвокаттардың тәртіптік комиссиясы құрылады.

Адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелерін, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тартуды адвокатураның тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімдеріне шағымдарды да қарайды, тәртіптік практиканы қорытады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы сайлайтын және оған есеп беретін, Республикалық адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының құрамына Республикалық адвокаттар алқасының ұсынуы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар алты адвокат, уәкілетті орган ұсынған жұртшылықтың үш өкілі, отставкадағы екі судья енгізіледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады. Дәл сол бір адам адвокатураның тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды. Адвокатураның тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі екі жылды құрайды.

Адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелерін, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тарту Заңда белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелеріне, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелеріне мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдануға құқылы: 1) ескерту; 2) сөгіс; 3) қатаң сөгіс.

Егер істі қарау нәтижелері бойынша тәртіптік комиссия жауаптылыққа тартылып жатқан адамды адвокаттар алқасынан шығаруға негіздер бар екенін анықтаған жағдайда, ол тиісті адвокаттар алқасына адвокаттың алқадағы мүшелігін тоқтату туралы мәселені қарауды тапсырады.

Адвокаттар алқасының мүшені алқадан шығару туралы шешіміне адвокаттар алқасының төралқасы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағым жасалуы мүмкін.



Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды қарау нәтижелері бойынша адвокатураның тәртіптік комиссиясының:

- 1) шағымды – қанағаттандырусыз, ал адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыруға;
- 2) адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгертуге;
- 3) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім қабылдауға;
- 4) істі адвокаттардың тиісті тәртіптік комиссиясына жаңадан қарауға жіберуге және адвокаттардың тәртіптік комиссиясын белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеуге құқығы бар.

Егер адвокатураның тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі. Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы, отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

Адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін адвокаттар алқасының әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) оның басқару органдарының шешімдері бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) және (немесе) шешімдерге Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтуға құқылы.

Адвокаттар алқасының төрағасы адвокаттар алқасын мемлекеттік органдармен, жергілікті билік органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және басқа ұйымдармен, сондай-ақ жеке тұлғалармен қарым-қатынаста білдіреді, адвокаттар алқасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сенімхаттар береді және адвокаттар алқасының атынан мәмілелер жасайды, адвокаттар алқасының мүлкін басқарады, адвокаттар алқасы аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады және өз өкілеттігі шегінде басқа да жұмыстарды атқарады.

Төраға, сонымен қатар адвокаттар алқасының органдарының басқа да мүшелері, адвокаттық қызметті бір мезгілде атқара алады, бұл жағдайда заңгерлік көмек көрсеткені үшін клиентпен келісімшартта көрсетілген көлемде адвокаттық сыйақы алуға құқылы.

Заңға сәйкес кім адвокат бола алады? Адвокат - заңда белгіленген тәртіппен адвокат мәртебесін және адвокаттық қызметпен айналысуға өкілеттік алған адам. Адвокат құқықтық кеңестер бойынша тәуелсіз кеңесшісі деп айтуға болады.

Адвокаттың, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің және коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметпен

айналысу жағдайларынан басқа, ақылы қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

Адвокат көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға ол мұқтаж болып тұрған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

Қылмыстық істер бойынша кәсіптік қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады. Адвокаттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ егер бұл қабылданған тапсырманы орындауға қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасы мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмесе, оның шегінен тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының территориясында шетелдік адвокат қызметін Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыра алады.

## **2.4 Адвокаттың құқықтары мен міндеттері**

Азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысатын адвокаттың, сондай-ақ қылмыстық процестегі және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сенім білдірушінің өкілі немесе қорғаушысы ретіндегі адвокаттың өкілеттіктері Қазақстан Республикасының тиісті іс жүргізу заңнамасымен реттеледі. Заңда қарастырылған жағдайларда адвокаттың өкілеттігі тиісті адвокаттық ұйым беретін қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады. Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаның нысанын, оның ішінде оған енгізілетін мәліметтердің тізбесін Республикалық адвокаттар алқасы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді. Басқа жағдайларда адвокат сенім білдірушінің мүдделерін сенімхат негізінде білдіреді. Адвокаттан және оның сенім білдірушісінен адвокаттың іске кірісуі үшін заңгерлік көмек көрсету туралы шартты талап етуге ешкімнің құқығы жоқ. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет ете отырып, процестік заңға сәйкес:

1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде, заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;

4) процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға

және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген кезден бастап жолығулардың санын, ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға ие болуға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;

8) егер бұл анықтау алдын ала тергеу жүргізу кезінде, сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

11) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

12) заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Адвокаттың: мүдделер қақтығысы болған кезде; процестік заңнамада көзделген, адвокаттың іске қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде заң көмегін көрсетуіне тыйым салынады. Бұл жағдайларда адвокат заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

Адвокаттың іс бойынша көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттігін өзі мүдделерін қорғайтын немесе білдіретін тұлғаға нұқсан келтіріп пайдалануына тыйым салынады.

Адвокат Заңда көзделген мән-жайлар болмаған кезде қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқылы емес және қорғалатын тұлғаның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша сот төрелігіне сай емес үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Адвокат адвокаттар алқасында, Республикалық адвокаттар алқасында және адвокаттардың халықаралық қоғамдық бірлестіктерінде

ақы төленетін сайланбалы немесе тағайындалатын лауазымға сайлануға құқылы.

Адвокат:

1) өзінің кәсіптік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы адвокатының антын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға;

3) адвокаттар алқасының мүшесі болуға;

4) өзінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыруды жүзеге асыруға;

5) клиентке адвокаттар алқасына мүшелігі туралы ақпарат беруге;

6) клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің оны көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;

7) клиенттің талап етуі бойынша адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға;

8) клиенттің талап етуі бойынша онымен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;

9) заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға және оларды көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария етпеуге;

10) клиенттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекетті орындауға;

11) клиенттің талап етуі бойынша заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты орындау туралы есеп ұсынуға;

12) клиенттің талап етуі бойынша заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде не электрондық құжаттар нысанында сақтауға;

13) өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;

14) адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін, сондай-ақ коммерциялық ұйым құрылғаннан кейін бір ай ішінде, өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті (акциялар пакетін) және пайдаланылуы кіріс алуға алып келетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқару шарты нотариаттық куәландырылуға жатады. Адвокат өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлік басқаруға бермеуге құқылы. Адвокаттың сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға берілген мүліктен кіріс алуға құқығы бар;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында және заң көмегін көрсету туралы шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Адвокат шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға осындай көмек көрсету нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті.

Адвокат кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаған кезде заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес.

Өзінің кәсіби міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін адвокат заң бойынша жауаптылықта болады.

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Заңға сәйкес адвокат адвокаттық құпияны сақтауға міндетті.

Адвокаттық құпияны адвокатқа өтініш жасау фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен және басқа да тұлғалармен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделерінде қабылданатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды.

Адвокаттан өзінің кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде өзіне мәлім болған мән-жайлар туралы одан куә ретінде жауап алуға заңмен тыйым салынады.

Адвокаттар, олардың көмекшілері, тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адам заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға құқылы емес.

Адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады. Адвокаттық құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

Адвокаттар, олардың көмекшілері, тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері адвокаттық құпияны сақтау, оның ішінде оны санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа ретте, адвокаттық іс қағаздарын жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы жете тексерілуге, қарап-тексерілуге, алынуға, алып қойылуға және тексерілуге жатпайды.

## 2.5 Адвокат мәртебесін алу және тоқтату

Қазақстан Республикасында адвокат мәртебесін жоғары заң білімі бар адам алуға құқылы. Аталған адам сонымен қатар заңда көзделген мерзім шегінде тағылымдамадан және аттестаттаудан өткен болуы керек.

Сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адам адвокат бола алмайды.

Қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы; теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған, сондай-ақ судья лауазымынан босатылған адам шығарылған (босатылған) күннен бастап бір жыл бойы; әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы; адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адам; егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығарылған адам да адвокат бола алмайды.

Адвокаттық қызметтің кәсіптік білімдері мен практикалық дағдыларын меңгеру мақсатында адвокаттар алқасымен тағылымдамадан өту туралы шарт жасасқан, жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі болып табылады.

Тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам адвокаттар алқасының төралқасына тиісті құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен жүгінеді.

Адвокаттар алқасының төралқасы өтінішті қарау нәтижелері бойынша: 1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы; 2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдаманың ұзақтығы алты айдан бір жылға дейінгі мерзімді құрайды. Тағылымдама кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Тағылымдаманың нәтижелері бойынша тағылымдамадан өтушінің жетекшісі қорытынды жасайды және оны бекіту үшін адвокаттар алқасының төралқасына береді. Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдама материалдарын қарау қорытындылары бойынша тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекіту не тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тағылымдамадан ойдағыдай өткені туралы қорытынды адвокаттар алқасының төралқасы бекіткен күннен бастап үш жыл бойы жарамды болады. Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім уәжді болуға тиіс және оған Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Тағылымдамадан өтпеген адам тағылымдамаға жалпы негіздерде қайта жіберіледі.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

Адвокаттың көмекшісі мен тағылымдамадан өтушісі адвокаттық қызметпен дербес айналысуға құқылы емес.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды ескере отырып, адамды аттестаттау комиссиясы аттестаттауға жібере алады.

Адвокат мәртебесін беру туралы шешімді аумақтық әділет органдарының жанынан құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия қабылдайды

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан ойдағыдай өткеннен кейін адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам өтініш беру кезінде аттестаттаудың жүргізілетін орнын, күнін және тілін (қазақ немесе орыс) айқындауға құқылы.

Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары ұсынылған құжаттармен бірге өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталына келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оларды қарамастан, қайтару себебі туралы хабарламамен бірге үміткерге қайтарады.

Комиссия үміткердің аттестаттауға жіберу туралы өтінішін күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия қарау қорытындылары бойынша үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы уәжді шешім шығарады.

Егер үміткер Заңда белгіленген талаптарға сай болмаса, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет

органдары өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей үміткерге жібереді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттау жүргізілерден күнтізбелік он күн бұрын оның жүргізілетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы хабардар етеді.

Өтініш заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы берілген және үміткер адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкес келген кезде, заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі аттестаттау жүргізу үшін үміткерлердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады және оның жүргізілетін орнын, күнін, уақытын және тілін (қазақ немесе орыс) растайды.

Аттестаттау жарты жылда бір рет өткізіледі. Аттестаттау мынадай екі кезеңнен тұрады: 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындығын кешенді компьютерлік тестілеу; 2) қажетті көздерді пайдалана отырып, істің мән-жайларын талдау бойынша практикалық тапсырма.

Уәкілетті орган белгілеген кешенді компьютерлік тестілеудің шекті балын жинаған үміткер кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

Комиссия екінші кезеңнің нәтижелері бойынша үміткердің аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы уәжді шешім шығарады. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешіміне уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Аттестатталғаны туралы шешім шығарылған күнінен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Заңдардың қағаз мәтіндерін пайдалануға болатын аттестаттау жүргізудің екінші кезеңін қоспағанда, аттестаттау жүргізу кезінде үміткердің анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына рұқсат берілмейді. Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, комиссия үміткерді ағымдағы аттестаттаудан шеттетеді. Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен үш ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

Адвокат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қосымша рұқсатсыз немесе ескертусіз адвокаттық қызметті жүзеге асыруға құқылы.

Адвокат мәртебесі өтініш берушіге шектелмеген мерзімге беріледі және адвокаттық қызметте болудың белгілі бір жас мөлшері де шектелмейді.

Адвокатқа нысанын Республикалық адвокаттар алқасы бекітетін адвокат куәлігі беріледі. Куәлік - адвокат мәртебесін растайтын жалғыз құжат болып табылады. Адвокат тек бір ғана адвокаттар алқасының



мүшесі бола алады, бірақ өз қалауымен бір адвокаттар алқасынан, басқа адвокаттар алқасына ауыса алады.

Адвокаттың мәртебесі (оның ішінде адвокаттық қызметті жүзеге асыруды қоса алғанда) келесі себептер бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін: 1) адвокат мемлекеттік қызметте болғанда; 2) ол Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, тұрақты немесе жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарғанда; 3) адвокат мерзімді әскери қызметті өткергенде; 4) адвокат өз қызметін адвокаттар алқасына берілген өзінің өтініші негізінде тоқтата тұрған кезеңде.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы мынадай жағдайларда көрсетілген мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін: 1) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айыру туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанда – шешім қабылданғанға дейін; 2) адвокатты қылмыстық-процестік заңға сәйкес қылмыс жасауда айыпталушы деп танығанда – үкім заңды күшіне енгенге дейін; 3) біліктілікті арттырудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен астам уақыт дәлелсіз себеппен бұзғанда не оны өтуден бас тартқанда – бұзушылық жойылғанға дейін, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге; 4) адвокат мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) көрсеткенде – алты айға; 5) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғанда – алты айға; 6) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен де айналысқанда – алты айға тоқтатыла тұрады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдарының ұсынуы, Республикалық және аумақтық адвокаттар алқаларының өтінішхаты негізінде лицензиардың шешімімен жүзеге асырылады.

Лицензиардың адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімінде лицензияның қолданысын тоқтата тұру себептері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Адвокат лицензиясының қолданысын тоқтата тұру лицензиар адвокаттық

қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тыйым салуға алып келеді.

Қабылданған шешім туралы адвокат, адвокаттар алқасы, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары және соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган хабардар етіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы немесе қайта бастаудан бас тарту туралы шешімге адвокат сотқа шағым жасауға құқылы.

Қажет болған және клиент келіскен жағдайларда, адвокаттар алқасы адвокатының адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы тоқтатыла тұрған клиентті заң көмегімен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

Адвокат мәртебесі келесі негіздер бойынша тоқтатылады: 1) адвокат заңды күшіне енген сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабарсыз кетті деп танылғанда; 2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқанда; 3) адвокат қайтыс болғанда; 4) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылғанда; 5) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенде; 6) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру, бұдан басқа, мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: 1) адвокат кәсіптік міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін өрескел не бірнеше рет бұзғанда; 2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындауы мүмкін болмағанда; 3) Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Заңының 43-бабы 3-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған мән-жайлар жойылмағанда; 4) адвокаттың лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес немесе қасақана бұрмалаған ақпарат ұсыну фактісі анықталғанда; 5) қатарынан отыз алты ай ішінде лицензияның қолданысы Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Заңының 43-бабы 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша үш рет тоқтатыла тұрған жағдайларда, лицензиардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Лицензиар сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі

лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары, соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және негіздерде жүзеге асырылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

### **3 АДВОКАТУРАНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ**

#### **3.1 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам**

Құқықтық мемлекет туралы пікірталастар орын алғанда азаматтық қоғам және оның мемлекетпен байланысы туралы мәселелер әрдайым өзекті деп айтуға болады. Қоғамдық және жеке, қоғам және мемлекет, құқық және мораль, зайырлық және діни және т.б. бөлінулерінің нәтижесінде азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет орта және ортағасырлық теократия идеалына қарсы реакция ретінде пайда болды және дамыды деп айтуға болады. Дін, мораль, ғылым, өнер өз қызметінің саяси табиғатынан бас тартқанда ғана толық және шынайы сипатта өмір сүре бастайды. Мұның бәрі саяси саладан (жария құқықтан) діннің, ғылымның, әдебиеттің, өнердің жеке мүдделері саласына (жеке құқық), қоғамның әлеуметтік-мәдени және рухани дамуын жүзеге асыруға арналған мекемелер мен ұйымдардың барлық жиынтығына шығаруға ықпал етті. Бұл таптық көзқарас, идеология, саясаттандыру, үкіметтің араласуы, әсіресе мемлекеттік бақылау жасауға зиян келтіретін салалар болып табылады.

Азаматтық қоғам өзінің қазіргі заманғы түсінігінде мемлекеттің ақылға қонымды араласуымен ақылға, бостандыққа, құқыққа және демократияға негізделген адамдардың өмір сүруінің қажетті және ұтымды тәсілі болып табылады. Кезінде Кант моральдық автономия түсінігін ендірген болатын, оған сәйкес, қоғамның мемлекетке қарамастан, жеке адамды жалпы қабылданған моральдық нормаларды сақтауға мәжбүрлейтін құралдар мен санкцияларды иелену жағдайында ғана құқықтық тәртіп туралы айтуға болады. Моральдық автономия адамның қадір-қасиеті мен ізгілігін сақтай отырып, әлеуметтік институттардың, биліктің, басқалардың пікірлерінің еркіндігінен арылуға және өмірдің қиыншылықтары мен қауіп-қатері алдында ұстамдылықты жоғалтпауға мүмкіндік береді. Дәл осындай рөлді атқара алатын азаматтық қоғам институттары олар: отбасы, мектеп, шіркеу, мешіт, ерікті ұйымдар мен одақтар т.с.с.

Мұндай функция, мәні бойынша, мемлекет үшін бөтен, жат болып табылады және азаматтық қоғам институттары өздерінің қабілетсіздігін көрсеткен жағдайда ғана оны жүзеге асыруы мүмкін. Егер азаматтық қоғам институттары жоғарыда көрсетілген «Канттық» мағынада заңдылық пен тәртіпті сақтай алмаса, мемлекет және оның құқық қорғау органдары болашақта азаматтық қоғамның қауіпсіздігін мемлекет қауіпсіздігіне алмастыруы мүмкін рөлді атқарады. Алайда, бұл ұғымдар сәйкес келмейді: белгілі бір мағынада олар қарама-қайшы. Мемлекеттік қауіпсіздікті

конституциялық қатынастарды қолдау, мемлекеттік билікті нығайту, экономикалық күштілік, заңдылықты, аумақтық тұтастықты және шекаралардың мызғымастығын нығайту сияқты параметрлермен сипаттауға болады. Олар саяси тұрақтылықты қауіпсіздіктің ажырамас параметрі ретінде анықтайды. Қауіпсіздіктің ерекше факторы ретінде заңдылық танылады. Бұл фактор көптеген адамдармен құқықтық мемлекеттің негізін қалаушы қағидат ретінде қарастырылады және екі құрамдас бөліктен тұрады: заңның үстемдігі және құқықтың заңға сәйкестігі. Бұл компоненттер бір қарағанда қарапайым, бірақ мағыналық сипаты зор болып табылады. Ол нені білдіреді? Біріншіден, мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде тек заңды басшылыққа алуы керек және бұл заң халыққа түсінікті болуы керек, заңды халық өкілдері (парламент) қабылдауы керек және осы заңды халықтың өзі де (немесе кем дегенде едәуір көпшілігі) сақтауы керек. Бұл жерде заңды қабылдау тәртібі маңызды рөл атқарады. Заңды жоғарыда айтқанымыздай, өкілді орган қабылдауы керек, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек және түсінікті және саналы түрде тұжырымдалуы керек.

Заң - мемлекеттегі ең тұрақты құжат деп айтуға болады (жарлықтар мен қаулылардан айырмашылығы), өйткені оны қабылдау немесе күшін жою заңда белгіленген тәртіппен парламент депутаттарының дауысы негізінде жүзеге асырылады.

Заң үстемдігі қағидасының екінші ережесі - құқықтың заңға сәйкестігі - бұл мәселе күрделі, өйткені заңдарды жазып қана қоймай, сонымен қатар халықтың құқықтық мәдениеті деңгейіне сай болуын қамтамасыз ету қажет, бұл мәселе Қазақстан үшін ерекше өзекті болып табылады. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Қазақстанда жедел дамыған құқықтық нигилизм тереңдей түсуде және қоғамдық дамудың тұрақсыздығын тудыратын бұл тенденция әлі жойыла қойған жоқ. Сонымен бірге құқықтық мемлекеттегі саяси тұрақтылықты қоғамның ішкі күштері құратын азаматтық белсенділіктің арқасында ұлттық дамудың тұрақтылығының көрсеткіші ретінде қарастырған жөн.

Тоталитарлық мемлекетке тән мемлекеттің қауіпсіздігі азаматтық қоғам өмір сүруінің барлық өмірлік жағдайларын қамтымайды, мұнда азаматтық қоғамның қауіпсіздігі туралы мәселе мүлде туындамайды. Мұнда мемлекеттік билік бір және бөлінбейді; бүкіл мемлекеттік аппаратпен жүзеге асырылады. Бірыңғай мемлекеттік билік негізінде мемлекеттік органдардың әртүрлі топтары жұмыс істейді, оларды үш, төрт, бес және алты топқа бөлуге болады. Бұл тәсіл мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуі үшін декорация жасайды, мемлекеттік биліктің мәнін түсінуді және нақты билік кімнің қолында екенін түсінуді қиындатады: өкілді органдардың немесе партиялық-мемлекеттік бюрократияның қолында ма. Мұндай тұжырымдама тоталитарлық мемлекеттегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сипатына ие болды, ол құқық

тәртібін бұзушылықтардан қорғау, адамдардың мінез-құлқының мемлекет белгілеген заң талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекеттік қауіпсіздік пен азаматтық қоғам қауіпсіздігі арасындағы қауіпсіздікті бөлу проблемасы мемлекеттік билікке қатысты туындаған жоқ. Мұның бәрі түрлі заңдармен бекітілген түрлі мемлекеттік органдар арасындағы құқық қорғау қызметін жүзеге асыру жөніндегі «іскерлік еңбек бөлінісіне» айналды. Нәтижесінде, мұндай қауіпсіздік тұжырымдамасы мүдделерді үйлестіруге емес, ішкі және сыртқы мәселелерді қалай шешуге болатындығы туралы билік идеяларына негізделді; құқықтық тәртіпті қорғау репрессияға бағытталды, бұл әсіресе шаруашылық мәселелерде байқалды. Осыған байланысты нарықтық экономика жүйесінде құқық қорғау органдарының рөлін анықтау мемлекеттің де, мемлекетсіз өмір сүре алмайтын азаматтық қоғамның да қауіпсіздік тұжырымдамасын реформалаудың маңызды мәселесі болып табылатыны анық.

Бұл рөлді құқықтық мемлекеттің маңызды қағидаттарының бірі - билікті бөлу қағидасымен бекіту керек. Мемлекеттік билік атқарушы, заң шығарушы және сот билігі болып бөлінеді. Сондықтан, мемлекеттік билік қызметінің шекараларын нақты анықтау және оның өкілеттіктерін айқындау, дағдарыс жағдайында және заң шығару саласындағы іс-қимыл бағытын анықтауда өте маңызды мәселе болып табылады.

А.Бланкенагель бұл мәселеге ерекше назар аударды, ол өз жұмысында заң шығарушы билік пен нормашығармашылықтағы атқарушы билік шекараларының шегін анықтаудың маңыздылығын атап өтті.

Еліміздің негізгі заңына, Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген заңдардың рөлін күшейту елдегі саяси жағдайдың тұрақтылығына жағымды әсер етеді, бұл сөзсіз экономикалық өсуге әкеледі, экономика тек саяси тұрақтылықпен дамиды, бұл өз кезегінде мемлекет қауіпсіздігіне, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға ықпал етеді.

Осылайша, құқықтық мемлекет дегеніміз – бұл құқыққа бағынатын мемлекет, ал құқық азаматтық қоғамның бақылауында деген тұжырым жасауға болады.

### **3.2 Қазақстандағы адвокатура қызметінің конституциялық негіздері**

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге бағытталған күш-жігерге қарамастан, заң көмегіне деген қажеттілік өз маңызын жоғалтпайды. Қоғамдық қатынастардың кең шеңберіндегі тәртіппен нормативтік реттеушілік халықтың құқықтық қатынастарға, мысалы, жұмыс және оқу, қызмет алу және қоғамдық бірлестіктің қызметіне, сайлауға және денсаулық сақтауға қатысты көрініс табады. Сондықтан, әркімнің білікті

заң көмегіне деген ықтимал немесе нақты қажеттілігі бар деп айтуға негіз бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12 бабында бектіліген адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға берілген мемлекеттік кепілдік, білікті заң көмегіне деген кепілдікті білдіреді. Адамның құқықтары мен бостандықтарын заңмен тыйым салынбаған барлық тәсілдермен қорғауға қатысты конституциялық норма бұл тыйымдарды білуді ғана емес, сонымен бірге адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тетіктерін де талап етеді.

Заңгерлердің білікті көмегі шағымды немесе өтінішті шешуге уәкілеттік берілген органды анықтауда, азаматтың тиісті құжатты ресімдеуінде, сотта өкілі ретінде қатысуына, мысалы, талап қоюшы, жауапкер, азаматтық сот ісін жүргізуге үшінші тұлғалар және т.б. арқылы көрсетілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13 бабында әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бектіліген. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі. Конституцияның 16 бабында ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы деген норма бекітілген.

Азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсету адвокатураның басым бағыты болып табылады. Ол мемлекеттен бөлінген, бұл оның тәуелсіздігін қамтамасыз етеді: адвокат жариялық құрылымдардың және олардың лауазымды адамдарының мүдделері мен ұмтылыстарына қарсы шығуы мүмкін, қорғаушы немесе кәсіби немесе басқа да қоғамдық ұйымның өкілінің міндеттеріне байланысты өзіне белгілі болған жағдайлар туралы куә ретінде сұралуға заңмен тыйым салынған. Адвокатураның өкілеттіктері, ұйымдастырылуы және қызметі Заңмен анықталады. Білікті көмек, әсіресе қамауда отырған адамдарға қажет, өйткені олар бостандығынан айырылғандықтан, қорғаудың нысандары мен әдістерін таңдауда шектеулі болады. Осылайша, азаматтардың конституциялық тұрғыда бекітілген қорғануға құқығы адвокатура қызметінің конституциялық негізі болып табылады.

### **3.3 Адвокатура - азаматтық қоғамның құралы**

Азаматтық қоғам - нақты адамға бағытталған демократиялық құқықтық қоғам. Бұл құқықтық дәстүрлер мен заңдарға құрметпен қарау атмосферасын қалыптастырады, қоғам мемлекеттің қызметін бақылау үрдісінде өмірдің барлық саласында адам мен азаматтың құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабында: «...Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы - адам және адамның

өмірі, құқықтары мен бостандықтары», ал 12 бапта «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды...» деп бекітілген. Бұл, Конституция адамды мемлекеттің бүкіл құқықтық жүйесінің орталығы деп жариялайды және мемлекеттің дамуы барлық билік тармақтарының заңдарды жасау мен қолданудағы қызметі осы бағытта жүзеге асырылады дегенді білдіреді. Осы қызмет қазіргі қоғамдағы Қазақстандық адвокатураның рөлі мен орнын айқындайды. Адвокатурасыз құқықтық мемлекетті елестету мүмкін емес. Құқықтық мемлекет ұғымымен бірқатар басқа ұғымдар тығыз байланысты - әділеттілік, заңдылық, құқықтық тәртіп.

Құқық тәртібі заңдылықпен әділеттілік арқылы жүзеге асырылады. Бәрі қарапайым және түсінікті болып көрінеді, бірақ іс жүзінде бұлар бірдей түсініктерден емес.

Заңдылық өте күрделі және баяу қалыптасатын түсінік. Ол күрделі процедураларды, көптеген заңдар мен уақытты, сонымен қатар бүкіл қоғамның шыдамдылығын талап етеді, әділеттілік - бұл тезірек қалыптасатын түсінік, өйткені қоғамдағы әділеттілік ұғымы тез, кейде бірден өзгеріске ұшырап отырады.

Әділеттілік қоғамның идеяларына негізделеді және адамның қандай да бір құбылысқа деген көзқарасына байланысты. Сонымен қатар, халықтың әділеттілікке деген үміті сот әділдігіне байланысты болады. Мемлекеттік қызметтің бір нысаны ретінде сот әділдігі тұтастай қоғамның мүддесі үшін қақтығыстарды, дауларды шешудің құралы бола алады. Демократиялық мемлекеттердегі сот әділдігі тараптардың теңдігі мен жарыспалылық қағидаттары арқылы жүргізіліп отырады. Егер қылмыстық іс бойынша айыптау мемлекет атынан жүргізілетін болса, онда қорғау қоғам атынан жүзеге асырылады және құқықтық мемлекеттің «полиция» мемлекетіне айналуының алдын алады.

Сондықтан да біз адвокатураны азаматтық қоғамның қолындағы құрал деп санаймыз, ол мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүйесіне кірмейді және заңдылық, тәуелсіздік, адвокаттардың теңдігі қағидаттарына негізделген қоғамды білдіреді.



## 4 АДВОКАТТЫҢ ЭТИКАСЫ

### 4.1 Адвокаттың этикасы — заңгер этикасының ажырамас бөлігі

Адвокаттың этикасын заңгерлік этикадан оқшау қарастыру мүмкін емес, ал заңгер этикасы, өз кезегінде, жалпы этиканың бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылықты адам деп жариялағаннан кейін оның құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері басты назарға алынды. Заңгерлердің, сондай-ақ адвокаттың кәсібінің объектісі ретінде адам танылады және олардың қызметі адамның мүдделеріне, құқықтарына, жеке өміріне және тұтастай алғанда бүкіл тағдырына қатысты болады.

Кәсіптің моральдық аспектілері мен мәселелерін зерттеу, әсіресе, кейде бостандық барлығына рұхсат ретінде қабылданып, қоғамның тұрақсыздығына әкелетін қоғамдық және мемлекеттік өмірді ізгілендірудің заманауи жағдайында маңызды болып табылады.

Этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелерін зерделеу барысында біз этика, мораль, құқық, жақсылық, зұлымдық, әділеттілік, парыз, ар-ождан, жауапкершілік, қадір-қасиет, гуманизм (ізгілік) сияқты ұғымдарға кезігеміз. Бұлардың барлығы этика категориялары болып табылады. Оларға қысқаша тоқталайық. Мораль - адамдардың қоғамдағы өмірінің барлық салаларында мінез-құлық реттеудің бір әдісі. Мораль қағидаттары барлық адамдарды қамтиды. Мінез-құлықтың моральдық нормалары дәстүрлер, қоғамдық пікірлер негізінде жүзеге асырылады және олардың орындалуын бүкіл қоғам қадағалайды. Оларды бұзғаны үшін рухани сипаттағы жауапкершілік жүктеледі. Моральдың функциялары әр түрлі: реттеуші, тәрбиелік, танымдық, бағдарлау, мотивациялық және т.б. Заң моральдан айырмашылығы тек әлеуметтік маңызды мінез-құлықты реттейді.

Құқықтық реттеу әдісі - бұл мемлекеттік билікпен жасалған құқықтық акт, ал құқықтық нормалардың сақталуын мемлекеттік аппарат пен мемлекеттің барлық күш-жігерімен қамтамасыз етеді.

Этика - адамгершілікті қоғам өмірінің маңызды аспектісі ретінде зерттейтін ғылым. Оның категорияларын қарастырайық. Жақсылық - уақыттың, салт-дәстүрдің рухына сәйкес келетін моральдық тұрғыдан барлық жағымды жақтарды біріктіретін этика категориясы. Зұлымдық - жақсылыққа қарсы барлық нәрсені біріктіреді. Әділеттілік - қазіргі демократиялық қоғамның заңнамасына енетін және сот қызметіне қатысты Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында белгіленген этикалық және құқықтық категория.

Декларацияның 10 бабында: «Әркім өзінің құқықтары мен міндеттерін айқындау және өзіне тағылған қылмыстық айыптың негізділігін анықтау үшін, оның теңдігі негізінде оның ісі тәуелсіз және бейтарап соттың әділеттіліктің барлық талаптарына сәйкес әділ және толық қаралуға құқылы» делінген.

Парыз - адамның белгілі бір жағдайларда оларға қатысты өнегелік міндеттемеде көрсетілген қоғамға, басқа адамдарға қатынасын білдіретін этика категориясы. Ар-ождан - адамның моральдық өзін-өзі бақылауды және өз іс-әрекетін ішкі өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру және оның заң нормаларын сақтауын талап ету қабілеті. Жауапкершілік - бұл өз ісіне, әрекеттеріне есеп беру, сондай-ақ әрекеттерінің салдары үшін жауаптылықта болу. Ар-намыс - адамның өзіне деген ерекше адамгершілік қатынасы және қоғамның оған деген көзқарасы, оның тұлға ретінде танылуына негізделген.

Біздің елімізде адамның қадір-қасиетіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік береді. Конституцияның 17 бабында: «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» деп жазылған. Абырой да адамның өзіне деген ерекше моральдық қатынасы, бірақ абырой адамдарды басқаша бағалайды.

Гуманизм (ізгілік) - адамды ең жоғары құндылық, адамға деген сенім, адам құқығын қоғамның жоғарғы мақсаты ретінде тануды білдіретін қағида.

Осы категорияларды қарастыра отырып, этика - заңгерлік этиканың ажырамас бөлігі екенін, оның заты сот төрелігі мен құқық қорғау органдарындағы моральдық көріністер болып табылатынын атап өткіміз келеді. Заңгерлік этиканың құндылығы ол сот төрелігін жүзеге асыру, прокурорлық функцияларды орындау, тергеу жұмыстары, сондай-ақ кәсіби заңгерлер жүзеге асыратын өзге де қызмет түрлерінің моральдық сипатын беретіндігінде.

Өнегелік нормалар әділеттілік пен заңдылықты жалпы гуманистік (ізгілік) мазмұнмен толықтырады. Өмірдің әртүрлі салаларындағы құқықтық қатынастардың ізгілік қағидаларын ашып, насихаттайтын заңгерлік этика заңнамаға да, жалпы құқық қолдану қызметіне де оң әсер етеді.

Заңгерлік этика адамгершілік нормаларын қатаң сақтауға, шынайы әділеттілікті қамтамасыз етуге, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға, өзінің ар-намысы мен беделін қорғауға баса назар аудара отырып, заңгерлік кәсіп туралы көзқарастардың дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. Әртүрлі заңгерлік кәсіптердің таралуымен және олардың мақсатты түрде кеңеюімен сот билігі

мемлекеттік биліктің бір тармағына, дербес институтқа айналды. Тергеу, прокуратура, адвокатураның функциясы мен міндеттері әртүрлі.

Біз адвокаттар қызметінің этикалық бастауларын қарастырамыз, олар осы уақыт аралығында қалыптасқан тәжірибе мен даму перспективасында тұжырымдалған деп айтуға болады.

## **4.2 Адвокаттық этиканың түсінігі мен мазмұны**

Жоғарыда атап өткеніміздей, адвокаттық этика заңгерлік этиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Адвокаттық этиканың пәні - адвокаттың өзінің кәсіби міндетін атқаратын немесе адвокатураны білдіретін жағдайлардағы әрекеті, яғни, қылмыстық, азаматтық немесе басқа қандайда бір процесстегі әкімшілік және басқа органдардағы өкілдігі барысындағы мінез-құлқы.

Адвокат ешкімнің мүдделерін білдірмейтін жағдайда болса, ол қарапайым адам сияқты этикалық мінез-құлықты ұстана алады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі адвокат қызметінің аспектілері жалпы құқықтық нормалармен (процестегі жүріс-тұрыс ережелері) және этикалық және құқықтық нормалар бір уақытта әрекет ететін сәттерге қолданылмайды. Осылайша, адвокаттық этика дегеніміз - заң нормаларында оған қатысты белгілі бір мінез-құлық ережелері белгіленбеген жағдайларда, корпоративтік ережелермен белгіленген адвокаттар қауымдастығы мүшесінің дұрыс мінез-құлқы деген тұжырым жасауға болады. Этикалық нормалар жүйесін қалыптастыру адвокаттарға өздерінің қызметтік және кәсіби міндеттерін кәсіби түрде орындауға кедергі келтірмеуі керек.

Этикалық нормалар адвокатқа оның жұмысына көмектесуге арналған, ол не істеу керектігін емес, оны қалай тиімді және үлкен жетістікпен жүзеге асыруға болатындығын анықтайды, өйткені этикалық нормаларды бұзатын мінез-құлық адвокаттың да, бүкіл адвокаттық қоғамдастықтың беделіне де әсер етеді, сенім жоғалтуға, қорғауға өтініштер санының азаюына және тұтастай азаматтардың құқықтарының бұзылуына әкеледі.

Адвокат этикасы адвокаттың азаматтық қоғамның өкілі ретінде және жеке адвокат ретінде адвокаттың өз міндеттерін адал, білікті және шынайы орындауы бойынша қоғамның сенімін арттыруды қамтамасыз етуге арналған.

Халық өз міндеттерін адал орындаған адвокат қиын жағдайда нақты көмек көрсете алатындығына сенімді болуы керек. Қоғамның адвокатураны қолдауы адвокатураны күшейтеді және оған өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, адвокатураға деген сенімді жоғалту адвокатураның іс-әрекеттеріне мемлекеттің араласуын күшейтеді, бұл адвокатураның тәуелсіздігін

жоғалтуға және нәтижесінде адвокаттардың мемлекетке қарсы тұра алмауына және азаматтардың мүдделерін қорғауға қабілетсіздігіне әкеледі. Демократиялық елдер бұл жағдайдың қауіптілігін түсінеді және кейде мемлекеттік деңгейде адвокатураның беделін көтеруге тырысады.

Біз адвокатураның бүкіл өмірі бойы жинаған халықаралық және қазақстандық тәжірибесінде адалдық, құзыреттілік және шынайылық тұрғысынан жұмыс істейтіндігін анықтадық. Бұл категорияларды толығырақ қарастырайық. Адалдық дегеніміз шындықты, принципшілдікті және шынайылықты қамтитын өнегелік ұғым. Шындық - бұл клиентке шындықты айту. Кейде бұл өте қиын, кейде бұл өте қолайсыз болып көрінеді, бірақ бұл ең дұрыс ұстаным. Кез-келген өтірік ерте ме, кеш пе анықталуы мүмкін, және бұл ондаған жеңіліс тапқан істерден гөрі адвокаттың беделіне орасан нұқсан келтіруі мүмкін.

Шынайылық оқиғаларды, өз сөздеріңізді және әрекеттеріңізді жақсы есте сақтауға мүмкіндік береді. Бұл клиентке жағдайды шынайы бағалауға және иллюзиялық сезімде болмауға көмектеседі.

Адвокаттың құзыреттілігі құқықтық терең меңгеруге, өмірлік тәжірибеге, қалыптасқан жағдайларды дұрыс және тез түсінуге және құқықтық нормаларды дұрыс қолдана білуге негізделген. Мұның барлығы адвокатқа заңнамадағы өзгерістерді, сот практикасын үнемі бақылап отыру, оның мамандандырылған заң салалары бойынша ғылыми жарияланымдармен танысу міндеттерін жүктейді.

«Бәрін түсінетін және бәрін білетін» ұстанымда болудың қажеті жоқ. Егер адвокат нақты бір құқықтық проблемада жеткілікті білікті болмаса, ол клиентке бұл туралы тікелей ескертуі керек. Бұл жағдайда адвокат клиентке заңның тиісті саласы бойынша маманды алуға ұсыныс жасай алады немесе клиенттің келісімімен осындай маманды бірлескен жұмысқа тарта алады, қолданыстағы заң клиенттің бірнеше адвокат алуына тыйым салмайды. Көп нәрсе адвокаттың өз міндеттерін саналы түрде орындауына байланысты. Істің жүргізілуіне кіріскен сәттен бастап, ол осы іске байланысты жасалуы керек әрекеттерді дер кезінде, тиянақты орындауы керек. Адвокат ұстамдылық, табандылық таныта отырып өз клиентіне өзіне белгілі барлық заңдық құралдар мен тәсілдерді қолдана отырып, құқықтық көмек көрсетуі керек. Клиент адвокаттың қолынан келгеннің бәрін істеп жатқанын және оны жақсы орындайтынына сенімді болу керек.

Өз міндеттерін орындау барысында адвокат ешкімнің адами қадір-қасиетін қорламауы керек, бірақ адамдарға сезімтал, ұқыпты және құрметпен қарауы, оларды тыңдай білуі керек. Мұның бәрі өте қиын, бірақ онсыз адвокат болмағаныңыз жөн. Біздің ойымызша, медицина қызметкерлерінің: «Зиян келтірме!» деген ұраны толығымен адвокаттық қызметке де қолданылуы тиіс.

### 4.3 Клиентпен жұмыс жасау кезінде адвокаттың этикалық ережелері

Адвокаттың клиентпен қарым-қатынасының негізі - сенім. Адвокатпен қарым-қатынастың алғашқы минуттарынан бастап клиент оның алдында судья емес, көмекшісі тұрғанын түсінуі керек және оның адвокатқа сенімсіздіпен қарауға ешқандай негізі болмауы керек. Сенім адвокаттың өзіне жүгінетін адамдармен қарым-қатынасының заңдық сипатын ғана емес, сонымен қатар адвокаттың өнегелік жағын, азаматтардың субъективті құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталғандығын көрсетеді.

Клиентке кеңес беру кезінде адвокаттың міндеті тек дұрыс кеңес беру ғана емес, сонымен қатар бұл кеңесті клиенттің дұрыс түсінігеніне көз жеткізуі керек. Адвокаттың кеңесі нақты және түсінікті болуы керек, адвокат қаралып отырған жағдайдың жақсы жақтары мен кемшіліктері туралы, сондай-ақ дауды соттық қараудың ықтимал нәтижелері туралы ашық айтуы тиіс.

Клиенттің алдында оған естігісі келетін нәрсені айтуға тырысып, қиын жағдайдан шығу мүмкін емес. Адвокат клиентке істің ықтимал нәтижелері туралы өз пікірін адал, іс жағдайларына сілтеме жасай отырып айтуы керек: клиентке ықтимал проблемалардың құқықтық маңыздылығын жариялап, оларды шешу бойынша кеңестер беру керек, бұл орайда кеңестер заң шеңберінен аспауы керек. Адвокат үшін істің нәтижесіне кепілдік беру өте қауіпті әрекет болып табылады. Адвокат клиентке кепілдік бере алатын жалғыз нәрсе - оның бұл іске саналы, шынайы, заңды, адал ұстанымы. Егер адвокат тапсырманы міндетті тағайындау бойынша орындаса, ол клиентке келісім бойынша адвокат шақыруға құқығы бар екенін түсіндіруі керек.

Адвокат клиентпен келіспестен, қаншалықты дұрыс болғанына қарамастан өзінше жеке қорғану ұстанымда болуға құқылы емес, және егер клиент кінәсін мойындамаса, клиентінің кінәлі екенін мойындамауы керек. Егер айыпталушы өз кінәсін мойындаса, ал іс материалдарында оның кінәлі екендігі дәлелденбесе, адвокат мұндай мінез-құлықтың себептерін анықтауы керек, содан кейін клиентпен келісе отырып, ол қорғау үшін жеке, тәуелсіз ұстанымда бола алады.

Егер айыпталушының кінәсі айыптаушы тараптың заңсыз әрекеттері салдарынан болса, адвокат осы жағдайды жою үшін заңмен көзделген барлық шараларды қабылдауы керек.

Адвокат қамауда отырған клиентке көп көңіл бөлуі керек, өйткені қамауға алынған адам әлеуметтік жағынан ғана емес, сонымен қатар физикалық оқшаулану жағдайында, әдеттегі ортадан, байланыстан айырылғандықтан, оның әдеттегі өмір салты өзгертілгендіктен, бас бостандығымен байланысты моральдық және физикалық азап шегеді, бұл оның психикасына және шындықты бағалауға әсер ететіні сөзсіз.

Егер клиенттің талаптары заңға қайшы келсе немесе ол өзінің мүдделерін қорғаудың заңсыз құралдары мен әдістерін қолдануды талап етсе, немесе клиент өзінің мүдделерін қорғау үшін моральдық тұрғыдан күмәнді құралдарды қолдануды ұсынса және клиенттің ұстанымын басқа тәсілдермен және құралдармен қорғау мүмкін болмаса, онда мұндай клиентті қорғаудан бас тарту қажет.

Этикалық маңызды аспектілердің бірі - адвокаттың сыйақысы, гонорары (сыйақы- құқықтық көмек көрсеткені үшін адвокатқа төленетін ақы). Қазіргі уақытта ол тараптардың келісімімен анықталады. Өз жұмысына ақы төлеу мөлшерін анықтау кезінде адвокат келесілерді ескеруі керек: істің күрделілігі; қажетті уақыт (процестің ұзақтығы немесе тиісті кеңестер) істі жүргізуге келісім беру адвокаттың басқа істерді жүргізуден бас тартуына себеп болады; клиенттің қаржылық жағдайы; тәжірибе және іскерлік бедел.

Сыйақы мөлшері ақылға қонымды болуы керек, егер клиент сұраса, адвокат оған сыйақыны анықтау принципін түсіндіруі керек. Егер адвокат бұл іске соттың немесе тергеу органдарының қаулысымен қатысатын болса, онда оның төлемінің мөлшерін мемлекет белгілейді. Клиенттер арасында немесе адвокаттың өзінде мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда қорғаудан бас тарту қажет. Клиенттермен қарым-қатынас жасаудың этикалық ережелері құпиялылықты және адвокаттық құпияны да қамтиды.

#### **4.4 Адвокаттың құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас кезіндегі этикалық ережелері**

Процестің кез-келген кезеңінде немесе басқа да істер бойынша өкіл, қорғаушы ретінде іске қатысып отырған адвокат алдымен өзін таныстырып, өзінің өкілеттіктерін куәландыруы керек.

Кез келген лауазымды тұлға алдында кім тұрғанын дәл білуі керек. Адвокат өзінің әрекеттерімен, іс жүргізу құжаттарымен (түсіндірмелер, өтініштер, мәлімдемелер және т.б.), сондай-ақ қойылған сұрақтарымен құқық қорғау органдарының беделіне нұқсан келтірмейтін, әріптестерінің беделін түсірмейтіндей және процеске қатысушылардың ар-намысын, қадір-қасиетін түсірмейтіндей етіп ұстауға міндетті.

Клиенттің алдында процеске немесе тексеруге қатысушыларға мазақпен қарауға, олардың әрекеттері адвокат үшін аз мағына беретінін және олардың атқарып отырған лауазымына сай келмейтінін немесе іскерлік қасиеттеріне күмәнмен қарайтыныңызды көрсетуге болмайды. Бұл бірден жағымсыз реакцияны тудырады және клиенттің процестің басқа қатысушыларына қарым-қатынасының нашарлауына әкеледі.

Адвокат барлық процесуалдық әрекеттерді клиентімен келісіп, олардың мәні мен ықтимал салдарын түсіндіруі керек. Дәлелдемелер

ұсына отырып, адвокат олардың шынайылығы туралы тиісті талаптарды отырындап, олардың жіберілетіндігі туралы ережелердің бұзылмауын қамтамасыз етуі керек. Бірақ, бұл талап адвокаттың іс үшін маңызды болуы мүмкін нақты фактілерді жинау құқығын шектемейді, сондай-ақ қорғаушы ҚР ҚПК 70 бабына сәйкес, көзделген тәртіппен, қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға өкілетті.

Адвокаттың сыпайылығы заң бұзушылықтарға төзім танытпауы керек, ал адвокат клиенттің құқықтарына нұқсан келтіретін іс жүргізу заңнамасының бұзушылықтарымен, әсіресе тергеудің немесе тексерудің заңсыз әдістеріне қатысты болған кезде қатаң, заңды ұстанымда болуы керек.

Егер істі қарау барысында айыпталушының құқықтарына нұқсан келтіретін жағымсыздықты анықтаса, адвокат мұндай заң бұзушылықтардың алдын алу үшін заңда белгіленген барлық құралдарды қолдануға міндетті.

Адвокат тергеушінің немесе анықтау органдарының дұрыс емес әрекеттеріне өзінің қарсылықтарын заңмен белгіленген тәртіпте және міндетті түрде жазбаша нысанда мәлімдеуі керек, бұл заң бұзушылықтарды процесуалдық түрде бекітуге көмектеседі.

Күзетпен ұстау, бас бостандығынан айыру орындарына барған кезде адвокат мұндай орындарда отырған клиентке жазбалар, хаттар, заттар, тамақ, алкоголь, есірткі, басқа тыйым салынған заттарды жеткізбеуі керек, сондай-ақ клиентінің атынан басқа адамдарға да бермеуі керек.

Адвокат күзеттің барлық заңды талаптарын сыпайы түрде орындауы керек.

Адвокаттың ерекше қарым-қатынасы сотқа қатысты болуы керек, тек істі мәні бойынша тек сот қарап, шешеді. Адвокат қоғамда билік тармағы болып табылатын сотқа деген құрметпен қараудың қалыптасуына ықпал етуі керек, сол кезде оның жұмысы жеңілдей түседі.

Процесс барысында төрағалық етушінің іс-әрекеттеріне заңда белгіленген тәртіппен қарсылық білдіріп, ұстамдылық пен әдептілік таныту қажет.

Адвокаттың сотпен сөз таластырып ұрысуына рұқсат етілмейді; процеске қатысушыларға қатысты қорлау немесе әдепсіз ескертулерге жол берілмейді. Сотта адвокат төрағалық етушінің өкімдеріне мойынсұнып, сот мәжілісінің белгіленген тәртібін сақтауға міндетті. Сот процесіне қатысушы ретінде адвокат өзінің қарсыластарын құрметтеуі керек. Бұл адвокат процесстің қатысушыларының (судья, прокурор және басқалар) дәрежелігіне, негізсіз жасаған мәлімдемелеріне үндемеу керек дегенді білдірмейді. Бұндай жағдайлар орын алса, сот отырысының хаттамасына енгізу туралы ұстамдылықпен өтінішхат білдіріп, сот отырысының

аудиожазбасын жазуды көздеуі керек. Бұл процестің барлық қатысушыларында алаңдаушылық тудырып, оларды заң аясында өзін-өзі ұстауға және сөйлеуге мәжбүр етеді.

Кәсіби этиканы өрескел бұзу, атап айтқанда адвокаттың дәлелді себепсіз сотқа келмеу фактілері, сот отырыстарына оның қатысуымен тыңдалуы тиіс істерге жүйелі түрде кешігіп келулері жатады. Адвокаттар қауымдастығы мұндай әрекеттерге шұғыл түрде шара қолдануы тиіс, өйткені бұндай әрекеттер барлық адвокаттарға деген сенімсіздікті, құрметтемеушілікті тудырады және теріс пікір қалыптастырады.

#### **4.5 Адвокаттың әріптестерімен қарым-қатынас кезіндегі этикалық ережелері**

Ұжымдағы (заң консультациясы, адвокаттық кеңсе және т.б.) моральдық-психологиялық климаттың дұрыс, салауатты болуы өте маңызды.

Адвокат пен кәсіптегі әріптестер арасындағы қарым-қатынас әдептілік пен құрмет ережелеріне негізделуі керек. Егер әріптесі адвокаттан көмек сұраған болса, кеңес беруден бас тартпауы керек. Әсіресе жас, тәжірибесі аз адвокаттардың өтініштеріне ерекше назар аудару керек. Олардың басқаларға қарағанда қателесу қаупі көбірек болады.

Мұндай жағдайда тәжірибесі мол, кәсіби қызметтен, өмірден түйгені мол жасы үлкен әріптестердің берген білімі мен тәжірибесі оларға қателіктерден аулақ болуға көмектеседі, бұл дәстүрлер мен мінез-құлықтың сабақтастығын тудырады, жаңадан келген адвокат та уақыты келгенде, өзінің жас әріптестеріне қатысты моральдық борышта ұқыпты болады. Бұл ұжымды біріктіруге ықпал етеді. Әсіресе, адвокат клиентпен сөйлескенде, көпшілік алдында сөйлегенде, құжаттарда, келіссөздер кезінде басқа адвокаттың іскерлік немесе жеке қасиеттеріне қатысты әдепсіз мәлімдемелер жасамауы керек екенін есте ұстаған жөн, адвокат өзінің әріптесіне құрметпен қарауы тиіс.

Адвокат өзінің іскерлік беделіне сілтеме жасай отырып, басқа адвокаттардың абыройын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін түсіруге құқылы емес.

Адвокаттың немесе адвокаттар алқасының заңды, саналы, абыройлы іс-әрекеттері олардың әрекеттерін жарнамалаған кез-келген ақпаратқа қарағанда табыстырақ болады, ал ол өз кезегінде клиенттердің сенімін қамтамасыз етеді.



#### 4.6 Адвокаттық құпия

Кәсіби негізде азаматтар мен ұйымдарға заңгерлік көмек көрсетуді өзінің мойнына алған адвокаттың қызметінде, практик дәрігердің іс-әрекетіндегідей көп ұқсастықтар бар. Біреуі аурудан арылуға немесе оның ағымын бәсеңдетуге көмектеседі, екіншісі азаматтың құқықтары мен мүдделерін қорғауға тырысады, яғни, белгілі бір мағынада алғанда «әлеуметтік ауруларды» емдеуге көмектеседі.

Жалпы, азамат дәрігерді де, адвокатты да таңдауда ерікті. Кәсіби заңгерлік көмекке, медициналық көмекке жүгіну адамның өмірінде белгілі бір қиындықтардың пайда болуынан туындайды. Айта кету керек, өмірде адвокатқа да, дәрігерге де тым кеш жүгіну орын алып жатады, ал мұндай жағдайларда уақытылы, дер кезінде берілген кеңес келеңсіз жағдайдан құтқаруы мүмкін.

Дәрігер сияқты адвокатқа кейде жүректің түбінде жасырынып жатқан құпияны айтуға тура келеді. Егер дәрігерге кейде дененің жақын бөліктерін көрсету керек болса, адвокатқа бетпердені тастап, жанның ең жасырын бұрыштарын ашу керек.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңына сәйкес, жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады. Және нақты осы адамға, заңгерлік көмек көрсетуге байланысты, сенім білдірушінің оған берген ақпараттарын құпия түрде сақтау бойынша кәсіби міндеті жүктелген. Заң өзгеруі мүмкін, бірақ оның мәні өзгермейді. Адвокат қауымдастықтың түріне қарамастан (алқа, кеңсе, бюро және т.б.) кәсіби адвокат болып қала береді. Клиенттің адвокатқа айтатын ақпараттарының аясы өте кең.

Адвокаттың клиентіне кәсіби қарым-қатынасының кепілдері туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі өзінің 2009 жылғы 20 тамыздағы №5 Қаулысында мынаны атап көрсеткен болатын: «Клиент өзіне қандастық-туыстық немесе өзгелей бір жақындығы жоқ тұлғаға, үшінші бір тұлғаларға белгілі болмайды және өзіне зиян келтірмейді деген сеніммен өзі туралы қандай да болсын мәліметтерді хабарлаған кезде, адвокат пен азаматтың өзара қарым-қатынасында орнаған тараптардың бір-біріне деген сенімі білікті заң көмегін алу құқығының негізгі іргетасы болып табылады».

Адвокаттың клиентіне кәсіби қарым-қатынасының кепілдері халықаралық құқықта мойындалған адам құқықтарының бірі ретінде білікті заң көмегін алу құқығының қажетті құрамдас бөлігі болып табылады

Еуропалық қауымдастықтағы адвокаттардың мінез-құлық кодексі (1988 жылы 28 қазанда Страсбург қаласындағы Еуропалық Одақтың адвокаттар алқасының кеңесімен қабылданған) адвокаттық қызметтің маңызды белгілеріне қатысты мыналарды қарастырады: клиентке ол адвокатқа басқа адамдарға жария етпейтін ақпарат туралы еркін ақпарат бере алатын жағдайлар жасау және адвокаттың ақпаратты алушы ретінде оның құпиялылығын сақтауы, өйткені құпиялылық болмаған жерде, сенім бола алмайды; құпиялылық талап заңгердің кәсіби қызметінде негіз болатын іргелі құқықтары мен міндеттерін анықтайды; заң қызметтерін көрсету барысында адвокат клиент берген ақпаратқа немесе клиент немесе басқа адамдарға қатысты алынған барлық ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтау керек; сонымен қатар, құпиялылық бойынша міндеттемелер уақыт бойынша шектелмейді (2.3 т.).

Заңгерлердің рөлі туралы негізгі қағидаларға сәйкес (1990 жылғы 7 қыркүйекте БҰҰ-ның қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі сегізінші конгресі қабылдаған), үкімет кәсіби заңгерлік көмек көрсету барысында заңгерлер мен олардың клиенттері арасындағы кез-келген кеңестер мен қатынастардың құпиялылығын мойындайды және қамтамасыз етуі керек. Осылайша, халықаралық қауымдастық адвокаттық құпияны, мысалы, банк құпиясынан гөрі маңызды деп санайды, тергеу кезінде банктік құпияға тыйым салуға болмайды, ал адвокаттық құпия әрдайым жабық болуы керек.

Айта кететін жайт, құпия түрде алынған мәліметтерді жария етуге заңдық тыйым тек клиентпен құқықтық қатынастарға түскен адвокаттарға ғана қатысты, бірақ оны барлық заңгерлерге қатысты қолдану дұрыс болады деген ойдамыз.

Адвокаттық құпия терминімен қамтылатын ақпараттың көлемін келесідей анықтауға болады: адвокатқа клиент берген немесе клиентке қатысты заңды қызмет көрсету барысында басқа адамдардан алынған барлық ақпарат пен деректер.

Адвокат клиент немесе басқа адамдар туралы барлық дерлік ақпаратты клиент өзі таратқысы келгенше құпия сақтауы керек. Клиенттің қайтыс болуы да адвокатты бұл міндеттен босатпауы керек, өйткені оның мұрагерлері немесе заңды өкілдері кейіннен бұл ақпараттың басқарушылары болуы керек.

Адвокаттар үшін сенімді ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге белгілі бір ынталандыру олардың кәсіби қызметінің мәні болып табылады, өйткені олардың істі жеңіп алуы, яғни клиенттің мүддесін қорғаудағы табысы ақпараттың құпиялылығын сақтау қабілетіне байланысты, басқаша айтқанда, кәсіби жарамдылық және кәсіби рейтинг. Сонымен қатар, клиент ұсынатын ақпараттың мөлшері оның таңдаған адвокатқа деген сенім деңгейіне тікелей байланысты. Яғни, адвокаттың құпиясын сақтаудың да пайдасы бар.

Адвокаттық құпияны сақтау режимі ақпаратқа қол жеткізуді шектейтін басқа жүйелердің режимдерімен жиі байланысты болады, яғни, коммерциялық, банктік, іскерлік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат туралы адвокатқа хабарлау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер (соның ішінде қорғау шараларын сақтау және жария етуге жауапкершілік) жүктелуі керек.

Мемлекеттік немесе әскери құпиялар белгілі бір қиындықтар туғызады, яғни мемлекет құпияларының ең қорғалған тұстары. Кей жағдайда тергеушілердің адвокаттың әскери немесе мемлекеттік құпияларға қол жетімділігі болмаған жағдайда, оның іске қатысуына мүмкіндік бермейтін жағдайлар жиі кездеседі, яғни қорғаушы ретінде іске қатысу мүмкіндігін шектейді, оның іске қатысуына тыйым салынады. Бұл заңға қайшы әрекет болып табылады, өйткені қолданыстағы қорғаушының процеске кірісу тәртібі ҚР Қылмыстық-процестік кодексінде және Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңда нақты реттелген. ҚПК нормаларында да, заңда да мемлекеттік немесе әскери құпияларды құрайтын қылмыстық істер бойынша адвокаттың арнайы рұқсаты болсама қылмыстық іс бойынша қорғауға жіберілмейді деген норма көзделмеген. Адвокаттарға мұндай шектеу қою азаматтардың білікті заң көмегіне құқықтарын шектейді, және бүкіл жоғарыда аталып кеткен халықаралық құқық нормаларына қарама-қарсы келеді.

ҚПК 201 бабында мемлекеттік құпияны құрайтын ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету тәртібі туралы тікелей сілтеме бар: «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады». Осы норма негізінде адвокат тек қана мемлекеттік немесе әскери құпияны ғана емес, іс бойынша бүкіл құпияны сақтауға міндеттеме алады және жауапкершілікте болады.

Күнделікті қызметінде адвокаттар, әдетте, мемлекеттік құпияларға үнемі қол жетімділікті қажет етпейтінін және мұндай ақпаратты тасымалдаушылармен қызметтестік жасамайтындығын ескере отырып, Қылмыстық-процестік кодекстің 201 бабының нормасы қылмыстық істерде құпиялылықтың қажетті режимін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп санаймыз. Демек, айыпталушы өзінің қалауымен кез келген адвокатты таңдауға құқылы, немесе адвокаттар алқасы өзінің өкілін қорғаушы ретінде жібере алады.

Осылайша, қылмыстық процестегі қорғаушыға қатысты, мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратқа қол жеткізу туралы әңгіме болуы мүмкін емес; өзінің іс жүргізу өкілеттіктері аясында адвокат, егер олар қылмыстық істе клиенттің кінәсі немесе кінәсіздігінің дәлелі ретінде көрінсе, кез келген құпиялылық деңгейіндегі ақпаратқа қол жеткізе алады. Мемлекеттік құпияны құрайтын ақпаратты санкцияланбаған таратудан

құқықтық қорғау ретінде, ҚР «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңның 29-бабының нормаларын атап кетуге болады, бұл норма: «Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен азаматтарына мемлекеттік құпияларға рұқсат ету барысында мемлекеттің алдында өздеріне сеніп тапсырылған, мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді жарияламау жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдауын» көздейді және заңды бұзған жағдайда тиісті жауапкершілікке тартылады.

Айыпталушы мен күдіктінің заңға сәйкес қорғауға құқығын қамтамасыз ету аясында дәлелдемелер ұсынуы және өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен қорғауы мүмкін. Демек, егер дәлел ретінде ұсынылған ақпаратта мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер болса, айыпталушы немесе күдікті оларды процесстің басқа қатысушыларына хабарлауға құқылы. Егер адвокатқа мұндай мәліметтерді қамтитын ақпаратты айыпталушының немесе күдіктінің мүддесі үшін пайдалануға қажет болса, онда айыпталушы немесе күдікті ол туралы қорғаушысына хабарлауға құқығы бар және адвокат оны қорғау үшін де қолдана алады.

## **5 АДВОКАТТЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

### **5.1 Адвокаттың дәлелдемелер жинауының құқықтық негіздері**

Қолданыстағы заңға сәйкес заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот қоғамдық қауіпті іс-әрекеттің бар немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

ҚР ҚПК көзделген тәртіппен, адвокат: 1) қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға құқылы; 2) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жауап алуды аяқтағаннан кейін тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысатын қорғаушы жауап алынып жатқан адамдарға сұрақтар қоюға құқылы. Бұл нені білдіреді? Бұл заң адвокат-қорғаушыға өзінің жеке «тексеруін» ресми түрде жүргізуге рұқсат бергенін білдіреді.

Жеке тұлғалардан олардың келісімімен сұрақ қойып, жауап алу - бұл түсінікті іс. Егер біреу іс бойынша ақпарат бере алса және оны жасауға дайын болса, қорғаушы одан жауап алып, дәлелдемелерді жазып алады; егер куә айғақ бергісі келмесе, анықталған куәдан жауап алу үшін тергеушіге немесе тергеу судьясына жүгінуге болады.

Куәлардан жауап алу екі нысанда жүргізілуі мүмкін: жазбаша түрде, яғни, куә ҚР ҚПК 70 бабына сәйкес адвокатқа айғақ бергенде және ауызша түрде, яғни сот мәжілісі барысында.

Куәлар әртүрлі психологиялық типтерде болады және екі үлкен топқа: қорғаушы тараптың және айыптаушы тараптың куәгерлері болып бөлінеді. Бұл топтардың психологиялық ұстанымдары әртүрлі болады. Қорғаушы тараптың куәлары айыпталушының жағында, айыптаушы тараптың куәлары мемлекеттік айыптау жағында болады. Бұл олардың мінез-құлқына белгілі бір із деңгейде әсер етеді, бірақ егер куә шыншыл болса және өзіне белгілі фактілерді көрсетсе, онда істің мән-жайын анықтау үшін оның қай тараптың жағында екендігі маңызды емес. Куә ең бастысы шындықтың жағында болуы керек. Мұны анықтау өте қиын, сондықтан біз куәлардың бірнеше типтерін қарастырамыз.

1. Шыншыл куә. Мұндай адамнан жауап алу оңай. Ең алдымен, оны жақсылап тыңдау керек. Содан кейін оның істің мәні бойынша алдын ала ұстанымы немесе жеке пікірі бар ма жоқ па соны анықтау керек. Шынайы куәгер кейде оқиғаны сол немесе басқа түспен береді, бірақ оны қасақана

жасамайды, ал егер жауап беру қателіктерінің қайнар көзін тапсаңыз, жауап алу кезінде нақты оқиғаларды анықтау оңай.

2. Жалған айғақ беретін куә. Шыншыл куәнің қарама-қарсы типі. Қандай да бір себеппен жалған айғақтар береді. Тексеруге болатын фактілерден шатаспас үшін өте шебер өтірік айта біледі. Жалған айғақ беретін куәмен жұмыс істеу өте қиын. Оның айтқан әрбір сөзіне аса назар аудару өте маңызды. Оған қойылатын сұрақтарды кенеттен қою керек, ол күтпеген сұрақ болуы керек, өйткені ол оған жауап беру үшін алдын ала өтірік ақпарат беруі үшін дайындалу мүмкіндігі болмауы керек. Содан кейін оның айғақтарын басқа куәлардың айғақтарымен, әсіресе ұсақ бөлшектерімен салыстыру қажет және әрбір куәға іс материалдарындағы маңызды мәліметтерге байланысты сұрақтардың бірдей қойылмауына аса назар аудару керек. Жалған айғақтар беретін куәға оның берген мәліметтеріне сеніммен қарайтыныңызды білдіру керек. Егер куәның айғақтарында дәлсіздіктер тапсаңыз, оларға бірден назар аударуға тырыспаңыз, яғни оның айғақтарын түзетуге мүмкіндік беруге болмайды.

3. Құқық қорғау органының қызметкері. Өте қауіпті куә. Кәсіби куә. Әдетте мұндай куә беретін айғақтар стереотипті сипатта болады және жақсы дайындықта болады, өйткені бұндай куә айғақтарды сан мәрте рет берген, яғни мұндай куә үшін қандай да бір айғақ беру проблема емес. Ол әдеттегі қойылатын барлық сұрақтарды, сондай-ақ оларға жауаптарды алдын ала біліп отырады. Мұндай куәларға сұрақтар жылдам берілуі тиіс және ол сұрақтар оған белгісіз болуы керек. Сонымен қатар, сізге қажет мәселелерді анықтау үшін, әдеттегіден көбірек сұрақтар болуы керек. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кейде әділеттілік туралы заңнан ерекшелнетін өз түсініктері бар, және олар оны қорғауға дайын. Әрине, әрдайым бола бермейді және барлық жағдайда емес.

4. Куә болғысы келмейтін куә. Заң бойынша, куәлік беруден бас тарта алмайтын, бірақ куә ретінде айғақ бергісі келмейтін куә. Бәрін жалпы түрде тез айтуға тырысады және жиі: «Есімде жоқ» деген сөзді көп қолданады. Ол айыптау тарабының да, қорғаушы тараптың да куәсі емес. Егер ол сіздің клиентіңізге қарсы ешқандай айғақтар бермесе, сіз мұндай куәдан клиентіңіздің пайдасы үшін қандай да бір мәліметті алуды күтпесеңіз, оны жайына қалдыруға болады. Мұндай куәларға сұрақтарды жайлап қойып, «Ия», «Жоқ» деген сияқты жауаптарға қанағаттануға тура келеді. Сіздің сұрақтарыңыздың жауабына «есімде жоқ» немесе «мен жауап беруге қиналамын» деген жауаптарға назар аудару қажет.

5. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеген куә. Егер бұл айыптау тарабының куәсі болса, жауап алу кезінде оның өткенін ешқашан есіне салуға болмайды. Ол туралы бәріне мәлім және оның айғақтарын бағалау кезінде ескереді. Ол жалған айғақтарды айыптаушымен келісім бойынша немесе кек алудың салдары бойынша беруі мүмкін. Бұл мүмкіндікті де ескеру керек, бірақ ол шындықты мүлдем

айта алмайды деп ойлау үлкен қателік болады. Егер жасырын пиғылының әсерінен ол фактілерді бұрмаласа, онда оның өткенін, ықтимал әрекеттерін, қарама-қайшылықтарын жинап, іс материалдарынан оның айғақтарын алып тастауға жұмыс жасау керек.

Бұл тізім шексіз болуы мүмкін, өйткені куәлар әрқандай: бірбеткей немесе пасық, екіжүзді және айлакер, ақылды және ақымақ, бейқам немесе арсыз болуы мүмкін. Адамның табиғаты орасан зор және күрделі. Бірақ адвокат дұрыс көзқарасты, жауап алу әдісін таңдап, өзінің қорғаушылық міндетін орындау үшін барлық мүмкіндікті пайдалануы керек, сондықтан адвокат құқық саласындағы өз деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы керек және жеке тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін дамытуы керек. Осы шарттар орындалған жағдайда ғана адвокаттың қол жеткізген жетістіктері туралы айтуға болады.

## **5.2 Адвокат жинаған дәлелдемелер және олардың мәні**

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі қорғаушыға қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді дербес жинау құқығын берді (70-бап). Алайда, ҚПК 23 бабына сәйкес, сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде дәлелдеу ауыртпалығы әлі де айыптау тарабының мойнында. Осыған байланысты қорғау тарабымен жиналған дәлелдемелер айыптау тарабы жинаған дәлелдемелерден түбегейлі ерекшеленеді. Олардың түбегейлі айырмашылығы неде? Айыптаушы айыпталушының өзіне тағылған айыпта кінәлі екенін дәлелдеуі керек, ал қорғаушы айыптау ештеңе дәлелдемегенін дәлелдеуі керек. Бұл кінәсіздік дәлелдерінен түбегейлі ерекшеленеді, өйткені адамның кінәсіздігін дәлелдеу - тергеудің міндеті. Бұл тергеу айыпталушының (күдіктінің) кінәлі екенін дәлелдеуі керек, немесе кінәсіздігін дәлелдеуі керек дегенді білдіреді. Бұл тергеудің міндеті. Егер адвокат клиенттің кінәсіздігін дәлелдей бастаса, ол жай екінші тергеушіге айналады, бұл дұрыс ұстаным емес. Қорғау - бұл сотталушының қол сұғылмайтын құқығы, сондықтан оны сотталушыға барынша кең ауқымда ұсыну керек. Мұны ҚР Конституциясы да (ҚР Конституциясының 13-бабы), халықаралық және қазақстандық заңнама нормалары да талап етеді. Бірақ, заңды тұрғыдан, дәлелдеу ауыртпалығымен міндеттелмеген сотталушы бұл ауыртпалықты қорғану құралы ретінде пайдалана алады. Айыптаулардан өзін ақтауға деген табиғи талпыныс кінәсіздік туралы дәлелдемелерді жинауға айналмауы керек. Іске қатысқан адвокат өз клиентіне айыптаудың болжамдарын теріске шығаруға көмектесуі керек.

Адвокат іс бойынша дәлелдемелер жинау барысында екі бағытта әрекет етуі керек. Біріншіден, айыптау тарабының дәлелдемелерінің

шынайылығына күмәнмен қарау. Қорғаудың бұл әдісі тек сыни сипатқа ие және айыптаушы тараптың дәлелдемелеріне сенімсіздік тудыру жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Екіншіден, адвокат айыптау тарабының мәліметтеріне қайшы келетін фактілерді дәлелдеу арқылы.

Адвокаттың міндеті айыптау айыпталушының (сотталушының) кінәсін растайтын фактілерді сөзсіз дәлелдеу міндетімен, ал қорғаушы тек айыптаудың дәлелдемелерінің шынайылығына елеулі күмән тудыруымен жеңілдетіледі, ал кез келген күмән заңға сәйкес сотталушының пайдасына түсіндіріледі.

Дәлелдемелерді жинау кезінде, егер олар заңсыз алынған болса, тергеу кезінде жиналған дәлелдемелерді жоққа шығаратын дәлелдерге ерекше назар аудару керек. Іс жүзінде бұл дәлелдер жедел-іздістіру шаралары барысында қылмыстық іс қозғалғанға дейін алынған, бірақ оны тергеу кезінде де алуға болады. Осы жолда қандай негізгі бұзушылықтар бар?

1. Провокация. Алдын ала жасалған сценарий бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін бойында криминалдық әуестігі бар адамдарды қылмыс жасауға көндіру жағдайлары бар. Немесе наркотиктерді, патрондарды, суық қаруларды және т.б. «қалтаға салу».

2. Құжаттарды бұрмалау. Бұл жалған құжаттар жасау немесе жалғандық жасау түрінде болады. Қарап-тексеру, тінту заттарды алып қою және т.б. хаттамалары сәйкес келмейтін уақытпен жасалады.

3. Заңсыз мәжбүрлеу. Ол қорқыту және психикалық зорлық-зомбылықтың басқа түрлері, физикалық зорлық-зомбылық, адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау түрінде көрінеді. Бұған жауап алу кезінде ұрып-соғу, қорлау, камераға жіберіп, ол жерде шыдамсыз жағдай жасау және т.б. болуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы заңсыз әрекеттер болып табылады және олардың негізінде алынған кез келген дәлелдемелер іс материалдарынан алынып тасталуы керек.

Адвокаттың міндеті – қандай да бір дәлелдемелердің заңсыз алынғанын дәлелдеу. Осылайша, дәлелдемелерді жинау кезінде адвокаттың басты міндеті, клиенттің кінәсі мен кінәсіздігін дәлелдеу емес, ең алдымен, заң мен азаматтардың құқықтарының бұзушылықтарын қорғау екенін есте ұстауы керек.



## 6 ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДВОКАТ

### 6.1 Адвокаттың қылмыстық процестегі қызметінің құқықтық негіздері, олардың маңызы мен дамуы

Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімнің қорғалу құқығына кепілдік береді. 13 бапта: «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы» деп жазылған. Ал 16 бапта: «Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы» деп көрсетілген.

Қорғану құқығы - білікті заң көмегін алудың нақты мүмкіндігі. Қорғаушы ұсталған кезден бастап клиенттің құқықтарының сақталуын бақылауға және оған қарсы заң бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік беретін барлық процедуралық ережелердің дұрыс сақталуын бақылауы керек.

1997 жылы 13 желтоқсандағы қабылданған Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, қорғаушы айып тағылған немесе сезікті деп танылған сәттен бастап іске жіберілуі бекітілді, яғни мемлекеттің адам құқықтарын қорғауға заңмен кепілдік берілген демократиялық қоғам құру бағытын ұстануды қалайтындығын көрсетті, өйткені ұсталған адам қорғаусыз қалғанда көптеген заң бұзушылықтар орын алады (жауап алудың заңсыз тәсілдері, беттестірулер және басқа да іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асырғанда заңды бұзу және т.б.). Бұл, жалпы алғанда, халықаралық тәжірибеге сәйкес келді. Қорғану құқығы көптеген халықаралық-құқықтық актілерде бар және белсенді қолданылады. Бұл қандай актілер? 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; 1966 жылғы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтары туралы пакт. Осы актілердің барлығында адвокаттың айыпталушының, күдіктінің, сотталушының қорғаушысы ретінде қатысуы қарастырылған. Қорғаушының бұндай қатысуы конституциялық принциптердің бірі және қылмыстық істі әділ және заңды қарау үшін қажетті фактор болып табылады.

Адвокаттың өз міндеттерін орындауы үшін берілген құқықтар қорғануға берілген құқықтың құрамына кіреді. Олардың бұзылуы қорғану құқығын өрескел бұзу болып саналады және әрқашан сот шешімінің жойылуына әкеледі.

ҚР ҚПК 64-бабына сәйкес, күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы

қамтамасыз етіледі, яғни адам нақты ұсталған сәттен бастап, адвокат бірден қамтамасыз етіледі.

Осы норма бұзылған жағдайда күдікті, айыпталушы туралы барлық айғақтар мен оның қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің нәтижелері сотпен заң бұзушылыққа жол беріліп алынған дәлелдемелер ретінде қаралуға тиіс.

Осы орайда кінәсіздік презумпциясы принципін құқықтық қамтамасыз етуге ерекше назар аудару керек. Қазақстан Республикасының Конституциясының 77-бабының 3-бөлігінің 1-тармақшасында: «адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі» деп жазылған. Кінәсіздік презумпциясы қылмыстық істі жүргізетін адамның жеке пікірі емес, объективті құқықтық ереже болып табылады. Сондай-ақ 77 баптың 3-бөлігінің 6-тармақшасына сәйкес, айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Кінәсіздік презумпциясы негізсіз айыптау мен соттаудың кепілі ғана емес. Айыптаудың сөзсіз дәлелденуі және сейілмеген күмәнді айыпталушының пайдасына түсіндіру туралы талаптар мемлекеттік органдарға істің мән-жайын объективті, бейтарап анықтауға бағыттайды, онсыз істі соттың әділ және негізді қарап шешуі мүмкін емес. Кінәсіздік презумпциясы принципінен ауытқу сот төрелігінде заңдылықты бұзуға және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға, шектуеге әкеледі. Кінәсіздік презумпциясы принципі әрбір өркениетті мемлекет үшін маңызды, ол адам құқықтары мен бостандықтары туралы барлық халықаралық құжаттарда бекітілген.

ҚР ҚПК кінәсіздік презумпциясы қағидасы 19 бапта бекітілген, онда былай деп жазылған:

1. Әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес.

3. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс.

4. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс».

Осы ережелердің барлығы халықаралық құқыққа сәйкес келеді және халықаралық қауымдастықпен мойындалған.

ҚР ҚПК азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жаңғыртатын және дамытатын бірқатар құқықтық принциптер бекітілген: адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау (12 бп), жеке бастың абыройы мен

қадір-қасиетін құрметтеу (13 бап), жеке басқа қолсұғылмаушылық (14 бап), қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау (15 бап), жазысқан хаттардың, телефон арқылы сөйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы (16 бап), тұрғынжайға қолсұғылмаушылық (17 бап) т.б.

Осылайша, қылмыстық процестегі адвокат қызметінің құқықтық негізі халықаралық құқыққа, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғауға және сайып келгенде сот төрелігіне ықпал ететін - қылмыстық істерді әділ шешуге мүмкіндік беретін заңдарға негізделген.

## **6.2 Адвокаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы өкілеттігі**

Тергеу барысында адвокаттың қорғаушы ретіндегі қызметі айыпталушыға немесе күдіктіге құқықтық көмек көрсетуге, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталуы керек.

ҚР ҚПК 70-бабының нормаларына сәйкес іске жіберілген кезден бастап қорғаушы: 1) күдіктімен, айыпталушымен саны мен ұзақтығы шектелмейтін оңаша және құпия кездесуге; 2) осы Кодексте көзделген тәртіппен, қылмыстық іс материалдарына міндетті түрде қоса тігілуге жататын, заң көмегін көрсету үшін қажетті нәрселерді, құжаттарды, мәліметтерді, сондай-ақ өзге де деректерді жинауға және ұсынуға; 3) күдіктіден, айыпталушыдан жауап алуға, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтінішхаты не қорғаушының өз өтінішхаты бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне және процестік әрекеттерге, оның ішінде қарап-тексеруге, тінтуге, алуға қатысуға; 4) қарсылық білдірулерді мәлімдеуге; 5) күдіктіге, айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын ұстап алу хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолданудың және күзетпен ұстаудың, ұйқамқтың мерзімін ұзарту туралы қаулымен, іс бойынша мерзімдерді ұзу туралы хабарламамен, күдіктінің немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, ал сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және айыптау куәларының тізімін қоспағанда, кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға, ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен көшірмесін түсіруге, күдіктіге күдікті деп тану туралы, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жария етілген кезде қатысуға; 6) өтінішхаттарды, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеуге; 7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, сот талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау

кезінде, соттың бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхаттарды қарауы кезінде, күзетпен ұстау, ұйқамақ мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттарды қарау кезінде, тергеу судьясы қорғаушы тараптың шағымдары мен өтінішхаттарын қараған кезде, айғақтар сақтауға қою кезінде сот отырысына қатысуға; 8) сот отырысының хаттамасымен танысуға, бұл ретте хаттаманың соңына өз қолын қоюға құқылы, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде осы бөліктің соңына қол қоюға және оған ескерту енгізуге; 9) өзіне және өзінің қорғауындағы адамға табыс етілуге жататын процестік құжаттардың көшірмелерін алуға; 10) қылмыстық процесті жүргізетін адамның және қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды процестік құжаттарға енгізуді талап етуге; 11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым келтіруге және оларды қарауға қатысуға; 12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға; 13) қорғауындағы адамның қатысуымен процестік әрекеттің өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ қорғаушы тараптың шағымдарын, бұлтартпау шарасын қолдану, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхаттарды қарауға байланысты барлық сот отырыстары туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган арқылы күні бұрын хабардар етілуге құқылы.

Осы ережелердің бірнешеуін толығырақ қарастырайық.

1. Ұсталған адаммен оңаша кездесу нақты қорғаудың құралы болып табылады. Қорғаушы өзінің клиентімен кез-келген уақытта оңаша, құпия түрде кездесіп қана қоймай, күдіктіден, айыпталушыдан бірінші жауап алынғанға дейін де кездесуге құқылы. Бұл бірыңғай ұстанымды қалыптастыруға және алғашқы жауап алуға дайындалуға мүмкіндік береді. Алғашқы жауап алу тергеудің маңызды кезеңі болып табылады, сондықтан істі әрі қарай тергеу айыпталушының және оның қорғаушысының ұстанымына байланысты болады. Кездесудің құпиялылығы әңгіме мазмұны туралы ақпарат алу үшін техникалық және басқа сипаттағы жедел-іздістіру шараларын жүргізуге тыйым салуды білдіреді.

Күдіктімен немесе айыпталушымен кездесулер 1999 жылы қабылданған «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары» туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Осы заңның негізінде қорғаушы ретіндегі өкілеттілігін растайтын адвокат куәлігін және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаны көрсетуі бойынша адвокатқа кездесуге рұқсат беріледі.

Кездесудің мақсаттары әр түрлі және істің мән-жайына, тергеу сатысына және т.б. байланысты болады. Егер сізді клиенттің өзі емес,

оның туыстары шақырса, бірінші кездесуде психологиялық байланыс орнату маңызды болып табылады. Әрі қарай, істің жай-күйін, қорғау тәсілдерін, қолда бар дәлелдемелерді және тергеу жолымен де немесе ҚР ҚПК 70 бабына сәйкес адвокаттың жеке өзі де қандай дәлелдемелерді жинау маңызды екенін талқылау қажет.

2. Дәлелдемелер жинау мәселесіне келгенде сіздің клиентіңіздің кінәсін дәлелдеу толықтай тергеудің міндеті екенін есте ұстаған жөн. Адвокаттың міндеті – тергеуден өзінің клиентінің кінәсіздігін көрсететін дәлелдемелерді де жинауды талап ету. Ал адвокаттың өзінің дәлелдемелер жинауы тергеу үшін кінәні анықтайтын дәлелдемелердің жоқтығын растау үшін жүргізілуі керек, яғни мұндай дәлелдемелердің мәні - айыпты жоққа шығаратын жағдайлар ғана.

3. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жариялағаннан кейін іске қатысушы адвокат оны күдікті ретінде тану туралы қаулымен танысып, оның мәнін нақтылап, уәждеп-сипаттау бөлігіне аса назар аударуы керек. Қаулы жарияланғаннан кейін адвокат өзінің клиентімен жеке кездесуді талап етуі керек, өйткені оның жай-күйі жағдайды дұрыс бағалауға немесе дұрыс шешім қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін. Мұны жауап алудың алдында жасау керек. Клиенттің тынышталуына көмектесу керек, өйткені алғашқы берілген айғақтар, көбінесе қорғаныс құруда шешуші фактор болып табылады. Егер тергеуші мұндай кездесуге қарсылық білдірсе, бұл заң бұзушылық болып табылады, ол туралы мәлімдеме жасау керек және жауап алудан бас тарту қажет.

4. Күдіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысу кезінде адвокаттың алдында тұрған міндет - жауап алудың заңға сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету, дөрекілік, қорқыту, физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылықты болдырмау, клиентті ақтайтын немесе оның кінәсін жеңілдететін фактілерді анықтауға көмектесу. Жауап алу уақыты мен орны туралы қорғаушыға тергеуші алдын-ала кез келген тәсілмен (факс, жазбаша және т.б.) хабарлайды. Жауап алу кезінде клиентті қорғаушы адвокат жауап алуды үзуге және клиентпен жеке кездесуді сұрауға құқылы. Хаттамаға қол қою кезінде адвокат куәлік жазбаларының дұрыстығы мен толықтығы туралы жазбаша ескертулер жасауға құқылы. Тергеу әрекеттеріне қатысу - қорғаушының құқығы, бірақ міндеті емес. Сондықтан, егер тергеу әрекеттерін қорғаушының қатысуымен жүргізу қажеттілігі туындаса, адвокат іске кіріскеннен кейін, тергеушіге қорғаушы мен айыпталушының (күдіктінің) қатысуынсыз ешқандай тергеу және іс жүргізу әрекеттерін жасамауы туралы өтініш беріп, өткізу орны туралы адвокатқа алдын-ала хабарлауды ұсынғаны дұрыс. Клиентінің қатысуымен жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға шешімді адвокат өзінің мүмкіндіктерін ескере отырып қабылдайды. Мұндай тергеу әрекеттерінің шеңберін айыпталушымен бірге адвокат іске кіріскен кезде де талқылағаны жөн. Тергеу барысында хаттама жүргізіліп,

оған барлық қатысушылар қол қояды. Тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша заң бұзушылықтар орын алған болса, ол туралы ескертулерді осы хаттамада көрсетуге болады, кейін осы тергеу әрекетін заңсыз деп тану үшін.

5. Егер адвокат клиент ұсталған сәттен бастап емес, клиентіне қатысты тергеу әрекеттері жүргізілгеннен кейін қатысса, адвокатқа қорғаушы ретінде іс бойынша пікір қалыптастыру үшін осы құжаттармен мұқият танысып шығуы керек, содан кейін іс бойынша біртұтас позицияны қалыптастыру үшін оны клиентке ұсынуы керек.

6. Іс материалдарымен танысу - адвокат үшін тергеудің маңызды кезеңі болып табылады. Осы кезеңде ол өзінің клиентіне қатысты істе жиналған барлық дәлелдемелермен толық танысуға мүмкіндік алады және оны бағалау негізінде қорғаушының ұстанымын нақтылайды. Қылмыстық іс материалдарымен танысу тергеудің жан-жақтылығын, толықтығы мен объективтілігін тексеруге мүмкіндік береді. Қылмыстық іс қол қойылып, қаламмен нөмірленуі керек, онда көрсетілген барлық құжаттар бөлек емес, іске бірге қосылып тігілуі керек. Қылмыстық іспен танысу үшін кестеге қол қою - бұл адвокаттың құқығы, міндеті емес, өйткені бұл кесте тергеушінің жұмыс құжаты болып табылады және оны қорғау үшін маңызы жоқ.

7. Өтінішхаттар мен қарсылық білдірулер туралы мәлімдемелер - алдын ала тергеу барысындағы адвокаттың қорғаушы ретіндегі қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Өтінішхат - адвокаттың қандай да бір іс-қимыл жасау немесе шешім қабылдау туралы ресми өтініші. Адвокат өзінің клиентін қорғау үшін маңызы бар барлық мәселелер бойынша өтінішхат беруге құқылы. Бұл жағдайда өтінішхаттың маңыздылығы мен оның негізділігін бағалау қажет. Қорғаушы егер қандай да бір бұзушылықты анықтаған болса, және оны болдырмау үшін қандай да бір әрекет жасау қажет деп санаса, ол бұл туралы өтінішхат беруге міндетті екенін түсінуі керек. Қорғаушы өтінішхат беру уақытын және сипатын таңдауда тәуелсіз, бірақ оларды клиентпен алдын-ала талқылағаны жөн. Өтінішхат ауызша және жазбаша түрде берілуі мүмкін. Ауызша өтінішхаттарды тергеуші тергеу әрекеттерінің хаттамасына тіркейді, ал жазбаша өтініштер іске қосылып тігіледі. Тергеуші өтінішхатты қарап, жауап беруі керек, адвокаттың өтінішхатын қараудан немесе оны қанағаттандырудан бас тарту жағдайында ол оны уәждеуге міндетті.

8. Тергеушінің іс-әрекеттеріне шағымдар - лауазымды тұлғалардың тергеуді сапалы, жедел және уақтылы жүргізуге мәжбүрлеу нысандарының бірі болып саналады.

9. Басқа тыйым салынбаған әдістерге келетін болсақ, бұл бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамдық пікірге үндеу немесе қолданыстағы заң нормаларын ескере отырып қолданылатын басқа да

әдістер, яғни ҚР ҚПК 70 бабында адвокаттың заң көмегін көрсетуге өтініш білдіру және оны жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға құқылы емес екендігі бекітілген.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілмеуге тиіс, мұндай мәліметтерді жария еткені үшін қорғаушы заңға сәйкес жауап береді. Алайда адвокат ҚР ҚПК 201 бабы сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жарияламауға бірінші кезекте тергеушіні міндеттейтінін естен шығармау керек. Осы баптың екінші бөлігінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қорғаушыға, және тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қатысқан басқа да адамдарға өзінің рұқсатынсыз істегі мәліметтерді жария етуге жол берілмейтіні туралы ескертеді, бұл туралы көрсетілген адамдардан жауаптылық туралы ескертіле отырып қолхат алынады.

### **6.3 Адвокаттың бірінші сатыдағы сотқа қатысуы**

Сот отырысындағы қорғаныс - бұл жауапты процесс және сотталушының тағдырында шешуші рөл атқарады. Кінәлілік, жауаптылық, сотталушы кінәлі ма, кінәлі емес па, бұл мәселелердің барлығын ақыр соңында сот белгілейді. Адвокаттың сот талқылауына дайындалуы - бұл шығармашылық процесс және көптеген жағдайларға байланысты болады. Біріншіден, адвокат сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қорғауды жүзеге асырды ма немесе сотта істі қарау барысында қорғаушы ретінде қатысты ма. Екіншіден, адвокат өзінің «тергеуін» жүргізді ме және өзі дәлелдемелер жинады ма, жоқ па деген мәселеге қатысты. Үшіншіден, істің күрделілік деңгейіне, адвокаттың, оның клиентінің және процеске қатысушы басқа адамдардың жеке тұлғалық дәрежесіне байланысты мәселелер.

Көрсетілген жағдайларды ескере отырып, адвокат процеске дайындық кезінде не істеуі керек?

1. Істің материалдарымен мұқият танысу.
2. Іс бойынша ұстанымды (позицияны) қалыптастыру.
3. Жазбаша өтінішхатты дайындау.
4. Адвокат жеке өзі жинаған дәлелдемелерді, әсіресе сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін жиналған дәлелдемелерді зерделеп, іс материалдарымен салыстыру.
5. Мүмкіндігінше балама мамандардың қорытындыларын алу.
6. Сотта қорғауды жүргізу тактикасын жасау.

Осы ұстанымдарды тереңірек қарастырсақ.

1. Іс материалдарымен мұқият танысуды, ең алдымен айыптау актісімен танысудан бастау керек. Бұл процессуалдық құжат қорғауыңыздағы адамның толық айыпталуын тұжырымдайды, ең бастысы,

айыптаудың қандай жағдайға негізделетінін және тергеуші бұл айыптауды қолдайтын қандай дәлелдер келтіретінін көрсетеді.

Айыптау актісі - бұл тергеуші жасаған схема, ал адвокат бұл құрылысқа сот отырысында қарсы тұруға тырысу керек. Айыптау актісін зерделеп болғаннан кейін, істің барлық материалдарын мұқият оқып шығуыңыз керек. Неліктен куә мұндай айғақтар берді, неге айғақтар тап осы нұсқада жазылған, айғақтар берудің стилі және басқалары, бір қарағанда, ұсақ-түйек. Бірақ адамның тағдырына байланысты мәселелерде ұсақ-түйек болмайды. Бұл жағдайда құжаттар қол жетімді болған кезде топтастырылады. Сондықтан бір куәдан бірнеше рет жауап алынуы мүмкін, алайда оның хаттамада бектіліген жауаптары істің әртүрлі томдарында болуы мүмкін. Сондықтан адвокат іспен танысу тәртібін анықтауы керек. Адвокат іс материалдарының бәрін бірден оқи ма, жоқ алдымен айыптау актісінде көрсетілген құжаттармен таныса ма немесе алдымен жәбірленушінің, содан кейін айыпталушының, содан кейін куәнің айғақтарын оқи ма оны өзі шешуі тиіс, содан соң басқа құжаттарды да тексеруге болады. Кез келген жағдайда істің материалдарымен толық танысу маңызды болып табылады.

Ал істе көрсетілген фактілерді бағалау және тексеру міндетін жеңілдету үшін адвокатқа осы хаттамаларды іске қатысушы адамдарға сәйкес біріктірген жөн, яғни әрбір адамға жеке карта парағын арнаған жөн, онда осы адамдардың берген айғақтарының іс бойынша парақтарын, том нөмірін, айғақ берілген күн, бұл айғақтардың қандай тергеу әрекетінің негізінде алынғанын т.б жайттарды белгілеген дұрыс, мұндай әрекет адвокаттың іс материалдарымен толық танысу міндетін жеңілдетеді.

Егер іс көп эпизодты болса, бұл іс бойынша бірнеше айыпталушылар болса немесе бір адам бірнеше қылмыс жасады деп айыпталса, айыптауды растайтын немесе жоққа шығаратын дәлелдемелер шоғырланатын әр эпизод үшін жеке (папка) іс жүргізу қағазын арнаған жөн. Адвокат істің материалымен танысқан кезде ең алдымен тергеу кезінде заң талаптарының сақталуына назар аударады. ҚПК нормаларының сақталуына ерекше назар аудару қажет, өйткені оларды елемей, бұзу, дұрыс қолданбау жағдайлары жиі кездеседі (сәйкес келмейтін датамен хаттамалар жасау, хаттаманы жасауға құқығы жоқ адамның хаттама жасауы және т.б.). Процессуалдық ережелерді бұзу дәлелдемелерді алудың заңсыздығына, және мұндай жолмен алынған деректерді іс материалдарынан алып тастауға әкеліп соғады, егер мұндай жағдай орын алса, адвокат қорғауды жүзеге асыру кезінде бұл туралы мәлімдеуге тиіс. Қылмыстық істі зерделеу кезінде адвокат сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қорғауындағы адамның құқықтарын құрметтеуге, әсіресе оның қорғауға құқығы қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударуы керек, өйткені қорғану құқығының бұзылуы заңның өрескел бұзылуы деп танылады және кез келген шығарылған шешімнің сөзсіз жойылуына әкеледі.



Іс материалдарын зерттеудің маңызды бөлігі тергеу кезінде жиналған дәлелдермен жұмыс жасау болып табылады. Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер - бұл қылмыстық іске қатысты маңызды мән-жайлардың болуы немесе болмауын анықтайтын кез-келген ақпарат.

Қандай да бір ақпараттың қылмыстық істе дәлелдеме ретінде танылуы үшін ол қатыстылығы, жол берілетіндігі талаптарына жауап беруі керек.

Дәлелдемелердің қатыстылығы оның мазмұны ҚР ҚПК тиісті нормасында көрсетілген жағдайларды анықтауға көмектеседі дегенді білдіреді. ҚПК 113-бабының негізінде келесі жағдайлар дәлелденуге жатады: 1) оқиға және қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері (оның жасалған уақыты, орны, тәсілі және басқа да мән-жайлары); 2) қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті кімнің жасағаны; 3) адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаудағы кінәлілігі, оның кінәсінің нысаны, жасалған іс-әрекеттің себептері, заңдық және іс жүзіндегі қателіктері; 4) күдіктінің, айыпталушының жауаптылық дәрежесі мен сипатына әсер ететін мән-жайлар; 5) күдіктінің, айыпталушының жеке басын сипаттайтын мән-жайлар; 6) жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарлары; 7) қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; 8) әрекеттің қылмыстық құқыққа қайшылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; 9) қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға әкеп соғатын мән-жайлар дәлелденуге жатады.

Дәлелдемелердің жол берілетіндігі келесі белгілермен сипатталады: 1) дәлелдемелерді ҚПК ережелеріне сай алу (112 б. 1 б.); 2) ақпаратты жинаудың жалпы ережелерінің, сондай-ақ нақты тергеу әрекеттерін жүргізу ережелерінің (куәдан жауап алудың, тінтуді жүргізудің процесуалдық шарттары мен тәртібі және т.б.) сақталуы; 3) күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және т.б. өтініштеріндегі, шағымдарындағы, өтінішхаттарындағы мәліметтер дәлелдеме мәртебесін заңда көзделген тәртіппен тексерілгеннен және расталғаннан кейін алады және т.б.

Дәлелдемелерді қалыптастыру әдісіне байланысты олар жеке (идеалды) және заттай (материалдық) болып бөлінеді. Жеке дәлелдемелер куәнің, жәбірленушінің, айыпталушының, күдіктінің және т.б. айғақтарында көрініс танытады. Заттай дәлелдемелер материалдық нысандарда бейнеленеді (оқиға болған жерден алынған іздер; қылмыс жасау құралдары; көшіру белгілері бар құжаттар т.б.).

Дәлелдемелер тікелей және жанама болып та бөлінеді. Тікелей дәлелдемелердің мазмұны қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәнінің элементтерінің мазмұнымен толық сәйкес келеді (мысалы, қылмыс туралы куәнің айғақтары). Жанама дәлелдемелер дәлелдеу пәніне кіретін

жағдайларды анықтауға көмектеседі, бірақ дәлелдеу пәнінің аралық кезеңі болып тыбылмайды (мысалы, кісі өлтіру себептерінің болуы).

Дәлелдемелер алғашқы және туынды болып та жіктеледі. Алғашқы дәлелдемелерге қылмысты тікелей көрген куәнің айғақтарын; оқиға болған жерден алынған заттай айғақтардың белгілері және т.б. жатады. Туынды дәлелдемелердің басты рөлі - бұл алғашқы дәлелдемелерді табуға және анықтауға көмектеседі. Егер іс бойынша қылмыс оқиғасының куәсі болған адамнан жауап алынса, басқа адамдардың оның сөздерінен алған барлық ұқсас айғақтары тәуелсіз дәлелдемелік мәнге ие болмайды.

Дәлелдемелердің анықтығын адвокат мынандай жолдармен бағалайды: а) ақпарат көзін, оған сену мүмкіндігі бойынша зерттеу; б) осы дереккөз ұсынған нақты деректердің мазмұнын талдау және ондағы ішкі қарама-қайшылықтарды анықтау; в) қарама-қайшылықтардың болуын немесе болмауын анықтау үшін бір көздің нақты деректерін басқа көздердің нақты деректерімен салыстыру; г) осы қарама-қайшылықтардың себептерін анықтау және жою бойынша шаралар қабылдау.

Істің материалдарын зерделеп болғаннан кейін, адвокат қылмыстық іс бойынша белгілі бір ұстаным (позиция) қалыптастыруға кірісу керек. Адвокат іске байланысты өзінің ұстанымын (позициясын) істегі бар дәлелдемелерді талдау, бағалау және тексеру негізінде, сондай-ақ өзі ҚПК сәйкес жинаған дәлелдемелерді тәуелсіз бағалауды және оларды істегі бар деректермен салыстырудың негізінде әзірлеуге тиіс. Бұл оған айыптаудың қай эпизоды бойынша дәлелдемелер жоқ екенін, қандай дәлелдемелер осы немесе басқа айыптауды дәлелдейтінін анықтауға, бұл дәлелдемелердің қайсысы жалған, қайшылықты, жол берілу белгісі жоқ екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

Іс бойынша құқықтық позицияны алдын-ала дамыту үшін қорғаушы заңнамалық материалдарға (ҚК, ҚПК), Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысының түсіндірмелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот практикасына жүгінуі керек.

Содан кейін адвокат айыпталушымен мына мәселелерді анықтау үшін кездесуі керек: 1) сот отырысында тағылған айып бойынша қорғану ұстанымын; 2) қорғауындағы адамнан қандай да бір себептермен іс материалдарына енбей қалған қосымша дәлелдемелердің болуын; 3) сот отырысында қандай өтінішхаттар дайындау және мәлімдеу туралы; 4) сот отырысы барысында клиентке оның құқықтары мен міндеттерін нақты түсіндіру; 5) сотта қорғаныс тактикасын белгілеу, сұрақ қою керек куәлардың тізімін және сұрақтарды жасақтау; 6) қосымша куәлардың аясын (оларды сот отырысына шақыру немесе өзі сұхбаттасу) және сұрақ қою тактикасын анықтау.

Қорғаныс позициясы клиенттің позициясынан өзгеше болмауы керек. Клиентке айғақтарды өзгертудің салдарын түсіндіру өте маңызды. Сотталушының сотта айғақтар беруден бас тартуы немесе тергеу

барысында берген айғақтарын өзгертуі, оның тергеу кезінде берген айғақтарын жария етуге алып келетінін білуі керек. Оның үстіне, ол сотқа айғақтардың өзгеру себебін түсіндіруі керек. Әсіресе куәлардың тізімін, олардың істе пайда болу себебін және дәлелдемелердің объективтілігін мұқият талқылау қажет. Егер куәнің айғақтары істің нақты жағдайларына қайшы келсе немесе адвокаттың ұстанымына қайшы келсе, бұл куәнің сотқа шақырылып, жауап алу үшін келуін қамтамасыз ету қажет. Сот куәнің мәлімдемелерін, егер олар дәлелді себептермен (сапарда болу, ауру жағдайына байланысты және т.б.) келмесе, жариялауға құқылы.

Сот талқылауының дайындық бөлігінде қорғаушы қосымша куәларды (болған жағдайда), сарапшыларды, мамандарды шақыру туралы, іс бойынша жіберілмейтін дәлелдемелерді сот талқылауының қарауынан алып тастау туралы әртүрлі өтінішхаттарды мәлімдеуге құқылы. Бұл өте маңызды, өйткені дәлелдемелердің болуы тергеудің толықтығын көрсетеді. Қорғаушы мұнан басқа да өтінішхаттарды мәлімдеуге құқылы, бірақ кез келген өтінішхат жақсылап ойластырылып мәлімделуі керек. Оны клиентпен алдын-ала келіскен жөн, кез келген өтінішхат клиенттің жағдайын нашарлатпай, клиенттің пайдасын көздеу керек және оның жағдайын жақсартатын ұстанымда болу керек. Өтінішхатты алдын-ала ойластырып, сотқа өз пікірін дәйекті жеткізу керек керек. Процесс барысында өз клиентін қорғаушы адвокат белсенді позицияға ие болуы керек, іс бойынша жиналған дәлелдемелерді зерттеуге, куәлардан, жәбірленушілерден, сарапшылардан және т.б. жауап алуға қатысуы керек. Әсіресе сотқа ҚПК 70-бабына сәйкес, яғни өздігінен жиналған дәлелдемелерді ұсынуда ерекше мұқият болу керек. Бұл мәселеде адвокаттың айыптау тарабынан артықшылығы бар, өйткені ол айыптау материалдарының бәрін біледі, ал айыптаушы адвокаттың қандай деректер мен дәйектер келтіретінін біле бермейді. Бұл сот шешіміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сот тергеуі аяқталған соң, сот жарыссөзі басталады. Сот жарыссөзінде адвокаттың сөзі де орын алады, оның мәні мен маңызы туралы біз жоғарыда айттық. Бірінші сатыдағы сотта адвокаттың қорғау сөзінен кейін жұмыс аяқталмайды. Басты сот талқылауының хаттамасымен танысу аса маңызды, хаттама компьютерлік, электрондық (аудио-, бейне түсіруді қоса алғанда), машинада жазу не қолмен жазу тәсілімен жасалады. Хаттаманы сот отырысының хатшысы жүргізеді, және адвокаттың, куәлардың және басқа да процеске қатысушылардың айғақтарын, берген жауаптарын еріксіз түрде бұрмалау жағдайлары жиі кездеседі. Қорғаушы сот талқылауының хаттамасына жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында ескертулер беруге құқылы. Ескертулерді қарау нәтижелері бойынша судья олардың дұрыстығын куәландыру не оларды қабылдамау туралы уәжді қаулы шығарады. Сот үкімі шыққаннан кейін қорғаушы клиентпен кездесіп, жарияланған үкімге апелляциялық шағым

беру қажеттілігін талқылауы керек, өйткені қорғаушының өз бетінше мұндай шешім қабылдауға құқығы жоқ. Егер клиент үкімге апелляциялық шағым келтіргісі келмесе, онда адвокаттың қорғаушы ретіндегі жұмысы аяқталады. Егер клиент жарияланған үкімге шағымдануға ниет білдірсе, онда адвокаттың қамқорлығының келесі кезеңі - апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттарды қорғау функциясын жүзеге асыру.

#### **6.4 Адвокаттың апелляциялық және кассациялық сот өндірісіне қатысуы**

Адвокаттың апелляциялық және кассациялық іс жүргізуге қатысуы, бұрын қарастырылған сатылардан айырмашылығы, заң тұрғысынан міндетті емес. ҚПК ешқандай адвокатқа бұл әрекетті жасауды міндеттемейді. Осылайша, адвокат өзінің клиентінің немесе оның заңды өкілдерінің өтініші болған жағдайда ғана осы сатыға қатыса алады. Бұл сатыларда іс жүргізуге тергеу мен бірінші сатыдағы сот кезеңіндегі қорғауды жүзеге асырған адвокат немесе жаңадан шақырылған мүлдем басқа адвокат та қатыса алады.

Жаңа адвокат шақырылған жағдайда оның міндеті, ең алдымен, тергеу және сот отырыстарының барлық материалдарын мұқият танысу болып табылады. Іс материалдарымен танысу біз сот талқылауына дайындалу барысында қарастырғандай жүзеге асырылады. Егер бұрынғы адвокат қалса, онда ол іс материалдарымен таныс, яғни куәлардан, жәбірленушілер және т.б. оның қатысуымен жауап алынды. Бірақ бәрібір барлық істі қайта оқып шығу артық етпейді, оны жаңа көзқараспен қарауға тырысып, істегі жиналған дәлелдемелерді қайта бағалап, шешімнің неге адвокат пен оның клиенті қалағандай болмағанын түсіну керек. Егер мұны түсінсеніз, онда апелляциялық шағымда дәлелдемелерді басқаша қолдана аласыз, қосымша дәлелдемелердің де табылуы мүмкін, өйткені адвокаттың тергеуі уақытпен шектелмейді.

Сот үкімін талдау негізінде, оның заңды, негізделген және дәлелді екендігіне, яғни қылмыстық-процестік кодекстің талаптарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізу керек. Сот үкімінде қылмыс оқиғасы туралы, қылмыс жасаған адамдардың кінәсі немесе кінәсіздігі, істің мән-жайлары туралы жасалған тұжырымдар сот отырысы хаттамасының мазмұнына дәлме-дәл сәйкес келуі керек. Үкімде сот тергеуі кезінде айтылмаған немесе зерттелмеген ештеңе болмауы керек. Клиентпен кездесіп, онымен қорғану тактикасын және барлық анықталған бұзушылықтарды немесе олардың болмауын талқылау қажет. Кейде апелляциялық шағым негізсіз болуы мүмкін, өйткені оны дәлелдейтін ештеңе жоқ, бірақ клиенттің қалауы адвокат үшін маңызды. Бұл мораль мен этика мәселесі.

Апелляциялық шағым жазбаша беріледі, ол қисынды, уәжді және дәйекті болуы керек. Апелляциялық шағымның болжамды құрылымын

қарастырып көрейік. 1. Кіріспе бөлігі. 2. Сипаттау-уәждеу бөлігі. 3. Қарар (сұрау) бөлігі.

Кіріспе бөлігінде апелляциялық сатыдағы соттың атауы, шағым берген адамның процестік жағдайы, тұрғылықты жері немесе тұрған жері, онымен хабарласудың байланыс құралдарының нөмірлері көрсетіле отырып, ол туралы деректер көрсетіледі.

Сипаттау-уәждеу бөлігінде үкімнің, қаулының қай бөлігінде немесе оларға толық көлемде шағым берілгенін шағым берген, адамның өз пікірі бойынша сот үкімінің, қаулысының дұрыс еместігі неде екендігі, сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыру немесе істі қарау кезінде заңның қандай нормаларының бұзылғаны және мұның ол бойынша шешім қабылдауға әсер еткені туралы дәлелдері және оның өтінуінің мәні; шағымның, авторы өз талаптарын негіздейтін, оның ішінде бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелер; шағымға қоса берілетін материалдардың тізбесі көрсетіледі. Апелляциялық шағым берілген күн және шағым авторының қолтаңбасы қамтылуға тиіс.

Қарар бөлігінде адвокаттың сұранысы көрсетіледі: бірінші сатыдағы соттың үкімін толық немесе ішінара жою немесе іс бойынша басқа шешім қабылдау, істі қосымша тергеуге жіберу және т.б. Қарар (сұрау) бөлігінде балама шешімдер сұрау немесе сотқа не және қалай жасау керектігі туралы нұсқау беру орынсыз. Апелляциялық шағым үкім шығарған сот арқылы беріледі. Адвокаттың апелляциялық отырысқа жеке қатысуы маңызды болып табылады. Адвокаттың апелляциялық отырыста сөйлеген сөзі бірінші сатыдағы соттағы қорғаныс сөзіне ұқсамайды, өйткені апелляциялық отырыста үкімді немесе басқа даулы құжатты (прокурордың өтінішхаты, жәбірленушінің шағымдары және т.б.) не себепті жою керектігін сенімді түрде дәлелдей білу керек.

Егер сот адвокаттың шағымын дәлелді деп тапса, бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгертеді. Екінші сатыдағы соттың адвокаттың апелляциялық шағымын қанағаттандырусыз қалдыруы, оның бұл шешімге кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігінен айырмайды. Дәлелді кассациялық шағым жасау үшін адвокаттың істің барлық материалдарын білуі қажет, өйткені барлық инстанциялардағы бұзушылықтарға сілтеме жасауы керек, соның ішінде екінші сатыдағы сот нені ескермегенін көрсете білу керек.

Занды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхат, жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына беріледі. Өтінішхатта ҚПК 423-бабында санамаланған мән-жайлардан басқа, іс бойынша іс жүргізу кезінде қандай заң бұзушылыққа жол берілгені және осы бұзушылықтар шығарылған сот шешімдерінде қалай көрініс тапқаны және шағым жасалып отырған сот актісін қайта қарау үшін ҚПК 485-бабында санамаланған негіздердің қайсысы бар екені көрсетілуге тиіс.

Өтінішхатта оны берген адамдардың қатысуымен немесе қатысуынсыз қаралатыны туралы көрсетілуге тиіс. Өтінішхатқа өтінішхат дәлелдерінің негізділігін растайтын материалдар қоса берілуге тиіс.

Өтінішхат берген адвокат өз пікірі бойынша, шағым жасалып отырған шешімнің неге байланысты заңсыз, негізсіз, әділетсіз болып табылатыны туралы уәждері мен дәлелдерін баяндайды. Өтінішхат берген адвокат сот отырысы басталғанға дейін өз өтінішхатын, өзгертуге не жаңа дәлелдермен толықтыруға құқылы және кассациялық сатыда қаралғанға дейін оларды кері қайтарып алуы мүмкін.

## **6.5 Алқабилер сотындағы адвокаттық қызметтің ерекшеліктері**

ҚР Конституциясының 75-бабына сәйкес заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады. ҚР ҚПК 65-бабында айыпталушының қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бектіліген. Сот: төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру; бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар; террористік және экстремистік қылмыстар; соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар; қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар т.б. туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істерді алқабилердің қатысуымен қарайды.

Бірақ істің алқабилер сотымен қаралуы үшін тергеу әрекеттері аяқталғаннан кейін күдікті бұл туралы өз өтінішхатын жазбаша түрде білдіруі керек. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттерін жүргізу аяқталғаннан кейін күдіктіні істің барлық материалдарымен таныстыру кезінде оған соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат беру құқығын, сондай-ақ алқабилер қатысқан соттың үкіміне шағым жасау және шағымды қарау ерекшеліктерін қоса алғанда, осындай өтінішхатты қанағаттандырудың құқықтық салдарын түсіндіруге міндетті.

Істің барлық материалдары танысу үшін ұсынылған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын ала тындауда, бірақ сот басты сот талқылауын тағайындағанға дейін күдіктінің, айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар. Сот басты сот талқылауын тағайындағаннан кейін айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты қабылданбайды.

Адвокат клиенттің өтінішхатының ерікті сипатта екендігін аса назарда ұстап бақылауы керек. Алқабилер сотының сотталушы үшін

жағымды да, жағымсыз да жақтары болуы мүмкін, мұндай өтінішхатты мәлімдеу алдында клиентте фактілермен расталмайтын иллюзиялар болмауы үшін, бұл мәселені онымен келісіп шешу керек. Егер клиент оның ісін алқа билердің қатысуымен қарайтын сот процесіне ниет білдірсе, онда адвокат клиентке алқабилер сотына қатысты орындалуы қажет көптеген талаптарды түсіндіруге міндетті, мысалы: алдын ала тыңдау өткізудің ерекшеліктері, алдын ала тыңдауды сотталушыларды және олардың қорғаушыларын міндетті түрде қатыстыра отырып қарау (ҚР ҚПК 636-бабы); сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау тәртібі (ҚР ҚПК 638-бабы), алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттары (ҚР ҚПК 645-бап); алқабилер қатысатын сот шығарған үкімдер мен қаулыларға шағым жасау және қайта қарау (ҚР ҚПК 661-бап) т.б.

Сонымен қатар, егер іс бойынша бірнеше адам айыпталса, егер олардың ең болмағанда біреуі қылмыстық істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, соттың оны алқабилердің қатысуымен қарауы барлық сотталушыларға қатысты жүргізілетінен де естен шығармай, клиентке ескерту керек және осы тұрғыдан мұндай ұстанымды абден келісіп алу керек.

Адвокат клиентке оның ісінің алқабилер сотында қаралуы туралы өтінішхатының қаншалықты дұрыс немесе дұрыс емес екендігі туралы, орынды немесе орынсыз екендігі туралы өз пікірін білдірмеуі керек.

Адвокат тек қорғауындағы адамның назарын істің материалдары бойынша алқабилер сотының қарауына қолайлы жағдайлар немесе қолайсыз жағдайлар туралы ғана айтуы тиіс (мысалы: айыптау жеткіліксіз дәлелдерге негізделген, тергеу біржақты, толық емес жүргізілді, айыптау заңның, күдіктінің, айыпталушының, куәнің конституциялық және процесуалдық құқықтарын бұза отырып алынған жол берілмейтін дәлелдемелерге негізделеді; айыпталушы өзінің жасаған қылмысы бойынша кінәсін мойындап және ол жағымды сипатталса, айыпталушының қылмысты бірінші рет жасауы т.б.).

Алдын ала тыңдау кезінде адвокат дәлелдемелердің жол берілетіндігіне қатысты мәселелерге ерекше назар аударуы керек. Алдын ала тыңдауда дәлелдемелер ретінде жол берілетінін тексеру үшін іс материалдары жария етілуі мүмкін.

Егер қандай да бір дәлелдемелер істен алынып тасталса, мұндай дәлелдемелер туралы алқабилер соты хабардар етілмейді. Егер тергеу барысында қандай да бір себептермен (мысалы, тактикалық себептер бойынша) адвокат істегі заң бұзушылықтармен алынған, жол берілмейтін дәлелдемелерді алып тастау туралы өтінішхат білдірмеген болса немесе мұндай өтініш берген болса, бірақ тергеуші оны негізсіз қанағаттандырмаса, адвокат мұндай өтінішхатты алдын ала тыңдау кезінде білдіруі керек. Бұл жерде айтылып отырған мәселе айыптау

актісінде көрсетілген дәлелдемелерге қатысты. Адвокат қандай да бір дәлелдеменің не үшін жарамсыз екенін немесе оны алу барысында қандай заңның талаптарының бұзылғаны туралы уәжді түрде мәлімдеуі керек.

Алқабилерді іріктеу өте маңызды кезең болып табылады. Алқабилердің істің нақты мән-жайына байланысты сотталушының кінәлілігіне қатысты, сондай-ақ сотталушының қандай да бір кешірімге немесе ерекше кешірімге лайықты екендігі туралы келісілген әділ шешім қабылдауы оның сапалық құрамына байланысты.

Сотталушы істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе немесе бұл туралы бұрын мәлімделген өтінішхатты растаса, судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда істі алқабилер қатысатын соттың қарайтынын көрсетеді және осы сот отырысына шақырылуға жататын алқабиге кандидаттардың санын айқындайды, олардың саны жиырма бестен кем болмауға тиіс.

Басты сот талқылауы тағайындалғаннан кейін төрағалық етушінің өкімі бойынша сот отырысының хатшысы соттағы бірыңғай және қосалқы (жылдық) тізімдерден алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдауды жүргізеді.

Қолданыстағы ҚПК сәйкес алқабиді істі қараудан мынандай негіздер бойынша босатылуы мүмкін:

- 1) төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы бойынша;
- 2) өздігінен бас тарту бойынша;
- 3) қарсылық білдіру бойынша;
- 4) алқабиге кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру арқылы.

ҚР ҚПК 639-бабына сәйкес алқабилерге кандидатты істі қарауға қатысудан босату туралы мәселені объективті түрде шешу мақсатында төрағалық етуші, сондай-ақ тараптар алқабилерді іріктеу кезінде кандидаттарға алқабилер алқасын қалыптастыру үшін маңызы бар сұрақтарды қоя алады. Сұрақтарды қою тәртібін төрағалық етуші айқындайды.

Төрағалық етуші: 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетін немесе айыпталатын; 2) сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдарды, мылқауларды, саңырауларды, зағиптарды; 3) мүгедек болып табылатын басқа да адамдардың сот отырысына толыққанды қатысуын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық не техникалық мүмкіндіктері болмаған кезде, оларды процеске қатысушылармен талқыламастан, алқабиді міндеттерін атқарудан босатады. Сондай-ақ, алпыс бес жастан асқан адамдарды; үш жасқа толмаған балалары бар әйелдерді; өзінің діни нанымына байланысты өзінің сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы мүмкін емес деп есептейтін адамдарды; қызметтік міндеттерін орындаудан алаңдатылуы қоғамдық және мемлекеттік мүдделерге едәуір зиян келтіруі мүмкін адамдарды



(дәрігерлер, мұғалімдер, әуежолдарының ұшқыштары және басқалар); сот отырысына қатыспау үшін дәлелді себептері бар өзге де адамдарды, олардың ауызша немесе жазбаша өтініші бойынша, процеске қатысушылармен талқыламастан, алқаби міндеттерін атқарудан босатуы мүмкін.

Сотталушы және оның қорғаушысы төрағалық етуші арқылы алқабиге кандидаттардың қайсыбірінен өзін таныстыруын сұрауға құқылы.

Алқабилер арасында алдын-ала болжанған пікірлердің болуы тұрақты саналы немесе санасыз айыптауды қалыптастыруға әкеледі, бұл олардың айыптау тарабының ғана келтірген дәйектері мен дәлелдерін қаперіне алуға, қорғау тарабының дәлелдеріне қатысты қабылдауының мүлдем болмауына немесе оларды жеткілікті түрде дұрыс қабылдауына алып келеді.

Сондықтан ҚР ҚПК 650-бабында сотталушының бұрынғы сотталғандығына байланысты, оны құнықпа маскүнем немесе нашақор деп тану туралы мән-жайлар, сондай-ақ алқабилердің сотталушыға қатысты теріс түсінігін туғызуға ықпал ететін өзге де мән-жайлар алқабилердің қатысуынсыз зерттелуге тиіс деген норма бектіліген.

Қорғау үшін қауіпті мұндай екіжақты пікірлер, мысалы, келесі адамдарға тән: - өздері (немесе олардың туыстары, жақын адамдар) қаралып жатқан қылмысқа ұқсас қылмыстан зардап шеккен адамдар; - өлім жазасын мақұлдайтын адамдар; - теріс стереотиптерді қолдайтын адамдар және т.б.).

ҚР ҚПК 643-бабына сәйкес сотталушының немесе оның қорғаушысының алқабиге уәжсіз қарсылық білдіру құқығы көзделген.

Кемінде 17 алқаби қалуы керек, ал егер уәжді қарсылық білдіруден кейін 12-ден көп болса, онда бірінші кезекте прокурор содан кейін қорғаушыға алқабиге уәжсіз қарсылық білдіру құқығы беріледі.

Сотта істі қарайтын алқабилер алқасы негізгі құрамдағы (алқабилер алқасының құрамын құрайтын) он және қосалқы екі алқаби құрамында жеребе тастау арқылы құрылады.

Сотталушы өзінің қорғаушысына алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығын жүзеге асыруды тапсыруға құқылы. Егер сотталушы өзінің алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығынан бас тартса, онда қорғаушы оның келісімінсіз алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіруге өз бетінше қатысуға құқылы емес.

Қарсылық білдіру туралы мәселені шешу кезінде немесе алқабилер алқасын құру кезінде оның құрылуының дұрыстығына ықпал еткен қандай да бір бұзушылыққа жол берілсе, сондай-ақ бір немесе одан да көп алқабиді мемлекеттік құпияға жіберуден бас тартылған жағдайда, төрағалық етуші алқабилер алқасының құрылуын жарамсыз немесе ол

құрылған жоқ деп жариялайды және алқабиге кандидаттарға толық көлемінде қайта іріктеу жүргізеді.

Төрағалық етуші алқабилерге ант қабылдауды ұсынып, өтініш жасайды. Қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабиге ретінде қатысу үшін ҚР ҚПК белгіленген тәртіппен іріктеліп алынған адам ант қабылдайды.

Алқабиге қатысты келтірілген қарсылық білдірулер судьяның дәлелді қаулысымен қанағаттандырылуы немесе қанағаттандырылмауы мүмкін. Қарсылық білдіру туралы өтінішхаттар алқабилер ант бергенге дейін мәлімделеді.

Алқабилердің әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары туралы белгілі бір ақпарат алу үшін адвокат әр кандидат толтырған сауалнамамен таныса алады және ҚПК сәйкес оларға сұрақтар қоя алады.

Алқабилер қатысатын сот тергеуінің әдеттегі кәсіби судьялардың қатысуымен өтетін сот тергеуінен ерекшелігі, алқабилермен психологиялық байланыс маңызды рөл атқарады. Осы кезде адвокат қызметіндегі шешендік және психологиялық әдістер толығымен қолданылуы керек. Адвокат осы әдістерді қолдана отырып толық ашылуға және клиентіне неғұрлым жақсы көмектесуге мүмкіндік алады. Бұл үшін адвокат, ең алдымен, шыншылдық танытуы және қылмыстық істің материалдарын мұқият зерделеуі арқылы нақты жағдайларды анықтау үшін мынандай жағдайларға аса назар аударуы және осы мәселелерге қатысты тиісті мәлімдемелер жасау керек: - сотта дәлелдемелердің қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы мен жеткіліктілігі туралы дау туғызу; - сотталушыға тағылған айыптардың заңдылығы мен негізділігі; - сотта тергеудің жан-жақты, объективті, толыққанды емес, біржақты жүргізілуінің салдарынан, істің мән-жайын зерттемей айыпталушыны ақтап немесе оның жауапкершілігін жеңілдетін жағдайларды ескермей жүргізілгендігі туралы мәлімдеме жасау; - істің мән-жайлары туралы айыпталушыны толық немесе ішінара ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін өзінің қорғау ұстанымдарын мәлімдеу т.б. Адвокат міндетті түрде әрбір жасаған мәлімдемесінің ҚПК сәйкес өзі жинаған, ұсынған дәлелдемелермен дұрыстығын растауы керек.

Адвокаттың сот тергеуіндегі және сот жарыссөздеріндегі барлық істері алқабилер мен төрағалық етушіні қорғаудың таңдалған позициясының дұрыстығы мен әділдігіне сендіруге бағытталған болуы керек.

Сот тергеуі аяқталғаннан кейін алқабилер қатысатын сот тараптардың жарыссөзін тыңдауға көшеді. Алқабилер қатысатын сотта тараптардың жарыссөзі екі бөліктен тұрады.

Жарыссөздің бірінші бөлігі мемлекеттік айыптаушының, жәбірленушінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады, олар сотталушының бұрынғы сотталғандығын еске салмай, оның

кінәсінің дәлелденгені немесе дәлелденбегені жөніндегі өз ұстанымдарын баяндайды.

Тараптар алқабилер қатысатын соттың қарауына жатпайтын мән-жайларды еске салмауға және сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасамауға тиіс. Төрағалық етуші мұндай сөздерді үзіп тастайды және алқабилердің үкім шығару кезінде осы мән-жайларды есепке алмауға тиіс екендігін оларға түсіндіреді.

Жарыссөздің екінші бөлігі мемлекеттік айыптаушының, сондай-ақ жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, қорғаушының және сотталушының сөздерінен тұрады, оларда сотталушының әрекеттерін саралау, жаза тағайындау, азаматтық талап қою мәселелері бойынша ұстанымдары баяндалады. Жарыссөздің екінші бөлігі алқабилердің қатысуынсыз өткізіледі.

Сотталушы жасады деп айыпталып отырған іс-әрекеттердің әрқайсысы бойынша алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың мазмұны мынандай болады: 1) іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме; 2) бұл іс-әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденді ме; 3) бұл іс-әрекеттің жасалуына сотталушы кінәлі ме.

Алқабилер мен төрағалық етуші судьяда бұл мәселелер бойынша дұрыс пікір, ішкі сенім қалыптасуы үшін сот тергеу басталғаннан бастап айыптаудың ғана емес, сонымен бірге қорғаушының да ұстанымын білуі керек.

Бұл жағдайды қамтамасыз ету үшін адвокат сот отырысының басында прокурордың айыптау қорытындысын жариялағаннан кейін өз өкілеттіктерін жүзеге асыра отырып, клиенттің оған тағылып отырған айыптың мәні түсінікті ме және ол өзін кінәлі деп санай ма деген сұрақтар бойынша айғақтарын қысқаша, нақты және түсінікті баяндауы үшін дайындауы керек. Тәжірибе көрсеткендей, алғашқы әсер ең тұрақты болып табылады. Алғашқы қадамдардан бастап алқабилердің де, төрағалық етушінің де сеніміне ие болу өте маңызды.

Қолданыстағы заңға сәйкес сотталушыны теріс сипаттайтын ақпаратты жариялауға тыйым салынды (бұрын соттылығы болғаны, нашақұмарлығы және т.б.). Айыптау тарапынан мұндай тыйым кейде бұзылып тұрады. Мұндай жағдай орын алғанда адвокаттың реакциясы ашулану түрінде болмауы керек, бірақ іс үшін маңызды емес ұсақ-түйектерде де айыптау тарапының заңды бұзғандығын және оған тиісті түрде құрмет көрсетпегендігін алқабилерге ескерту түрінде болуы керек.

Адвокаттың өзі де клиентін «ақ періште» ретінде көрсетпеуі керек. Көп эмоцияға берілмей істің нақты мән-жайын баяндауы тиіс. Мұндай ұстанымда болу алқабилер және төрағалық етуші тарапынан адвокатқа деген сенімді арттырады, ал сот процесіндегі сенім аса маңызды мәселе.

Сонымен қатар, алқабилер сотында қорғаудың ерекшеліктеріне бірнеше айыпталушылар болған кезде олардың өзара ұстанымдары әртүрлі болғанда қорғауды жүзеге асыруды атауға болады.

Алқабилер сотында сотталушылардың қарама-қайшылықты ұстанымда болуы қылмыстық сот ісіндегі ең қауіпті жағдайлар деп айтуға болады, әр сотталушы өз кінәсін мойындамай, басқаларға жала жабуы арқылы, алқабилерде сотталушы басқа бір сотталушы үшін кәнәсін мойындағандай болып, ішкі-сенім, пікір дұрыс қалыптаспауы мүмкін, яғни кері әсер қалдырады.

Алқабилер сотында жауап алынатын адамдарға айыпталушыны қылмыс жасады деп немесе осы қылмыс үшін оның жауапкершілігін ауырлататын жағдайларды анықтауға бағытталған сұрақтарды қоймауға тырысу керек екендігін де ұмытпаған жөн және сотталушының жағдайын қандай да бір нашарлататын жауаптардың да болмағаны дұрыс.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, адвокаттардың алқабилер сотына қатысты іс жүргізу заңнамасы нормаларын, шешендік өнері, психологияны және тағы басқаларын жақсы білуі болған жағдайда ғана адвокаттың қорғауды жоғары деңгейде жүзеге асыруы мүмкін деп ойлаймыз, бұндай кәсіби шеберліксіз адвокаттың алқабилер сотында жеңіске жетуі екіталай.

## **6.6 Адвокаттың жәбірленушінің мүдделерін білдіруі**

Қылмыстық процессте жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін, ең алдымен, осы үшін барлық өкілеттіктерге ие мемлекеттік органдардың қызметі қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, лауазымды тұлғалар мүдделі тұлғалардың өтініштеріне қарамастан осы өкілеттіктерді жүзеге асыруы керек. Соған қарамастан, заң жәбірленушіге өз құқықтарын қорғауға, соның ішінде адвокат бола алатын өкілдің көмегіне кең мүмкіндіктер береді.

Жәбірленуші ретінде қылмыстық құқық бұзушылық өзіне тікелей моральдық, тәндік немесе мүліктік зиян келтірді деп пайымдауға негізі бар жеке және заңды тұлға танылады, ол тиісті органның қаулысымен жәбірленуші ретінде танылады. Тек содан кейін, ҚР ҚПК 71-бабының 6-тармағына сәйкес жәбірленушінің өкілі бола алады. Жәбірленуші деп тану туралы қаулының болуы адамға процессуалдық құқықтар береді. Зиян келтірілді ме келтірілмеді ме сот анықтайды. Жасалған қылмыс және оның салдарын кейде жәбірленуші өзінің заңсыз немесе азғын әрекеттері арқылы оны жасауға ықпал еткен жағдайлар жиі кездеседі.

Әдетте, жәбірленуші өкілді өзі шақырады, ал егер өзі шақырмаса қылмыстық процесті жүргізетін орган адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшесі үшін міндетті қаулы шығару арқылы адвокаттың қатысуын қамтамасыз етеді. Жәбірленушіде қаражат

болмаған жағдайда, адвокаттың еңбегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғаушы ретінде нақты адвокатты шақыруды ұсынуға құқылы емес.

Жәбірленуші іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында өкілден бас тартуға құқылы. Адвокатқа жәбірленушінің өкілі ретінде қатысу, егер оның мүддесін білдіруге кедергі келтіретін негіздер болмаса, заң консультациясы берген өкілдік ету туралы жазбаша хабарламамен рұқсат етіледі.

Адвокаттың қылмыстық процестегі қорғау функциясынан өкіл ретінде атқаратын қызметі өзара ерекшеленеді. Өйткені, жәбірленушінің әрекеті айыптаушы болып табылады, жәбірленуші оған зиян келтірген адамды әшкерелеуге және жазалауға мүдделі, сондықтан жәбірленушінің өзі және оның өкілі айыптаудың қолда бар дәлелдемелерін толықтырады. Адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде тергеудің толықтығы мен объективтілігін бақылауы керек. Егер өз клиентіне зиян келтірген адамдардың барлығы жауапқа тартылмаса, егер айыптау нақты қылмысқа қарағанда жеңілірек деп тапса, тиісті адамдардың жауапкершілікке тартылуын немесе айыптау көлемін кеңейту туралы өтініш беруі керек.

Жәбірленуші мен оның өкілі қылмыстық істің барлық материалдарымен, атап айтқанда тергеу аяқталған кезден бастап іс айыпталушыға танысу үшін ұсынылғанға дейін танысуға құқылы. Істің материалдарымен танысқаннан кейін жәбірленуші мен оның өкілі тарапынан өтінішхаттар болса, тергеуші оларға жауап беруі керек.

Жәбірленушінің өкілі сот отырыстарына, сот тергеуіне, сот жарыссөздеріне дәлелдемелер ұсыну, өтінішхаттар беру арқылы қатысады.

Адвокат жәбірленушінің ұстанымымен және айыпталушының жазасын көбейту ниетімен толықтай байланысты емес. Сот жарыссөзіне қатысқан жәбірленушінің адвокаты прокурор емес екенін және өзінің сөзінде айыпталушының жеке басын, жазаның сипаты мен оның мерзімін, сотталушының іс-әрекетін құқықтық тұрғыдан сипаттайтын мәселелерді қозғамауы керек екендігін естен шығармауы тиіс.

Сот үкімі шыққаннан кейін жәбірленуші мен оның өкілі шағымдануға және жеке шағымдануға құқығы бар. Өкілдің өкілеттігі жәбірленушінің келісімімен анықталады және оған толықтай тәуелді, яғни, жәбірленуші кез келген уақытта өкіл жасаған кез келген құжаттан бас тарта алады. Өкілдің құқықтары заңмен қарастырылған және кеңінен түсіндіруге жатпайды.

Жәбірленушінің адвокаты өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да бір әрекеттер жасауға құқылы емес.

## 7 АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДВОКАТ

### 7.1 Азаматтық процестегі адвокаттың сотқа дейінгі сатыдағы қызметі

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Азаматтық-процестік кодексіне сәйкес әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Сотқа жүгіну құқығы азаматтардың азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер және басқа құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша құқықтарын қорғаудың сенімді кепілі болып табылады. Бұл құқықты барлық мүдделі адамдар, яғни, Қазақстан азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетел азаматтары қолдана алады,

Сотқа жүгіну құқығы тек заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады: талап арыз немесе арыз беру (ерекше талап қою істері бойынша), апелляциялық немесе кассациялық шағым беру және т.б.

Сотқа жүгіну құқығы құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз етілген: азаматтық сот ісін жүргізудің қағидаттары, қорғаудың соттық нысаны, азаматтық іс жүргізу заңнамасында талап арызды қабылдаудан бас тарту, қайтару үшін негіздердің бекітілуі және т.б.

Азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады. Сондай-ақ, мемлекеттік басқару саласындағы жария-құқықтық қатынастардан туындайтын ерекше талап қою ісі жүргізілетін істер соттардың ведомстволығына жатады.

Соттар қарауына тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді. Корпоративтік дауларға олардың тарапы коммерциялық ұйым, коммерциялық ұйымдар қауымдастығы (одағы), коммерциялық ұйымдар және (немесе) жеке кәсіпкерлер қауымдастығы (одағы), Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзін-өзі реттейтін ұйым мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым және (немесе) оның акционерлері (қатысушылары, мүшелері), оның ішінде бұрынғы акционерлері (бұдан әрі – корпоративтік даулар) болып табылатын: 1) заңды тұлғаны құруға, қайта ұйымдастыруға және таратуға; 2) өзіне акционерлік қоғамның акцияларын, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, кооперативтер мүшелерінің пайларын қамтитын мұраға қалдырылған мүлікті бөлуге немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін

бөлуге байланысты туындайтын дауларды қоспағанда, акционерлік қоғамдар акцияларының, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің, кооперативтер мүшелері пайларының тиесілілігіне, олардың ауыртпалықтарын анықтауға және олардан туындайтын құқықтарды іске асыруға, оның ішінде олармен жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тануды; 3) лауазымды адамдардың, құрылтайшылардың, акционерлердің, қатысушылардың (бұдан әрі – заңды тұлғаға қатысушылар) және өзге де тұлғалардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) заңды тұлғаға келтірілген залалдарды өтеу туралы талаптарға; 4) мәмілелерді жарамсыз деп тануға және (немесе) осындай мәмілелердің жарамсыздығының салдарларын қолдануға; 5) заңды тұлғаның басқару органдарының құрамына кіретін немесе кірген адамдарды тағайындауға немесе сайлауға, өкілеттіктерін тоқтатуға, тоқтата тұруға және олардың жауаптылығына, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруға, тоқтатуға, тоқтата тұруға байланысты осындай адамдар мен заңды тұлға арасындағы азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға; 6) бағалы қағаздар эмиссиясына; 7) акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға құқықтарды ескере отырып, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінің жүргізілуіне, сондай-ақ бағалы қағаздарды орналастыруға және (немесе) олардың айналымына байланысты дауларға; 8) акциялар эмиссиясын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануға; 9) заңды тұлғаға қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру мен өткізуге және онда қабылданған шешімдерге; 10) заңды тұлғаның басқару органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуға байланысты даулар жатады.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы істерді, дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту және олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы істерді де қарайды.

Әскери соттар Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жатқан азаматтардың лауазымды адамдар мен әскери басқару органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауы туралы азаматтық істерді қарайды. Мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, егер тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органдары, әскери бөлім болып табылса, әскери соттар басқа азаматтық істерді де қарайды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар баланың тұрғылықты жерін айқындау; ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы

айырып алу туралы; бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы; ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы; бала асырап алу және оның күшін жою туралы; кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы даулар бойынша; кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан (патронаттан) туындайтын даулар бойынша; кәмелетке толмағанның әкесін анықтау және одан алименттер өндіріп алу туралы; он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанның өз табыстарына өз бетінше иелік ету құқықтарын шектеу немесе олардан айыру туралы арыздар бойынша; кәмелетке толмағанды әрекетке толық қабілетті деп жариялау (эмансипация) туралы; әке болуды анықтау туралы және баланы күтіп-бағуға пайыздық қатынаста немесе нақты ақшалай сомада алименттер өндіріп алу туралы; алименттердің мөлшерін азайту туралы; кәмелетке толмағандардың еңбек, тұрғын үй құқықтарын қорғау туралы; кәмелетке толмағандар және кәмелетке толғандар бірлесіп, оның ішінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі кәмелетке толғандардың қатысуымен келтірілген зиянды өтеу туралы азаматтық істерді қарайды және шешеді.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жатқызылған істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты (болатын) жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған берілуі мүмкін. Өтінішхат істі сот талқылауына дайындау аяқталғанға дейін берілуі мүмкін.

Нұр-Сұлтан қаласының соты инвесторлардың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы өзге де дауларды да: 1) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның (оның филиалының, өкілдігінің); 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдіктің қатысуымен құрылған, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы шетелдік инвесторға тиесілі заңды тұлғаның; 3) инвестицияларды жүзеге асыруға мемлекетпен жасалған келісімшарты болған кезде инвесторлардың қатысуымен қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты: 1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Референдумның орталық комиссиясының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы; 2) бір



тарапы ірі инвестор болып табылатын инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарайды және шешеді.

Азаматтық процесте адвокаттың өкіл ретіндегі өкілеттіктері ҚР АПК 58,60-баптарымен айқындалады. Өкілдің өкілеттіктері заңға сәйкес берілген және ресімделген сенімхатта көрсетіледі. Сенімхат сотқа жазбаша нысанда немесе сенім білдірушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктері "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген адвокат куәлігімен және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады.

Заңға сәйкес азамат сотта істі жеке өзі немесе өкілі арқылы жүргізе алады. Оның үстіне, азаматтың іске жеке қатысуы оның өкілінің болуы құқығынан айырмайды. Азаматтарға сотта неліктен өкіл ретінде адвокат қажет? Бір қарағанда сотқа келіп, іс бойынша мән-жайды баяндап бер, ешқандай қиындығы жоқ және сотқа бәрі түсінікті. Бірақ, бұл мұндай оңай шаруа емес.

Азаматтық сот ісін жүргізуде әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде аталған жағдайларды дәлелдеуі керек. Азаматтық істер бойынша дәлелдеу барысында адвокаттың рөлі ерекше маңызды болады, өйткені дәлелдеу адвокаттың бүкіл процесуалдық қызметінің негізгі факторы болып табылады.

Адвокат азаматтық сот ісін жүргізуде дербес дәлелдеу субъектісі болып табылады. Ол іс материалдарымен танысуға, дәлелдемелер ұсынуға құқылы, яғни, процестің басқа қатысушыларымен бірге дәлелдеуге белсенді қатынасады.

Біріншіден, адвокат процеске дайындық барысында құқықтық ұстанымды, даулы мүдделердің заңдылығын, клиент дәлелдерінің негізділігін айқындап алуы керек, сондай-ақ іс бойынша құқықтық алғышарттың болуын болжау да маңызды болып табылады.

Құқықтық ұстанымды клиентпен талқылау маңызды болып табылады. Даулы мүдделердің заңдылығы туралы мәселеде даулы қатынастарды реттейтін заңның бар-жоғын нақтылау қажет. Егер жоқ болса, онда ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормаларына жүгіну қажет. Заң бар, бірақ оның ережелері клиенттің пайдасына болмаса, адвокаттың міндеті қиындай түседі. Бұл жағдайда азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін өте көптеген құқықтық құжаттарда анықтама тұрғысынан мінсіз құжаттардың жоқ екенін және клиенттің ұстанымына заңды негізді табу мүмкіндігі адвокаттың тәжірибесі мен кәсіби біліктілігіне байланысты екенін есте ұстаған жөн.

Құқықтық ұстанымның екінші маңызды элементі - бұл іс бойынша қажетті дәлелдемелердің болуы. Талаптардың заңдылығы дәлелденуі

керек. Клиентпен куәлар шеңберін нақтылап, оларды анықтауға және сот отырысына шақыруды ұйымдастыруға көмектесу керек, сонымен қатар клиенттің мәлімдемеде көрсеткен фактілерін растау үшін қандай құжаттар жиналуы керек екенін анықтау керек. Адвокаттан қалыптасқан сот тәжірибесін ескере отырып, даулы жағдайға жан-жақты және терең талдау жасау талап етіледі. Адвокат дайындық процесінде бағалауы қажет соңғы нәрсе - бұл істің перспективасын (болашағын, келешегін) болжау. Адвокаттың заң тұрғысынан «үмітсіз» істі жүргізуі клиент үшін пайдасыз шығындарға әкеп соғады және оның адвокат пен сотқа деген сеніміне нұқсан келтіреді. Сондықтан ол клиентке процестің қолайсыз келешегі, оның позициясының әлсіз және сенімсіз байланыстары, дәлелдердің жоқтығы туралы ашық түрде хабарлауы керек, осылайша клиент істің ықтимал барысын нақты елестете алады және істі жүргізуді бастау немесе бастамау туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ, адвокат судья емес екенін және оның істің келешегін алдын-ала бағалауы тек болжам екенін есте ұстаған жөн.

Адвокат азаматтық істі қабылдаған жағдайда адвокаттың өндірісін бастауы керек, Адвокаттың қызметінің ыңғайлығы үшін бұл өндірістік іс-құжаттарда: - талап арыздың және талап арызға пікірдің көшірмесі; - іске қоса тігілген құжаттардан үзінділер немесе құжаттардың көшірмелері; - сотқа жазбаша түрде берілген өтінішхаттардың көшірмелері; - адвокаттық құқықтық позицияны қамтамасыз ету үшін жүгінуге тиісті заңдар, нормативтік актілер, сот практикасының материалдары; - сот отырысының хаттамасынан үзінділер мен ескертулердің көшірмелері (егер олар енгізілген болса); - сот шешімдерінің көшірмелері немесе одан үзінділер; - апелляциялық шағымдардың көшірмелері; - сұрауларға, шағымдарға жауаптар және т.б. болуы тиіс

Адвокат өндірісінің болуы адвокат қызметінің техникалық жағы, яғни адвокат қызметіндегі маңызды ұйымдастырушылық сәт болып табылады, ол уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді, және кез келген уақытта клиенттің сұрағына жауап беруге дайын болуға мүмкіндік береді.

Адвокаттың сотқа дейінгі қызметі сотқа талап арыз беруімен аяқталуы керек. Сот бұл талап-арызды келесі шарттар болған жағдайда қабылдайды: істің соттылығы, талап қоюшының (арыз берушінің) әрекет қабілеттілігі және істі жүргізуге өкілеттіктің болуы. Судьяның аталған талаптардың жоқтығына байланысты талап арызды қабылдаудан бас тартуы, егер қателіктер жойылған болса, сотқа екінші рет жүгінуге кедергі болмайды. Соттың істің соттылығына қатысты талап арызды қабылдаудан бас тартуына, жоғары тұрған сотқа жеке шағым беру арқылы шағымдануға болады.

Сондай-ақ сот талап арызды қабылдаудан мынандай жағдайларда бас тарта алады: 1) арыз азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпаса; 2) сол тараптардың арасындағы, нақ сол нысана туралы

және нақ сол негіздер жөніндегі шығарылған дау бойынша, АПК көзделген негіздермен іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе сот ұйғарымы болса; 3) төреліктің нақ сол тараптар арасындағы нақ сол нысана туралы және нақ сол негіздер жөніндегі дау бойынша қабылданған шешімі болса және бұл туралы сотқа белгілі болса; 4) сол тараптар арасында, сол нысана бойынша және сол негіздер бойынша жасалған атқарушылық жазба болса.

Талап қою арызын қабылдаудан бас тарту талап қоюшының нақ сол жауапкерге нақ сол нысана және нақ сол негіздер бойынша талап қоюмен сотқа қайтадан жүгінуіне кедергі келтіреді.

Талап арыз қабылданғаннан кейін сот талқылауы басталады. Егер адвокат жауапкердің мүддесін білдіретін болса, онда ол үшін сотқа дейінгі саты талап қою арызына пікір берумен аяқталады, пікір сот отырысы басталғанға дейін сотқа жіберілуі керек, өйткені судья жауапкердің қандай ұстанымда екенімен танысуы керек.

## **7.2 Адвокаттың азаматтық процестегі сот ісін талқылауға қатысуы**

Сот талқылауы азаматтық процестің негізгі бөлігі болып табылады, өйткені дәл осы кезеңде азаматтық процестің мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылады.

Сот отырысы бірнеше дәйекті бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысының өзіне тән міндеттері, мазмұны, сотта алатын орны бар және белгілі бір мәселелер шеңберін қарастыруға арналған. Сонымен, сот отырысының дайындық бөлімі сот отырысында істі мәні бойынша қарау үшін қажетті жағдайлардың бар-жоғын анықтауға арналған. Екінші бөлім - істің мәні бойынша нақты қаралуы - өзіне талап арыздар мен қарсылықтарды нақтылау міндетін қояды; татуласу келісімімен аяқтау мүмкіндігін анықтау; шешім шығарылатын даудың мән-жайын анықтау үшін іс бойынша жиналған дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті зерттеу. Келесі бөлім, сот жарыссөзі және прокурордың қорытындысы (егер ол іске қатысып отырса), іске қатысушы барлық тұлғаларға даулы қатынастарды реттейтін заң талаптарын, сот практикасының ережелерін және зерттелген дәлелдемелерді талдау негізінде іске өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді. Сот отырысының төртінші және қорытынды бөлігінде сот істі мәні бойынша шешеді, кеңесу бөлмесінде шешім шығарады және оны сот залында жариялайды.

Сот талқылауының осы аталған бөліктерін толығырақ қарастырайық. Дайындық бөлігінде адвокат клиентпен кеңескеннен кейін процеске қатысушыларға қарсылық білдіру туралы өтінішхаттарды жариялауы керек (егер бар болса), олар уәжді және объективті болуы керек. Процеске қатысушыларға қарсылық білдіру туралы өтінішхаттар, егер адвокат

олардың жеке мүдделеріне немесе бейтараптығына күмәнданса, беріледі. Қарсылық судьяға, прокурорға, сарапшыларға және т.б. білдіріледі.

Процеске қатысушыларға қарсылық білдіру, егер мәселенің мән-жайы адвокатқа алдын-ала белгілі болса, істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін жарияланады. Егер олар сот талқылауының кейінгі кезеңдерінде белгілі болса, онда қарсылық білдіру кейінірек те жариялануы мүмкін. Қарсылық білдіру туралы өтінішхат дұрыс, сыпайы түрде беріледі. Адвокаттың қарсылық білдірілген адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлауына болмайды. Дәрекілік, зұлымдық пен мазақ дәлелдердің сенімділігін арттыра алмайды, тек процеске қатысушылар арасында жағымсыз сезімдерді тудырады, бұл адвокаттың да, бүкіл адвокаттық қауымдастықтың да беделіне нұқсан келтіреді және сіздің клиентіңізге пайда әкелмейді.

Сот отырысының дайындық бөлігінде шақырылған тұлғалардың келген және келмегені туралы хабарланады. Егер іске қатысатын тұлғалардың біреуі немесе олардың өкілдері келмесе, сот процеске қатысушылардың пікірін ескере отырып, келмеген тұлғалар болмаған кезде істі талқылау мүмкіндігі туралы мәселені шешеді. Кейде олардың болмауы клиентке мәселені жеделдетіп, оны өз пайдасына шешуге мүмкіндік беретіндей көрінеді. Бірақ адвокат өзінің сенім білдірушісіне істі екінші жақ болмаған кезде қарау соттың істің объективті шындықты білу мүмкіндігін шектейтінін және іс үшін маңызы бар мән-жайлардың толық түсіндірілмегендігіне байланысты осындай жағдайларда қабылданған шешімнің күшін жоюға әкелуі мүмкін екендігін түсіндіруі керек.

Адвокат өзінің клиентіне іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі сот отырысына келмеген жағдайда, олардың тиісті түрде хабарландырылғаны туралы мәліметтер жоқ болса, істі талқылау кейінге қалдырылатын жағдайды да түсіндіруге тиіс (ҚР АПК 196-бабы). Егер іске қатысатын тұлғалар сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылса, олардың келмеу себептері тек дәлелді деп танылған жағдайда ғана сот істі талқылауды кейінге қалдырады. Мұндай өтінішхатты, егер қажет болса адвокат та мәлімдеуі тиіс. Істің мүддесі үшін, тіпті егер сот іске қатысушы адамдарға шақыру қағаздарын қақтылы жібруген болса да, бірақ олар келмеген болса, онда бұл жағдайда отырысты кейінге қалдыру керек. Неге? Заңда (АПК) сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, соттың істі қарау құқығы туралы айтылады.

ҚР АПК 130-бабына сәйкес азаматқа жіберілген соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама, сотқа қайтарылуға жататын шақыру

қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне қолын қойғызып жеке өзіне табыс етіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс етіледі, олар өздерінің лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне алғандығы туралы қол қояды.

Бірақ мұндай түбіртектегі алғаннан кейін сот шақыру қағазының шақырылған адамға берілгендігін әрдайым тексере алмайды.

ҚР АПК 130-бабы адресат болмаған кезде шақыруды онымен бірге тұратын отбасының кәмелеттік жасқа толған мүшелерінің біріне, ал егер олар болмаса - тұрғылықты жердегі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не жай серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасына немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасына жеткізуге мүмкіндік береді. Шақыру қағазын қабылдаған адам оны мүмкіндігінше адресатқа тапсыруға міндетті. Егер шақыру қағазы іс жүзінде адресатқа жеткізілмеген болса, онда бұл адам сот отырысы туралы хабардар етілмеген болып шығады. Егер мұндай адам бірінші рет келмесе, тіпті шақыруды алғандығы туралы түбіртектегі алған кезде де, істі тыңдауды талап етпеу керек, өйткені содан кейін бірінші сатыдағы соттың шешімі апелляциялық немесе кассациялық сот сатысында қайта қаралуы мүмкін.

Шақыру қағазының оларға тапсырылғанына қарамастан немесе олар оны қабылдаудан бас тартқан жағдайда, сот отырысына келмеген тұлғаның немесе оның өкілінің дәлелсіз себептермен келмеуіне байланысты адвокат соттан істі олардың қатысуынсыз қарау туралы өтінішхат білдіруге құқылы.

Егер істі кейінге қалдыруға шешім қабылданса, онда АПК 199-бабына сәйкес, келген куәлардан жауап алу мүмкіндігін талқылау керек. Егер іс екінші тараптың келмеуіне немесе үшінші тұлғалардың қатысуына байланысты кейінге қалдырылса, адвокат куәлардан жауап алуды талап етпеуі керек. Мұндай жағдайларда алынған айғақтар дәлелдемелік мәнге ие бола алмайды. Егер куәнің айғақтарының маңызы зор болса, ҚР АПК 199-бабына сәйкес сот, осы куәларды қажет болған жағдайда ғана жаңа сот отырысына екінші рет шақыруға жол беріледі.

Сот отырысының дайындық бөлігінде адвокат өзі дайындаған өтінішхаттарын білдіре алады. Олар, әдетте, куәлардан жауап алу, жазбаша дәлелдемелерді тіркеу, сараптама тағайындау және т.б. туалы болуы мүмкін. Өтінішхаттар ауызша және жазбаша түрде берілуі мүмкін. Өтінішхатты жазбаша нысанда білдіру неғұрлым орынды болып табылады,

әсіресе күрделі істер бойынша, өйткені егер сот өтінішхатты қанағаттандырмаса, іс үшін мән-жайлардың толық түсіндірілмегені туралы жоғары сот сатысына сілтеме неғұрлым сенімді болады.

Өтінішхаттар туралы объективті және негізделген мәлімдемелер үшін мыналарды білу қажет: 1) берілген өтінішхат заңды ма; 2) растау үшін қосымша мәліметтер немесе құжаттар іс үшін маңызды ма, жоқ па.

Дайындық бөлігі аяқталғаннан кейін, сот, екінші бөлікке - істі мәні бойынша қарауға көшеді.

ҚР АПК 201-бабына сәйкес істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өзінің талаптарын қолдайтынын не қолдамайтынын, талап қоюшының талаптарын жауапкердің мойындайтынын не мойындамайтынын және тараптардың істі татуласу келісімімен аяқтауды немесе істі төреліктің қарауына беруді не дауды (жанжалды) медиация тәртібімен не партисипативтік рәсім тәртібімен немесе заңда белгіленген басқа тәсілмен шешуді қалайтынын не қаламайтынын анықтауынан басталады.

Адвокат өз ұстанымын клиентімен алдын-ала келісіп алуы керек, егер ол оның мүддесін сенімхат арқылы білдіретін болса, онда сенімхатта істі татуласу келісімімен аяқтау туралы өкілеттік беруі керек.

Сот талап қоюшының және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, олардың өкілдерінің, сондай-ақ жауапкердің және оның тарапынан қатысатын үшінші тұлғаның, олардың өкілдерінің түсініктемелерін тыңдайды.

Прокурор және басқа тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгінген тұлғалар істің мән-жайлары бойынша түсініктемелер береді және дәлелдемелерді бірінші болып ұсынады.

Іске қатысатын адамдар төрағалық етуші белгілейтін тәртіппен және кезектілікпен бір-біріне сұрақтар қоюға құқылы. Қойылатын сұрақтардың санына шектеу болмайды, бірақ төрағалық етуші талап қоюшының талаптары мен жауапкердің қарсылығы негізделген даудың нысанасы мен мән-жайларға қатысы жоқ сұрақтарды алып тастауға құқылы.

Адвокат клиентке азаматтық соттағы түсініктемелер бұл дәлелдемелер екенін ескертуі керек және ол кім және не туралы түсініктеме бере алатындығы туралы ойлануы керек, сонымен бірге барлық түсініктемелерді адвокатпен алдын-ала талқылауы керек.

Кейбір адвокатура оқулықтарында авторлар адвокат клиентке үнемі шындықты айту керектігін, ешқандай жағдайда сотты адастырмауы немесе іс бойынша объективті шындықты анықтауға көмектесуі керек екендігін ескертуі керек деп санайды. Біздіңше, бұл прокурорға жүктелген міндет. Ал адвокаттың міндеті - клиентке заңды түсіндіру және оның қателіктерін уақтылы көрсету. Мысалы, егер оның берген түсініктемелері тәуелсіз

сарапшылардың немесе куәлардың түсініктемелеріне қайшы келсе, онда шешім оның пайдасына болмайды. Клиент оның міндеті сотқа тек іске қатысты, маңызы бар фактілерді мәлімдеу, қажетсіз мәліметтерден аулақ болу және осы фактілерді растайтын дәлелдерді көрсету екенін түсінуі керек. Ал адвокаттың міндеті - бұл дәлелдемелерді логикалық дәйектілікпен жинау. Кейде азаматтық сот ісін жүргізуде, қылмыстық процестегі сияқты соттың шешімі уақытылы ұсынылған дәлелдемелерге байланысты болады. Кейбір оқулық авторлары дәлелдемелерді екінші тараптан жасыру дұрыс емес, бар дәлелдемелерді екінші тарапқа дереу таныстыру керек деген пікір айтады. Мұндай пікірмен келісуге болмайды, өйткені екінші тараптың дәлелдемелерін алдын ала біле отырып, қарсы тұруға оңай дайындалуға мүмкіндік бар: куәларды, құжаттарды табу, дайындау және т.б. Ешқандай сараптама қандай бір құжаттың немесе хаттың компьютерде қаңтар немесе наурыз айларында басылған ба, жоқ па екендігін нақты анықтай алмайды, ал бұл іс үшін маңызды болуы мүмкін.

Азаматтық процестегі дәлелдемелер мәселесі бойынша адвокат дәлелдемелерді ұсыну және оларды зерттеу кезіндегі кейбір процесуалдық айырмашылықтарға қарамастан, олардың қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелерден айырмашылығы жоқ екенін ұмытпауы керек. Кеңес заманы объективті шындықты анықтауды басты міндет етіп қою арқылы, адвокатты екінші прокурорға айналдырғысы келді. Адвокаттың міндеті - өз клиентін, кез-келген (бірақ тек заңды) тәсілмен қорғау, қажет болса мемлекеттен де қорғау. Заңда дәлелдемелерді ұсынудың орындылығына қатысты ешқандай талаптар жоқ болғандықтан, адвокат дәлелдемелерді өзіннің клиентінің ыңғайына қарай, қажет болған кезде ұсынуға құқылы.

АПК дәлелдемелерді зерттеу тәртібі толығымен реттелген: тараптар мен үшінші тұлғалардың түсіндірулерінің реттілігі, куәлардан жауап алудың реттілігі мен тәртібі, маманның түсіндірмесі, жазбаша, заттай дәлелдемелерді және сарапшылардың қорытындыларын зерттеу. Адвокат тараптардан, үшінші тұлғалардан және куәлардан жауап алуға қатысады. Ол ұстамды болуы керек, сондай-ақ жауап алынып отырған адамның жеке басын құрметтеу керек. Бұл конституциялық қағидат болып танылады. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең, ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Жауап алу кезінде дауыс көтеруге, куәні немесе талапкерді қорлауға, кемсітуге жол берілмейді. Адвокат өзін кәсіби этикалық нормалар аясында дұрыс ұстауы керек, сұрақтар байыпты, сенімді түрде берілуі керек. Сұрақтардың сипаты істің мән-жайына байланысты болады және оны адвокат өзі дербес айқындайды. Дәлелдемелер іздеу кезінде адвокат қарсы жақтың куәларымен кездесуі мүмкін. Мұнда қорқынышты немесе таңқаларлық ештеңе жоқ, өйткені адвокаттың да дәлелдемелер жинауға құқығы бар және куәлардың түсініктемелері сотпен бағаланады. Адвокат, әсіресе, жазбаша құжаттарға ерекше назар аударуы керек. Әдетте дәлелдемелер базасы жоқ немесе әлсіз

болғанда, дәлелдемелерді жасақтау барысында хаттар, келісім-шарттар және т.б. пайдаланылады, яғни кейбір жағдайларда жасанды, жалған құжаттардың жасалуы мүмкін. Жалған, жасанды құжатты ешқандай жағдайда түпнұсқа деп санауға болмайды, ал шынайы құжат ешқашан жалған болып табылмайды.

Азаматтық іс бойынша дәлелдемелерді іске қатысушы адамның немесе оның өкілінің бұрмалауы ҚР ҚК 416-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Жалған құжат қолданылған жағдайда адвокат өзінің сыни пікірлерін растауға дайын болуы керек. Олай болмаған жағдайда, клиенттің өзі қорғайтын ұстанымына және қорғауда қолданылатын процесуалдық құралдар мен әдістерге сенімсіздік туады. Бұл материалды істен бөлектеп алып, тексеруге прокурорға жіберуді өтінуге болады, сондай-ақ адвокат мұны өтініш беру арқылы өзі де жасай алады. Егер клиенттің мүдделерін басқа тәсілдермен қамтамасыз ету мүмкін болса, құжаттың жалған жасалғаны туралы мәлімдеудің қажеті жоқ. Мысалы, оның мазмұнын басқа тәсілдермен теріске шығару, соның ішінде оны сот процесінде сенімді түрде расталған фактілермен салыстыру арқылы.

Сот жарыссөзі - сот талқылауының қорытынды бөлігі. Сот жарыссөзі, АПК 217-бабына сәйкес іске қатысатын адамдардың және олардың өкілдерінің сөздерінен тұрады. Алдымен – талап қоюшы мен оның өкілі, ал содан кейін жауапкер мен оның өкілі сөйлейді. Басталып кеткен процесте даудың нысанасына өз бетінше талап қойған үшінші тұлға мен оның өкілі тараптар мен олардың өкілдерінен кейін сөйлейді. Даудың нысанасына өз бетінше талаптар қоймаған үшінші тұлға мен оның өкілі үшінші тұлға іске қатысатын жақтағы талап қоюшыдан немесе жауапкерден кейін сөйлейді. Прокурор, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінген заңды тұлғалар мен азаматтар сот жарыссөздерінде соңында сөйлейді.

Істі мәні бойынша қарауды қорытындылай келе, адвокат өз сөзінде сот талқылауына материалдар әзірлеу кезінде зерттеу барысында өз растауын тапқан дәлелдемелер бойынша өзінің ұстанымын дәлелдейді және қорғайды. Өз сөзінде адвокат заңның ресми мәтініне және басқа нормативтік актілерге нақты сілтемелер жасауы керек. Даулы қатынастардың құқықтық квалификациясы туралы уәждер сотқа істің іс жүзіндегі жағдайларына сәйкес және сот талқылауы кезінде дәлелденген және материалдық құқықтың диспозициясы бойынша ұсынылуы керек.

Адвокаттың дәлелдемелерді, ең алдымен куәлік айғақтарды талдауы белгілі бір фактілерді және құқықтық қатынастарды растау үшін айғақтар жол берілетіндігі принципіне негізделуі керек. Куәлар ұсынған ақпаратты



нақты дәлелденген жағдайлармен салыстыру керек, сотты адвокат жақтайтын ұстанымның дұрыстығына сендіру керек.

Бірінші сатыдағы соттың шешімімен келіспеген жағдайда адвокат клиентке апелляциялық сотқа жүгінуге кеңес беруі керек.

АПК сәйкес апелляциялық сот: жаңа дәлелдемелерді зерттеуге; істе бар дәлелдемелер мен жаңа дәлелдемелерді өздігінен бағалауға; дәлелдемелерді бағалау негізінде жаңа фактілерді анықтауға; егер бірінші сатыдағы сот материалдық құқық нормаларын қолдануда қателіктер жіберген жағдайда ғана емес, сонымен бірге бірінші сатыдағы соттың іс жүзіндегі мән-жайларды дұрыс анықтамағанын және жаңа фактілерді анықтаған кезде жаңа шешім қабылдауға; істі шағымдар (өтінішхаттар) шегінде тексеруге құқылы.

Апелляциялық шағым берген адвокат жаңа дәлелдемелер ұсынуға құқылы. Бірақ, заңда апелляциялық шағым берген тұлғаның апелляциялық сатыға жаңа дәлелдемелер ұсынуына байланысты белгілі бір шарттар қарастырылған.

АПК 413-бабына сәйкес егер апелляциялық сатыдағы сот жаңа дәлелдемелердің бірінші сатыдағы сотқа ұсынылуы дәлелді себептермен мүмкін болмағанын таныса, оның ішінде егер адам бірінші сатыдағы сотта іске қатысуға тартылмаса, сондай-ақ егер бірінші сатыдағы сотта дәлелдемелерді зерттеу және (немесе) талап етіп алу туралы өтінішхат мәлімделсе, бірақ ол қанағаттандырусыз қалдырылса, сот жаңа дәлелдемелерді қабылдайды.

Апелляциялық соттың жаңа фактілерді анықтауға құқығы ҚР АПК бекітілген. Бұл құқық міндетті түрде жаңа дәлелдемелерді зерттеумен байланысты емес. Екінші инстанция соты істегі дәлелдемелерге өз бағасын беру негізінде жаңа фактілерді де анықтай алады.

ҚР АПК шешімді өзгерту немесе іс бойынша жаңа шешім қабылдаудың себептері бектіліген. Бұл, біріншіден, апелляциялық сатыдағы соттың істегі дәлелдемелерге негізделген, іске маңызы бар мән-жайларды, яғни жаңа фактілерді анықтауы. Екіншіден, егер апелляциялық сатыдағы сот бұл фактілерді іс бойынша істегі бар материалдардың негізінде ғана емес, сонымен бірге қосымша қарастырылған материалдар бойынша анықтаған кезде аталған фактілер дәлелдемелер күшіне ие болса.

Апелляциялық сотқа кез келген адам шағымдана алмайды, тек заңмен рұқсат етілген тұлғалар ғана жүгінеді. АПК апелляциялық шағымдануға құқығы бар тұлғалардың тізімі көрсетілген. Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға тиесілі.

Апелляциялық шағым дәлелді, іс материалдары мен барлық қажетті сыни пікірлерді қамтитын қосымша құжаттарға негізделуі керек, олардың тұжырымдары анық және мінсіз болуы керек. Егер сот сенім білдірушінің (клиенттің) пайдасына шешім шығарса және апелляциялық шағым басқа

тараптан берілсе немесе прокурор апелляциялық өтінішхат білдірген болса, адвокаттың міндеті шешімнің объективті, заңды екенін растау болып табылады. Мұндай жағдайдағы процесуалдық құрал – апелляциялық шағым мен өтінішхатқа жазбаша түсініктеме дайындау және ұсыну болып табылады. Адвокат апелляциялық соттың іс материалдарын қарау кезінде оларды ескеруге, ал процесуалдық қарсыластардың олармен танысу мүмкіндігі бар болатындай түсініктеменің көшірмесін алдын-ала ұсынуы тиіс.

Адвокат өзінің процесуалдық қарсыласын істі қарауды бастамас бұрын, егер олар шағымға немесе оған арналған түсіндірмелерге қоса берілмеген болса апелляциялық сотқа ұсынуға арналған қосымша материалдармен таныстыруы керек.

ҚР АПК 419-бабына сәйкес іске қатысатын адамдардың апелляциялық сатыдағы істі талқылауға байланысты барлық мәселелер бойынша арыздары мен өтінішхаттарын сот іске қатысатын басқа да тұлғалардың пікірлерін тыңдағаннан кейін шешеді.

Кассациялық шағым жасау және беру кезінде адвокат апелляциялық тәртіппен шағымдану тәртібін басшылыққа алады. ҚР АПК сәйкес Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда ғана кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.

Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ 434-баптың екінші бөлігінде көрсетілген істер бойынша сот актілері АПК 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.

## **8 ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ІСТЕРІ БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

### **8.1 Әкімшілік құқық бұзушылық**

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте (ӘҚБтК) сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс Қазақстан Республикасында әкімшілік жауапкершілікті белгілейтін негізгі акт болып табылады. Ол бір мезгілде әкімшілік құқықтың материалдық бөлігін және кодекстің баптарын қолданудың процесуалдық ережелерін қамтиды. Кодексте кінәнің екі түрі қарастырылған - қасақана және абайсызда.

ӘҚБтК 26-бабына сәйкес, егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өзінің әрекетінің (әрекетсіздігінің) құқыққа қарсы сипатын сезінсе, оның зиянды салдарын алдын ала білсе және осы салдардың туындауын қаласа немесе оған саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, әкімшілік құқық бұзушылық қасақана жасалды деп танылады. Осы Кодекстің 27-бабына сәйкес, егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) зиянды салдарының туындау мүмкіндігін алдын ала білсе, бірақ жеткілікті негізсіз олардың алдын алуға болады деп ұшқары ойласа не тиісті назар салған және көре білген жағдайда, олардың алдын алуға тиіс және солай ете алатын болса да осындай салдардың туындау мүмкіндігін алдын ала білмесе, әкімшілік құқық бұзушылық абайсызда жасалды деп танылады.

Әкімшілік жаза, осыған заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы болып табылады және мұндай құқық бұзушылық жасаған тұлғаны құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделгендей айыруды немесе олардың шектелуін қамтиды.

ӘҚБтК 682-бабы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды адамдардың тізбесін қарастырады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді: 1) мамандандырылған әкімшілік соттардың судьялары; 2) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьялары; 3) осы Кодексте уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары қарайды.

Кодекс әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар мен лауазымды тұлғалардың толық тізімін ұсынады. Олардың саны 64, ал осы тізімнің басында соттар (судьялар) тұр.

Аталған Кодекстің 684-735 баптары әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволығы, лауазымды адамдардың істерді қарау және әкімшілік жазаларды қолдану жөніндегі құзыреттерін жан-жақты қарастырады.

Мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың судьялары, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, ұрып-соғу, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға кедергі келтіру, еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау құқығын шектеу, қоғамдық бірлестіктердің, қайырымдылық ұйымдарының заңды қызметіне кедергі келтіру, жеке тұлғаға ақпарат беруден бас тарту, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу, медициналық көмек көрсету тәртібін, стандарттарын сақтамау және оны сапасыз көрсету және т.б. әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьялары: он төрттен он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адам жасаған ұсақ бұзақылық немесе бұзақылық, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы, он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар жасаған вандализм, яғни мемлекет қорғайтын ғимараттарды, өзге де құрылыстарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи объектілерді, адамдар жерленген жерлерді жазулармен немесе суреттермен, немесе қоғамдық имандылықты қорлайтын өзге де әрекеттермен қорлауы, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіруі және басқа да әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды.

Сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар (лауазымды адамдар) осы істер бойынша іс жүргізуді ашық жүзеге асырады.

Заңға сәйкес жабық іс жүргізу мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар істерге қатысты, сондай-ақ сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) іске қатысатын тұлғаның бала асырап алудың құпиясын қамтамасыз ету, жеке басы, отбасы құпиясын, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, жеке тұлғалар өмірінің ішкі сырлары туралы мәліметтерді сақтау қажет екендігіне не ашық

талқылауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайларға сілтеме жасаған өтінішхатын қанағаттандырған кезде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың жеке жазысқан хаттары мен жеке телеграф хабарлары өзара хат жазысқан және телеграф хабарларын алмасқан адамдардың келісімімен ғана ашық іс жүргізу кезінде жария етілуі мүмкін. Бұлай болмаған жағдайда осы адамдардың жеке жазысқан хаттары мен жеке телеграф хабарлары жабық іс жүргізу кезінде жария етіледі және зерттеледі.

Мынадай мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады: 1) әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауы; 2) әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы, 3) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылуы; 4) егер әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның жекелеген ережелерін немесе іс-әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралау соған байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе қолданылуға жататын өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп тануы; 5) әкімшілік жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімдерінің өтуі; 6) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаға қатысты нақ сол факт бойынша судьяның, органның (лауазымды адамның) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы күші жойылмаған қаулының болуы, сондай-ақ нақ сол факт бойынша тұлғаны күдікті деп тану туралы қаулының болуы; 7) өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаның қайтыс болуы, заңды тұлғаның таратылуы және т.б.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу, егер қосымша дәлелдер жинаудың барлық мүмкіндігі таусылса, ӘҚБтК 741-бабының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының немесе әкімшілік құқық бұзушылық құрамының жоқтығы дәлелденген кезде де, сонымен бірге бар екендігі дәлелденбеген кезде де, сондай-ақ зиян келтіру құқыққа сыйымды болып табылатын не іс-әрекет осы Кодекстің 5-тарауына сәйкес әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайларда жасалған жағдайда тоқтатылады.

ӘҚБтК 64-1-бабында көзделген жағдайда, сондай-ақ қылмыстық заңнамада көзделген қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болуына байланысты материал прокурорға, сотқа дейінгі іс жүргізу органына берілген жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу осы Кодексте көзделген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысатын адамдардың, жүргізуінде осы іс жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) міндетті түрде қарауына жататын өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар. Өтінішхат жазбаша түрде не электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында мәлімделеді және дереу қаралуға жатады. Өтінішхатты дереу қарау мүмкін болмаған жағдайларда, мәлімделген кезден бастап үш тәуліктен кешіктірілмей бұл бойынша шешім қабылдануға тиіс. Өтінішхатты қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту туралы шешім ұйғарым түрінде шығарылады, ол өтінішхатты мәлімдеген адамның назарына жеткізіледі.

## **8.2 Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша процеске қатысуы**

Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау процесіне қатысуының құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясында (13-бап) және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте бекітілген.

ӘҚБтК 748-бабы бойынша қорғаушы – әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қорғаушы немесе өкіл ретінде адвокат немесе басқа тұлға қатысуға рұқсат етіледі.

Қорғаушылар ретінде адвокаттар қатысады. Қорғаушылар ретінде адвокаттармен бірге әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның жұбайы (зайыбы), жақын туыстары немесе заңды өкілдері жіберіледі. Қорғаушы іске қатысуға әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаны әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында жіберіледі.

Адвокаттың өкілеттігі адвокат куәлігімен және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады. Заң көмегін көрсететін басқа тұлғаның өкілеттіктері заңға сәйкес рәсімделген сенімхатпен расталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қорғаушы мен өкілге әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап қатысуға рұқсат етіледі.

Қорғаушы іске қатысуға әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаны әкімшілік ұстап алған, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған кезден бастап, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізудің кез келген сатысында жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуға жіберілген қорғаушы мен өкілдің істің барлық материалдарымен танысуға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар мен қарсылықтар білдіруге, істі қарауға қатысуға, іс жүргізуді, істі шешуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларға шағымдануға және өзге де заңға сәйкес процесуалдық құқықтарды қолдануға құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша мына жағдайларды анықтау қажет: 1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы оқиғаның болуы; 2) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте әкімшілік жауапкершілік көзделген заңсыз әрекетті (әрекетсіздікті) жасаған тұлға; 3) тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлілігі; 4) әкімшілік жауапкершілікті жеңілдететін және әкімшілік жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар; 5) әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері; 6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын жағдайлар; 7) істі дұрыс шешуге байланысты өзге де мән-жайлар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың себептері мен шарттары.

Оқиғаның орын алғанын және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін айыпталған адамның бар екендігі анықталғаннан кейін, кінәнің дәлелденгенін анықтау қажет, яғни дәлелдемелер жинау қажет.

Жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судьяның немесе органның (лауазымды адамның) ӘҚБтК белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттің болғанын немесе болмағанын, өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлғаның осы іс-әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, осы тұлғаның кінәлілігін не кінәсіздігін анықтауына негіз болатын заңды түрде алынған нақты деректер, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер болып табылады.

Бұл мәліметтер әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғаның түсініктемелерімен; жәбірленушінің, куәлардың айғақтарымен; сарапшының, маманның қорытындыларымен және айғақтарымен; заттай дәлелдемелермен; өзге де құжаттармен; ӘҚБтК көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалармен және процестік әрекеттердің хаттамаларымен анықталады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдарды дәлелдемелер ретінде қарау кезінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану кезінде алынған деректер пайдаланылуы мүмкін. Заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерді пайдалануға жол берілмейді.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелері, жәбірленуші мен куәның айғақтары іске қатысты ақпарат болып табылады және олар бұл мәліметтерді ауызша немесе жазбаша нысанда хабарлайды. Өзіне қатысты іс бойынша іс

жүргізіліп жатқан тұлғаның түсініктемелері, жәбірленушінің және куәнің айғақтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы немесе іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану туралы хаттамада көрсетіледі, ал қажет болған кезде – сауал қою хаттамасымен ресімделіп, іске тігіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша ғылымда, техникада, өнерде немесе қолөнерде арнайы білімді пайдалану қажеттілігі туындаған жағдайларда, жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судьяның немесе органның (лауазымды адамның) сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады. Мұндай ұйғарым сараптама жүргізуге жауапты сарапшылар немесе мекемелер орындауы үшін міндетті болып табылады. Ұйғарымда мыналар көрсетіледі: 1) судьяның, лауазымды адамның тегі, аты-жөні, соттың, органның атауы; 2) сараптаманы тағайындау уақыты, орны; 3) сараптама тағайындау үшін негіз; 4) сарапшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе сараптама жүргізілуге тиіс сараптама органының атауы; 5) сарапшының алдына қойылған мәселелер; 6) сарапшының билігіне берілетін материалдардың тізбесі. Мұнан басқа ұйғарымда сарапшыға оның құқықтары мен міндеттері түсіндірілгені туралы және оған көрінеу жалған қорытындыны бергені үшін жауаптылық жөнінде ескертілгені туралы жазбалар да болуға тиіс.

Сарапшының алдына қойылған сұрақтар мен оның қорытындысы сарапшының арнайы білімінен тыс болуы мүмкін емес.

Сараптама тағайындау туралы ұйғарымды орындау үшін жібергенге дейін сот сараптамасын тағайындаған судья немесе орган (лауазымды адам) өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамды және жәбірленушіні онымен таныстыруға, оларға: 1) сарапшыға қарсылық білдіру немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтінішхат мәлімдеу; 2) өздері атаған тұлғаларды немесе нақты сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін сарапшылар ретінде тағайындау туралы, сондай-ақ сараптаманы сарапшылар комиссиясының жүргізуі туралы өтінішхат жасау; 3) сарапшы алдына қосымша мәселелер қою туралы немесе қойылған мәселелерді нақтылау туралы өтінішхат жасау; 4) сараптама жүргізуге кедергі келтіретін жағдайларды қоспағанда, сот сараптамасын тағайындаған судьяның немесе органның (лауазымды адамның) рұқсатымен сараптама жүргізу кезінде қатысу, сарапшыға түсініктемелер беру; 5) сот сараптамасын тағайындаған судьяға немесе органға (лауазымды адамға) сарапшының қорытындысы не қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама келіп түскеннен кейін онымен танысу, өз ескертулерін ұсыну, қосымша немесе қайталама сараптама тағайындау, жаңа сараптамалар тағайындау туралы өтінішхаттар мәлімдеу құқықтарын түсіндіруге міндетті.



Сарапшы өзінің атынан жазбаша қорытынды береді. Сарапшының қорытындысында зерттеу кезінде қолданған әдістері, қойылған сұрақтарға жауаптардың негіздемесі және сарапшының өзінің бастамасымен белгіленген, іс үшін маңызы бар мән-жайлар да көрсетіледі.

Сарапшының қорытындысы жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судьяға немесе органға (лауазымды адамға) міндетті болып табылмайды, бірақ сарапшының пікірімен келіспеу уәжді болуы керек.

Заттай дәлелдемелерді, әсіресе құжаттарды зерделегенде кезде адвокат белсенді ұстанымда болуы керек.

Құқық бұзушылықтың құралы не нысанасы болған не оның іздері қалған заттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заттай дәлелдемелер болып табылады. Қажет болған жағдайларда заттай дәлелдемелер суретке түсіріледі немесе өзге тәсілмен тіркеледі және іске тігіледі, бұл жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға немесе ӘҚБтК көзделген өзге хаттамаға жазба жазылады.

Жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін заттай дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті.

Егер ұйымдар, лауазымды адамдар және жеке тұлғалар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс үшін маңызы болса, құжаттар іс бойынша дәлелдемелер деп танылады.

Құжаттар жазбаша да, өзге де нысанда тіркелген мәліметтерді қамтуы мүмкін. Құжаттарға, оның ішінде ӘҚБтК көзделген тәртіппен алынған, талап етіп алдырылған немесе ұсынылған компьютерлік ақпаратты, фото- және кинотүсірілімдерді, дыбыс және бейнежазбаларды қамтитын материалдар жатқызылуы мүмкін.

Жүргізуінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау үшін заңда белгіленген мерзім бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді істі қарауға құқық берілген орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа да материалдарын алған күннен бастап он бес тәулік ішінде қарайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар келіп түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істі қарап жатқан орган (лауазымды адам) істің қаралатын мерзімін ұзартуы, бірақ бір айдан аспайтындай етіп ұзартуы мүмкін. Мерзімді ұзарту туралы уәжді ұйғарым шығарылады. Әкімшілік ұстап алуға

ұшыраған адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оны ұстап алған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірмей қаралады. Сондай-ақ, заңда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараудың тәртібі бекітілген. Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қаралу тәртібін қарастырайық. Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға кіріскенде: 1) істі кім қарайтынын, қандай іс қаралуға жататынын, кім және ӘҚБтК қандай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын хабарлайды; 2) әкімшілік жауаптылыққа тартылатын жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді; 3) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке тұлғаның заңды өкілдерінің немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының өкілеттіктерін тексереді; 4) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және аталған адамдар болмағанда істі қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды; 5) қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы ұйғарым шығарады, аудармашыны тағайындайды; 6) істі қарауға қатысатын адамдарға ӘҚБтК көзделген олардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тегін заң көмегін алу құқығын түсіндіреді; 7) іс жүргізу тілін айқындайды, мәлімдеме жасау, түсініктемелер мен айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеу, шағымдар жасау, іс материалдарымен танысу, оны қарау кезінде ана тілінде немесе өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам өзі білетін басқа да тілде сөз сөйлеу, аудармашының көрсететін қызметтерін тегін пайдалану құқығын түсіндіреді; 8) мәлімделген бас тартуларды және өтінішхаттарды шешеді; 9) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған кезде істің өзге де материалдарын жария етеді; 10) өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелерін, іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдардың айғақтарын, маманның түсіндірмесін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге де дәлелдемелерді зерттейді, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысын тыңдайды; 11) мыналарға: егер істі қарайтын лауазымды адамға қарсылық білдіру істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуіне; егер қорғаушының, уәкілетті өкілдің, сарапшының немесе аудармашының қарсылық білдіруі істі мәні бойынша қарауға кедергі келтірсе, олардың қарсылық білдіруіне; істі қарауға қатысатын адамдардың келу немесе іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты, сондай-ақ ӘҚБтК 51-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарады. Қажет болған жағдайда орган (лауазымды адам) сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады; 12) ӘҚБтК 816-

бабында көзделген жағдайларда істі мәні бойынша қарауға беру туралы ұйғарым шығарады.

Адвокат қорытынды сөз сөйлемейді, яғни мұнда қылмыстық сот ісін жүргізу кезіндегідей тараптардың жарыссөзі жоқ.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қандай шешім қабылдануы мүмкін және оған қалай және қайда шағымдануға болады? Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, оның нәтижесінде мынандай қаулылардың бірі шығарылады: 1) әкімшілік жаза қолдану туралы; 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы: 1) ӘҚБтК 741-бабында көзделген іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болған; 2) ӘҚБтК 742-бабында көзделген әкімшілік жауаптылыққа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған; 3) ӘҚБтК 32-бабына сәйкес тұлғаны тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдары тиісті органдарға берілетін жағдайларда шығарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыда: 1) қаулы шығарған лауазымды адамның лауазымы, тегі, аты-жөні; 2) істің қаралған күні мен орны; 3) өзіне қатысты іс қаралған тұлға туралы мәліметтер: жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған жылы, айы, күні, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері, сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, жұмыс орны; заңды тұлғалар үшін – атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, орналасқан жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен күні, сәйкестендіру нөмірі және банк деректемелері; 4) қаралып жатқан іс бойынша іс жүргізу тілі; 5) ӘҚБтК әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы; 6) істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар; 7) іс бойынша шешім; 8) қаулыға шағым жасаудың тәртібі мен мерзімдері; 9) айыппұлды ерікті түрде төлеу немесе әкімшілік жазаның өзге түрін орындау мерзімдері көрсетілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы заңды және негізделген болуға тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау нәтижелері бойынша шығарылған қаулы жазбаша ресімделеді және осындай қаулы шығарған лауазымды адам оған қол қояды не осындай қаулы шығарған лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

ӘҚБтК 744, 745, 746, 747, 748 және 753 - баптарында көрсетілген тұлғалар жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға – шағым жасауы, ал прокурорлар наразылық білдіруі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық олар келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде қаралуға тиіс.

Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарауға кіріскенде: 1) шағымды, наразылықты кім қарайтынын, қандай шағым, наразылық қаралуға жататынын; шағымды, наразылықты кім бергенін жариялайды; шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жата ма, соны анықтайды; егер шағымды, наразылықты қарау оның құзыретіне жатпайтын болса, оларды барлық іс материалдарымен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді; 2) өзіне қатысты іс бойынша қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген тұлғаның немесе оның өкілінің, сондай-ақ шағымды, наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған тұлғалардың келгеніне көз жеткізеді; 3) іс жүргізуге қатысушылардың және олардың заңды өкілдерінің өкілеттіктерін тексереді; 4) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың келмеу себептерін анықтайды және олар келмеген кезде шағымды, наразылықты қарау туралы не шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды; 5) шағымды, наразылықты қарауға қатысатын тұлғаларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; 6) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты, ал қажет болғанда істің өзге де материалдарын жария етеді; 7) мәлімделген қарсылықтар мен өтінішхаттарды шешеді, шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және объективті қарау үшін қажетті өзге де мән-жайларды анықтайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарау кезінде істе бар және қосымша ұсынылған материалдар бойынша шығарылған қаулының, нұсқаманың заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) жаңа фактілерді анықтауға және жаңа дәлелдемелерді зерттеуге құқылы.

Орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған ба, осы тұлға оны жасауға кінәлі ме, ол әкімшілік жауаптылыққа жата ма, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар бар ма, мүліктік залал келтірілген бе, соны анықтауға, ӘҚБтК 741 және 742-баптарында көзделген мән-жайларды, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларды анықтауға міндетті.

Жоғары тұрған орган (лауазымды адам) іс бойынша қосымша материалдарды талап етіп алдыруға, сараптаманың тағайындалуына байланысты және шағымды, наразылықты толық, жан-жақты және

объективті қарау үшін қажет болатын басқа жағдайларда шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыруға құқылы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардан өтінішхаттар келіп түскен не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажеттігі болған жағдайда шағымды, наразылықты қарау мерзімін істі қарайтын жоғары тұрған орган (лауазымды адам) ұзартуы, бірақ он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін. Орган (лауазымды адам) азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде қаралып жатқан басқа істі шешкенге дейін шағымды, наразылықты қарау мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға негіз болған салықтық және (немесе) кедендік тексерулер нәтижелеріне жоғары тұрған органға шағым жасалған жағдайда не мемлекеттік органға іс үшін маңызы бар мәселелер бойынша сұрау салу жіберілген кезде оларды қарау мерзімін тоқтата тұруға міндетті. Мерзімді тоқтата тұру не ұзарту бойынша шешім ұйғарым түрінде шығарылады.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық сотқа және жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) бір уақытта келіп түссе, онда жоғары тұрған органға берілген шағым, наразылық сотқа жіберілуге тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағымды, наразылықты қарап, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) мынадай шешімдердің біреуін қабылдайды: 1) қаулыны, нұсқаманы өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы; 2) қаулыны өзгерту туралы; 3) қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі тоқтату туралы; 4) қаулының, нұсқаманың күшін жою және іс бойынша жаңа қаулы шығару туралы.

Іс бойынша қаулыға, нұсқамаға шағым, наразылық бойынша шешім ол қабылданғаннан кейін дереу жария етіледі және ӘҚБтК 822-бабына сәйкес жазбаша не электрондық құжат нысанында ресімделген шағым, наразылық бойынша қаулы түрінде шығарылады.

Іс бойынша қаулыға, нұсқамаға шағым, наразылық бойынша қаулы ол шығарылғаннан кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде өзіне қатысты іс бойынша қаулы шығарылған, нұсқама ресімделген тұлғаға немесе оның өкіліне, шағым берген жағдайда жәбірленушіге, сондай-ақ наразылық келтірген прокурорға табыс етіледі немесе жолданады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға шағым, наразылық бойынша жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) қаулысына қаулы табыс етілген немесе алынған күннен бастап он тәулік ішінде ӘҚБтК 44-1-тарауында көзделген тәртіппен сотқа шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) және (немесе) шешімімен құқықтары мен бостандықтары тікелей қозғалатын адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы, іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы, сараптама тағайындау және оны жүргізу тәртібі бойынша заңның бұзылуына, өзге де әрекеттерге (әрекетсіздікке) және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудың нәтижелері бойынша және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым (наразылық) бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, шешімдердің қабылдануына жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) алдын ала жүгіну сотқа шағым беру және соттың оны қарауға қабылдауы және мәні бойынша шешуі үшін міндетті шарт болып табылмайды.

Шағымдар ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша шағымдар хаттамаға енгізіледі, оған арыз беруші және шағымды қабылдаған лауазымды адам қол қояды. Тиісті лауазымды адамдардың қабылдауында адамдар баяндаған ауызша шағымдар жазбаша түрде берілген шағымдармен жалпы негіздерде шешіледі. Шағымға қосымша материалдар қоса берілуі мүмкін. Шағым беру шағым жасалып жатқан әрекеттің жүргізілуін және шағым жасалып жатқан шешімнің орындалуын тоқтата тұрмайды.

Адам өз құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өзіне белгілі болған күннен бастап екі ай ішінде жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) және (немесе) сотқа шағыммен жүгінуге құқылы. Шағым беру мерзімін өткізіп алу шағымды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды. Мерзімді өткізіп алудың себептері шағымды мәні бойынша қарау кезінде анықталады және шағымды қанағаттандырудан бас тарту негіздерінің бірі болып табылуы мүмкін. Шағымды қарай отырып, судья немесе орган (лауазымды адам) онда жазылған дәлелдерді жан-жақты тексеруге, қажет болған кезде қосымша материалдарды талап етіп алдыруға, тиісті лауазымды адамдардан, жеке және заңды тұлғалардан шағым жасалып жатқан әрекеттерге (әрекетсіздікке) және шешімдерге қатысты түсіндірмелер алуға міндетті.

Шағым келіп түскен күннен бастап он тәулік ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау мерзімі қажет болған кезде он тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін. Тиісінше хабардар етілген (хабарланған) адамның келмеуі шағымды қарауға кедергі болмайды. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулыға органның (лауазымды адамның) қаулысының көшірмесін алған кезден бастап он тәулік ішінде мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа

шағым жасалуға жатады, оның шешіміне – жоғары тұрған сотқа, ал соттың қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым жасалуы мүмкін, олардың шешімі шағым жасалуға, наразылық білдіруге жатпайды. Шағымды қанағаттандыру туралы қаулыға мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сотқа наразылық білдіруге жатады, оның шешіміне – жоғары тұрған сотқа, ал сот қаулысына жоғары тұрған сотқа наразылық білдірілуі мүмкін.

Қаулы жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне дереу табыс етіледі, ал бұл адамдар болмаған жағдайда, қаулы шығарылған күннен бастап үш тәулік ішінде оларға жолданады. Шағымды қарайтын орган (лауазымды адам) немесе судья өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың, сондай-ақ өзге тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерінің қалпына келтірілуіне дереу шаралар қолдануға міндетті.

Мамандандырылған аудандық соттың және оған теңестірілген әкімшілік соттың және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттың әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысына ӘҚБтК 744, 745, 746, 747, 748 және 753-баптарында аталған тұлғалар шағым жасауы, сондай-ақ прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша ол қайта қаралуы мүмкін.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның, жәбірленушінің, олардың заңды өкілдерінің, қорғаушылардың, заңды тұлғалар өкілдерінің, сондай-ақ өздерінің орталық мемлекеттік, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арқылы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) ұсынуды енгізу және кассациялық наразылық келтіру туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, мамандандырылған сот алқасының төрағасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар кассациялық тәртіппен тексеру үшін тиісті соттан талап етіп алдыруы мүмкі, яғни қолданыстағы заңға сәйкес адвокаттың тікелей кассациялық шағым беру құқығы қарастырылмаған. Ол тиісті өтінішхатты тек прокурор арқылы ғана білдіруі мүмкін. Мұндай жағдай, әкімшілік жауапкершілікке тартылған адамның қорғану құқығын тарылтады, яғни оны мемлекеттің лауазымды тұлғасы болып табылатын прокурорға тәуелді етеді. Демек, бұл заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселесі болып табылады.

## ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 196 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы//Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991ж., №51, 622-құжат.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №531 Заңы// «Егемен Қазақстан» 2004 жылғы 12 наурыз №57-58; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004ж., №5, 24-құжат.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 09.07.2014ж. №132 (28356); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014ж., №13-1, 83-құжат.

«Тағылымдамадан өткен адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы №56 Бұйрығы//«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі 05.03.2015ж.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., №21, 98 құжат.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан», 20.05.2014ж., №97 (28321).

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы//Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А(ІІІ) қабылданған//



туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы №353-І Заңы//Егемен Қазақстан 1999 жылғы 2 сәуір, №63.

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 20 тамыздағы №5 Нормативтік қаулысы//adilet.gov.kz.

Қамаудағы адамдармен қарым-қатынастың ең төменгі стандарттық ережелері//1955 жылдың 30 тамызында Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс істеу жөніндегі БҰҰ-ның Бірінші Конгрессінде қабылданған, 1957 жылдың 31 шілдесінде Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 994-толық мәжілісінде мақұлданған//adilet.gov.kz.

Ақыл-есі кем тұлғалардың құқықтары туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының 1971 жылғы 20 желтоқсандағы Декларациясы//adilet.gov.kz.

Нәсіл және нәсілдік нанымдар туралы Декларация Білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы, Париж, 1978 жыл 27 қараша//adilet.gov.kz.

Құқықтық тәртіпті сақтау бойынша лауазымды тұлғалар тәртібінің Кодексі//1979 жылы 17 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 34/169 қарарымен қабылданды//adilet.gov.kz.

Дін немесе наным-сенім негізіндегі шыдамсыздықтар мен кемсітушіліктердің барлық түрлерін жою туралы Декларация 1981 жылғы 25 қарашадағы Декларация//adilet.gov.kz.

Қамауға алынғандармен қарым-қатынастың негізгі қағидалары Бас Ассамблеяның 1990 жылы 14 желтоқсандағы 45/111 қарарымен қабылданды//adilet.gov.kz.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ// «Егемен Қазақстан» 10.07.2014ж., №133 (28357).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 12.07.2014ж. №135.

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі №176-VI ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 11.07.2018ж., №129(29360).

Мемлекеттік құпиялар туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-І Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999ж., №4, 102 құжат, «Егемен Қазақстан» 1999 жылғы 19 наурыз, №54.

Адвокаттардың рөлі туралы Нью-Йоркте БҰҰ VIII Конгрессімен қабылданған Негізгі Ережелер//adilet.gov.kz.

Қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен қарым-қатынас жөніндегі заңгерлердің рөлі туралы 1990 жылдың тамыз-қыркүйек

айларында Гаванада өткен БҰҰ-ның Конгресі қабылдаған Негізгі принциптер//adilet.gov.kz.

Васьковский Е.В. Основные вопросы адвокатской этики. СПб., 1895.

Ватман ДЛ. Адвокатская этика и нравственные основы судебного представительства по гражданским делам. М., 1977.

Лубшев Ю.Ф. Адвокат в уголовном деле. М.: Манускрипт, 1999

Мельник В.В. Искусство доказывания в состязательном уголовном процессе. М.: Дело, 2000.

Мельниковский М.С. Некоторые вопросы методики и тактики осуществления адвокатом защиты осужденных в порядке надзора. М.: Де-Юре, 1999.

Смирнова ЕМ. Адвокатура / СПб.: Михайлова В.А., 2002.

Адвокатская деятельность / Под ред. В.И. Буробина. М.: Изд. ИНЭПУ. 2001.

Ануфриев В.М. Гаврилов СП. Организация и деятельность адвокатуры в России. М.: Юриспруденция, 2001.

Барщевский М.Ю. Адвокатская этика. М., 2000.

Бородина Г.В. Психология делового общения. М., 1999.

Владимиров Л.Е. Учение об уголовных доказательствах. Тула: Автограф, 2000

Кобликов А.С. Юридическая этика и другая норма. М., 2000.

Лобанов А.П. Правоотношения адвоката-защитника со следователем и лицом, производящим дознание. Тверь: Юрид. лит., 1993

Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в Республике Казахстан. Учебное пособие. - Костанай, 2001. – 258с.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 АДВОКАТУРАНЫҢ ТҮСІНІГІ, МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>5</b>
1.1 Адвокатураның түсінігі, оның маңызы мен қызметі.....	5
1.2 Адвокатураның міндеттері.....	6
1.3 Адвокаттық қызметті ұйымдастырудың нысандары.....	9
1.3.1 Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру .....	10
1.3.2 Адвокаттық кеңсе .....	10
1.3.3 Адвокаттар алқасы .....	11
1.3.4 Заң консультациясы .....	13
1.4 Адвокаттық қызметтің тәуелсіздігінің кепілдіктері .....	14
1.5 Адвокатура қызметінің қағидаттары.....	16
<b>2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДВОКАТУРАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ .....</b>	<b>20</b>
2.1 Адвокатура туралы халықаралық заңнама .....	23
2.2 Адвокатура туралы қазақстандық және корпоративтік заңнама.....	26
2.3 Қазақстан Республикасында адвокатураны ұйымдастыру .....	27
2.4 Адвокаттың құқықтары мен міндеттері.....	34
2.5 Адвокат мәртебесін алу және тоқтату.....	38
<b>3 АДВОКАТУРАНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....</b>	<b>44</b>
3.1 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам .....	44
3.2 Қазақстандағы адвокатура қызметінің конституциялық негіздері .....	46
3.3 Адвокатура - азаматтық қоғамның құралы.....	47
<b>4 АДВОКАТТЫҢ ЭТИКАСЫ.....</b>	<b>49</b>
4.1 Адвокаттың этикасы — заңгер этикасының ажырамас бөлігі.....	49
4.2 Адвокаттық этиканың түсінігі мен мазмұны.....	51
4.3 Клиентпен жұмыс жасау кезінде адвокаттың этикалық ережелері .....	53
4.4 Адвокаттың құқық қорғау органдарымен қарым-қатынас кезіндегі этикалық ережелері.....	54
4.5 Адвокаттың әріптестерімен қарым-қатынас кезіндегі этикалық ережелері .....	56
4.6 Адвокаттық құпия .....	57
<b>5 АДВОКАТТЫҢ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>61</b>

5.1	Адвокаттың дәлелдемелер жинауының құқықтық негіздері.....	61
5.2	Адвокат жинаған дәлелдемелер және олардың мәні.....	63
<b>6</b>	<b>ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДВОКАТ .....</b>	<b>65</b>
6.1	Адвокаттың қылмыстық процестегі қызметінің құқықтық негіздері, олардың маңызы мен дамуы.....	65
6.2	Адвокаттың сотқа дейінгі тергеп тексеру барысындағы өкілеттігі .....	67
6.3	Адвокаттың бірінші сатыдағы сотқа қатысуы .....	71
6.4	Адвокаттың апелляциялық және кассациялық сот өндірісіне қатысуы .....	76
6.5	Алқабилер сотындағы адвокаттық қызметтің ерекшеліктері.....	78
6.6	Адвокаттың жәбірленушінің мүдделерін білдіруі .....	84
<b>7</b>	<b>АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АДВОКАТ .....</b>	<b>86</b>
7.1	Азаматтық процестегі адвокаттың сотқа дейінгі сатыдағы қызметі.....	86
7.2	Адвокаттың азаматтық процестегі сот ісін талқылауға қатысуы.....	91
<b>8</b>	<b>ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ІСТЕРІ БОЙЫНША АДВОКАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....</b>	<b>99</b>
8.1	Әкімшілік құқық бұзушылық.....	99
8.2	Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша процеске қатысуы ...	102
	<b>ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ .....</b>	<b>112</b>



# **Жазбалар үшін**

A series of 20 horizontal dotted lines spanning the width of the page, intended for handwritten notes.



**Жазбалар үшін**

A series of 30 horizontal dotted lines for writing notes.















**Жазбалар үшін**

A series of approximately 40 horizontal dotted lines spanning the width of the page, intended for handwritten notes or a journal. The lines are evenly spaced and extend from the left margin to the right margin.

Алдабергенова Н.А.

Қазақстан Республикасындағы  
адвокаттық қызмет және адвокатура

Оқулық

Пішімі 60x84, 1/16.

Тығыздығы 80 г/м<sup>2</sup>.

Көлемі 7.44.

Тарылымы 1000.

ЖШС «Clover Print House» баспасында басылды

Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 9

тел.: +7 701 925 48 69